

ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах



ТІЛ және ҚОҒАМ

альманах

№2 (56) 2022

Бас редактор

Ә.Қаба

Жауапты редактор

С.Әбілмәжін

*ҚР Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2002 жылғы 27 мамырда
№2993 – ж куәлігі
берілген.*

Құрылтайшы:

*Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті*

Редакциялық алқаның төрағасы

Әділбек Қаба

*ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы*

Редакциялық алқа

Оразкүл Асанғазы

Мемлекет және қоғам қайраткері

Сайлау Батыршаұлы

*Астана қаласының «Мемлекеттік тіл
қозғалысының» төрағасы*

Мұрат Бақтиярұлы

ҚР Парламенті Сенатының депутаты

Дихан Қамзабекұлы

*«Егемен Қазақстан» республикалық газеті»
жауапкершілігі шектеулі серкітестігінің Бас
директоры, ҚР ҰҒА академигі*

Анар Салқынбай

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің профессоры, филология
ғылымдарының докторы*

Алғы сөз

ТАЛҒАТ ЕШЕНҚҰЛОВ

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім вице-министрі

ҰЛТ ҰСТАЗЫ ҰЛЫҚТАЛҒАН ЖЫЛ

Биылғы жылдың есте қаларлық оқиғасының бірі де бірегейі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО аясында аталып өтілуі болды. Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер азаматтарының елінің азаттығы мен өркендеуі жолында заманның сын-қатеріне қарамай жасаған қызметі халықтың рухын оятып, санасына сілкініс әкелді. Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясы жаңғырды. Осындай тағдыршешті тарихи шақта Алаш туы астына жиналып, бір міндет, бір ұран, бір тілекпен ұйысып, ел ісіне өмірін арнаған тұлғаларды ұлықтау – бүгінгі біздің міндетіміз. Ерен еңбегімен ұлтымыздың жазу мәдениетіне, ағарту саласына өлшеусіз үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын әлемдік деңгейде Ұлықталуы сол ұлы іске қосылған үлес болып табылады.

Осындай мерейтойлар, ең алдымен, халықтың рухын көтеріп, мәртебесін асқақтатса, екіншіден, сол тұлғалар туралы ізденіске тың серпін беріп, олардың өмірі мен шығармашылығындағы бізге осы уақытқа дейін белгісіз болып келген тың деректердің жарыққа шығуына мұрындық болып жатады. Әсіресе қиын заманда қилы тағдырды бастан кешіп, саяси қуғын-сүргіннің құрбанына айналған ұлт зиялыларын танытуға үлес қосуда.

Биылғы ұлт ұстазын ұлықтау аясында көптеген республикалық және халықаралық шаралар өткізілді. Бірден айту керек, ахметтанудың жаңа көкжиегі ашылды. Ұлы тұлғаның өмірі мен тарихи бейнесі, еңбектері жан-жақты зерттелді. Халықаралық экспедициялардың нәтижесінде ұлт ұстазы туралы тың деректер ғылыми айналымға түсіп, халқымыздың өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы әлеуметтік, рухани өмірі айшықтала түсті.

Қолыңыздағы «Тіл және қоғам» альманахын парақтай отырып, Ахмет Байтұрсынұлы туралы жазылған құнды мақалалармен қатар, «Әдістеме», «Талғам», «Талқы», «Таразы», «Төл сөз» айдарларынан елімізге белгілі ғалымдардың қаламынан туған мемлекеттік тілдің түйткілдері мен түйіндері төңірегіндегі ой толғамдарын оқи аласыздар.

МӘМБЕТ ҚОЙГЕЛДИЕВ

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика
университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ҚИЯНАТҚА ҚАРСЫЛЫҚ

*Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған
халықаралық конференцияда оқылған баяндама.*

Париж қаласы, ЮНЕСКО штаб-пәтері. 4 қазан, 2022 жыл

XVIII ғасырда Франция әлемдік дамуға жаңа серпін берген үндеу жолдады. Ол бүгін де маңызын жоймаған үш-ақ сөзден тұрды. Олар: Азаттық, Теңдік және Ағайындық. XIX ғасырдың ортасында бұл сиқырлы сөздер британиялық геосаясаткер Хэлфорд Маккиндер «Хартленд» (географическая ось истории) атаған еуразиялық континентке де келіп жетті.

Бүгін ЮНЕСКО-ның ресми орталығында 150 жылдығы аталып отырған халқымыздың ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлының XX ғасырдың екінші он жылдығында шығып тұрған «Қазақ» газеті Азаттық, Теңдік және Ағайындық сөздерін ағартушылық қызметінің өзекті тақырыбына айналдырды.

Осы ретте: «Ахмет Байтұрсынұлы кім, оның Орталық Азия, жалпы адамзат мәдениетіндегі орны туралы не айтуға болады?» - деген мәселеге тоқталу парыз. Шығармаларын түрік және парсы тілдерінде жазған біздің жерлесіміз, ұлы ғалым Мұхаммед Мырза Хайдар мәдениетте, ғылымда шекара жоқ дейді. Яғни бүгін біз игілігін көріп, пайдаланып отырған мәдениет те, ғылым да бүкіл адамзат еңбегінің жемісі. Осындай ортақ ұлы игілікке жету үшін әрбір халыққа азапты қалыптасу және ұлттық бірегейлігі (идентичность) үшін күрес жолынан өтуге тура келді.

Ахмет Байтұрсынұлы – Орталық Азия елдерінің тарихындағы ағартушылық кезеңнің өкілі. Еуропа халықтары бұл процесті XVII-XIX ғ.ғ. басынан өткерді. (Кстати американский ученый Стивен Фр. Старр. Центраз. регион (IX-XII в.в) называет одним из очагов просвещения до одноименной эпохи во Франции. Это проявление уважения к исторической правде).

А.Байтұрсынұлының қызметіне байланысты мен қысқа болса да орта азиялық ағартушылықтың мұңлы тағдырына тоқталуға мәжбүрмін. Орталық Азия елдері өткен XX ғасырдың басында, яғни өзінің көп ғасырлық тарихында екінші мәрте ағартушылық процесін басынан өткерді.

Әлемдік өркениетке ағартушылық процесі орта ғасырлық сана және

құлдық көзқараспен күрестен басталып, ұлттық сана мен ұлттық ғылым және әдебиет тілінің қалыптасуымен аяқталған. Өткен ғасырдың алғашқы он жылдығында бұл процесс барлық ортаазиялық елдерде, сол сияқты қазақ елінде де жүрді. Өкінішке орай бұл процесс өзінің табиғи қалыптасу және өніп-өсу кезеңдерін толық жүріп өте алмады. Енді ғана басталған сәтінде сырттан дөрекі араласудың нәтижесінде күшпен сөндірілді. Бар болғаны жиырма жылға жетер-жетпес уақытқа созылды. Ағартушылық идеясы мен практикасын өмірге әкелген интеллектуалдар буынының сталиндік репрессия құрбаны болуы ұлттық сананың дағдарысқа түсуіне алып келді. Отарлық тәуелділікте болмаған халықтар мұндай қайғылы жағдайды бастарынан кешірген емес.

Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында жаңа қарқын алған жалпытүркілік ағартушылықтың негізгі тұлғаларының бірі. Оның қазақ тілінің алфавиті мен грамматикасын, тіл және ұлттық әдебиет теориясын жасауы қазақ ағартушылығының тәжі есебіндегі құбылыс ретінде мойындалған. Қазақ азаттық қозғалысының лидері Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ ұлтына атқарған қызметін Кирилл мен Мефодидің, Новиков пен Радищевтің славян және орыс халықтары үшін атқарған қызметімен теңгеруі ұлы ағартушының жалпытүркілік мәдениеттегі орнын анықтау ғана емес, сонымен бірге оған көрсетілуге тиіс құрметті абақты азабына ауыстырған саяси жүйеге айтылған қарғысы да еді.

А.Байтұрсынұлы өзін ағартушылық қызметтегі педагог санады. Сонымен бірге отарлық езгідегі халықтың перзенті ретінде елін тәуелділіктен құтқаруды көздеп, жұмысын режимге қарсы саяси идеялармен ұштастырды. Мақсатқа ұлттың мәдениеті мен санасын көтеру арқылы ғана жету мүмкін деген сенімде болды.

ХХ ғасыр басында өзгерістер жолына түскен қазақ елін үш ұлы күш – білімді зиялылар, олардың аузымен айтылған дәлелді сөз, сондай-ақ осы екеуін қазақ қоғамымен жалғастырған мерзімді басылым – елдің өмірін өзгертті, оны жаңа сапаға көтерді, санасында үміт отын жақты. Осы процестің басында Ахмет Байтұрсынұлы, ол басқарған ұлттың ақыл-ой орталығына (умственный центр народа) айналған «Қазақ» газеті тұрды.

Қазақ қоғамында басталып кеткен қозғалыс барлық көріністермен ұлт-азаттық сипат алып, күн тәртібіне ең өзекті деген екі мәселе қойылды: біріншіден, қазақ жерін отарлау процесіне шек қою, екіншіден, метрополияға қазақты мемлекетті ұлт дәрежесінде мойындату болды.

Міне бұл екі доминантты мәселе жалпы империялық күшке айналған боль-

шевиктер партиясы мен қазақ азаттық қозғалысы басшылығы арасындағы өзара бітіспес қарсыласу тақырыбына айналды.

1. Ресейлік марксистер адамзат тарихы – бұл тап аралық күрес тарихы, өз ретінде ол пролетариат диктатурасының орнауына соқтырмай қоймайды деген ұстанымды басшылыққа алып, билікке келген бетте тап аралық қарсыласуды империя құзырындағы барлық халықтардың өміріне күшпен енгізу жолына түсті.

2. Өз ретінде Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы бастаған азаттық қозғалыс басшылығы коммунизм идеясын қазақ қоғамына мезгілсіз жеткен «жат идея» (чужая гостья) есебінде бағалап, оған антиколониалдық күрес арасында тұрған халықтарды әлсіретуге соқтыратын арандатушылық (как подбивная деятельность!) әрекет есебінде сезіктене қарады.

А.Байтұрсынұлы қазақ жерінде социалистік қоғам құру идеясын қабылдаған жоқ. Большевиктер ойластырған қоғамдық қатынастар жүйесіне өтуге қазақ қоғамының даярлығы жоқ деп санады. Сол сияқты Советтік орталықтың Қазақстанда орнатқан билік түрін қазақ ұлтының негізгі сұраныстарына жауап бере алатын билік жүйесі ретінде мойындаған жоқ.

А.Байтұрсынұлы Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленинге жолдаған хатында: «Қазақтарға не керегі анық және түсінікті. Ғасырлар бойы империялық езгіде болған халық өз билігі өзінде болғанын қалайды», - деп жазды. Саяси билікке қатысты өз ұстанымын білдірумен бірге ол Кеңес өкіметінен өзі жақсы білмейтін елде радикалды әлеуметтік реформаларды жүргізбеуді талап етті. Өкінішке орай, кеңестік орталық толық негізді бұл ескертулерге құлақ асқан жоқ.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы жүріп өткен жол бұл халық өміріне жасалған қиянатқа төзбеушіліктің және оған көрсетілген ымырасыз қарсылықтың үлгісі. Ол өзі саналы түрде таңдап алған бұл өмірлік жолы туралы «ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деп жазды. 1929 жылы Мәскеуде өткен тергеу процесінде өмірлік идеалын мынадай сөздер арқылы білдірді: «Менің өмірлік ұстанымым – қазақ халқының мәдениетін көтеруге мүмкін болғанша жағымды жағдай туғызу. Өйткені осы жол ғана оның өніп-өсуіне кепілдік бере алады. Осы іс қандай өкіметтің қолынан келсе мен сол билікке разы болмақпын». («Мой идеал это всемерное повышение культурного состояние казахского народа, т.к. в этом залог его развития и какая власть это сможет обеспечить, той я и буду доволен»).

А.Байтұрсынұлы бастаған интеллектуалдар буынының мәдениет және саяси күрес тарихынан ысырылғанына міне жүз жылға жуық уақыт өтті.



Олар жүргізген күрестің өміршеңдік сипатына қатысты кейінгі уақыт нені көрсетті? 1928-1933 ж.ж. қазақ жерінде орын алған аштық, халықтың жартысына жуығының осы нәубеттен қырылып қалуы, большевиктік билік тарапынан жергілікті ерекшеліктерді ескерусіз қалдырып, халықтың қалыптағы өмірін радикалды реформалар арқылы тез арада өзгерту әрекетінің қате болғандығының дәлелі еді.

Ал жоғарыда қойылған сауалға қысқа жауап берер болсақ, онда сөзімізді «халқының болашағына байланысты Ахмет Байтұрсынұлы мен оның идеялас серіктері тура жолда тұрды» деген жауаппен аяқтаған болар едік.

ЖАНТАС ЖАҚЫПОВ

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛТАНУЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ АДАМӨЗЕКТІ ТҰЖЫРЫМДАР

Қазіргі тіл біліміндегі жаңа өлшем (парадигма деген мағынада) **антропоцентризм** болып тұр. Антропоцентризм – екі сыңардан тұрады: антропо-адам, центр-орталық біріккен сөз. Бұл – антропоцентристік зерттеулерге адам өзек етіледі деген сөз. Осы функциясына орай бұл терминді тіліміздегі дағдылы біріккен сөз *адамзат* сөзінің жасалуын үлгі етіп *адамөзекті* (антропоцентристік), *адамөзектік* (антропоцентризм) деп аударсақ, антропоцентризмнің мағыналық баламасы болып шығады.

Адамөзекті тілтанудың салалары әралуан: когнитивтік тілтану, психологиялық тілтану, коммуникативтік тілтану, лингвомәдениеттану т.б. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанулық мұрасынан осылардың лингвомәдениеттану және психологиялық тілтану жөніндегі тұжырымдарын сипаттап көрейік.

Лингвомәдениеттану тіл білімі мен мәдениеттанудың тоғысуынан пайда болғандықтан, халықтың мәдени қазынасын, олардың қолданылу жүйесін зерттейтін тіл білімінің саласы ретінде көрінетіні белгілі. «Лингвомәдениеттану – лингвистика мен мәдениеттану түйісуінен пайда болған тілде бейнеленген және бекіген халық мәдениетінің көріністерін зерттейтін ғылым» [1, 9]. Ахмет уәждері осыған сәйкес келеді.

Бұл жерде біз лингвомәдениеттанудың қағидалары мен ұстанымдары туралы, олар белгілі жайт болғандықтан, тоқталып жатуды артық көреміз. Мақсатымыз: Ахмет Байтұрсынұлының осы төңіректе қандай ойлары бар екенін көрсетіп беру. Ол ойларды талдап, сынаудан да бас тартамыз, таныстыруды көздейміз.

А.Байтұрсынұлы «мәдениет» деген ұғымға кең ауқымда қарайтыны байқалады. Бұл лингвомәдениеттанудың мынадай сипатына қайшы келмейді: «Мәдениет – тек тілдің қызмет етуіндегі өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін зерттейтін, бұл үдерісті жүйелі әдістер көмегімен және қазіргі құндылықтар мен мәдени анықтамаларға бағытталған тілдік және тілдік емес мазмұн бірлігін де біртұтас бірліктер құрылымы ретінде бейнелейтін жинақтаушы түрдегі кешенді пән» [2, 47].

«Біздің заманымызда тірліктің ең жақсы тірегі мәдени тірек екеніне, сон-

дықтан қазіргі озық мемлекеттерде мәдени тірекке сүйеніп өмір сүретініне, менің ойымша, еш дау жоқ. Шындығында, мәдениет әлсіз жерде жерге егін аз шығатынын, машиналар жұмысты нашар істейтінін, өнеркәсібі мен саудасы аз дамитынын, аурумен, өлім-жітіммен күресу табыссыз болатынын, табиғат аз бағынатыны, тіптен бағынбайтынын, табиғаттың дүлей күштері адамдар үшін апат пен қайыршылық әкелетінін кім теріске шығара алады!? Біздің заманымызда мәдениет – өмірдің ең қатты қажеті. Мәдениетке сүйенбеген өмір түрлі кездейсоқтыққа ұрына беруге мәжбүр. Мысалды алыстан іздемей-ақ табасыз. Жадымызда 21-22-жылдардың аштығы әлі жаңғырып тұр. Оған дейін қаншама рет аштыққа ұшырадық. Ресей өмірінде ондай аштық жиі болады. Сансыз да шексіз табиғи байлық тұрғанда мұндай құбылыстың болуын немен түсіндіреміз? Әрине, жұрттың мәдениетінің аздығымен. Екі жыл сайын қатарынан қайталанып тұратын құрғақшылық диқандарды жабайы халге қайта әкеп соғады, жайсыз қыстың бір өзі-ақ мал шаруашылығын осындай халге түсіреді. Бұл – елімізде мәдениеттің табиғатты бағындыра алмаған қауқарсыздығын айқын көрсетеді. Егіншілік пен малшылықтың мәдени түрі жоғары болса, бұл айтылған жайлар болмас еді» [3, 579].

Мәдениеттердің тоғысуы, ықпалдасуы Ахметтің көрсетуінше былай болады: «Қазіргі мәдениет әлдебір ұлттың я нәсілдің жасаған нәрсесі емес, бүкіл адамзаттың бірлесе жұмсаған күші мен дағдыларының нәтижесі. Әр ұлттың мәдениетінде, өзінің жасағанынан басқа, сырттан кірген нәрселер де болады, ал олардың мәдениетінің араласуына достық пен жақтырмаушылық жағынан әр түрлі болып келетін қарым-қатынастары ықпал етеді. Мәдениетте ауыс-түйіс бір ұлтты екінші бірі бағындырған кезде әрі халықтар бір-бірімен бейбіт қарым-қатынас жасаған кезде болады. Мұндайда дін, салт, қоғамдық ұйымдардың ұқсас түрлері, әдет-дағды, инстинкт, психологияның т.с.с. жақындығы сырттан ену процесін және мәдениеттердің араласуын жеңілдетеді» [3, 579-580].

Ахмет дәуірінде мәдениетіміздің дамуына не кедергі болғанын ғалым ашық айтады: «Мәдениет тірі табиғаттағы жаратылыс дамуының жалғасы ретінде өзінің дамуы үшін жайлы жағдайдың болуын талап етеді. Дәл осындай жағдай Ресейде тұратын түркі халықтарында болған жоқ. Түркілер әлденені алып қабылдайтын жалғыз ғана халықтың бұлармен тұрмыс түрінде ешқандай ұқсастығы жоқ, оның үстіне үстемдік етуші, бұратаналарға қатысты орыстандыру, православтандыру, құлдыққа салу саясатын ұстанатын үкімет басшылары бар халық болып шықты. Осының салдарынан үкіметке мүлдем сенбеушілік және орысқа қатысты атаулыны, сонымен қатар орыс мәдениетін жақтырмаушылық шықты. Екінші жағынан алғанда, діни төзімсіздік ру-

хын бойына жинап үлгерген кейбір түркі халықтары мұсылмандыққа жатпайтынның бәрін де жатсынатын, мұсылмандық атаулыға құлша еліктейтін болды. Бұл да олардың өздерінің мәдениетін, айталық, әдебиетін дамытуға кері әсерін тигізді» [3, 580].

Ал мәдениеттердің ықпалдастығы бұл заманда қандай болғанын мына тұжырымнан анық көреміз: «Орыс рухани мәдениеті орыс үкіметінің саясатының кесірінен соңғы он жылға дейін Ресейдегі түркі халықтарының рухани өмірінің өркендеуіне ешқандай ықпал жасаған жоқ» [3, 580].

Демек, Ресей мәдениетінен жақсылық көрмеген екенбіз, алайда «Ауыс-түйіс түркілердің өз арасында ғана болды. Дәл осы тұста болмыстың мен айттып өткен ұқсастықтары көмекке келді. Түркі халықтары бірі бірінен рухани мәдениетті орыстан алғаннан гөрі оңайырақ қабылдап жатты, бірақ олардың бір-бірінен алар ештемесі болмады. Ауысып-түйісуге жарайтыны тек қана дін ілімі мен жазу ғана болды» [3, 581].

Қазіргі лингвомәдениеттану мамандары даму кезеңдерін төмендегідей белгілейді:

1. Тіл мен мәдениеттің арақатынасы, астарластығын бағамдайтын лингвомәдени көзқарастардың, лингвомәдениеттанымдық ізденістердің бастау алу кезеңі;
2. Лингвомәдениеттанудың жеке сала ретінде қалыптасу кезеңі;
3. Зерттеу нысаны, ғылыми ұстанымдары мен межелері, теориялық тұжырымдары нақтыланған лингвомәдениеттану ғылымының пайда болу кезеңі [1, 28]. Осының бірінші кезеңі түркі кеңістігінде Ахмет еңбектерінен басталатын сияқты.

Ғалым 1926 жылы Бақы қаласында өткен Бірінші бүкілодақтық түркітанулық сиезде қазақ терминологиясының қағидаты жөніндегі баяндамасында түркітанушылар арасында алғашқы болып лингвомәдениеттануға бастау тірек болатындай ойлар айтты. Ол ойлар орыс тілінде айтылған еді. Соны қазақшалап береміз: «Мәдениеттің қай саласы болсын рухани өмірмен дәл тіл сияқты тығыз байланысты бола алмаса, дінмен және жазумен бірге діни және дүниеауи мазмұндағы әдебиет те ене бастады, мұнымен бірге елеусіз түрде жат тілден сөздер де енді. Тілдер бірте-бірте шұбарланып, тілдегі табиғи оралымдар мен қалыптар жоғалуға айналды; бір сөзбен айтқанда, төл тілдер барынша ластанып шыға келді. Мұндай сордан діни мен жазба әдебиеті тамырын тереңге жаймаған түркі халықтары ғана құтыла алды. Мәселен, қазақтар мен қырғыздарда діннің рухани құлдық ықпалы болған жоқ, ал діни әдебиет бұлардың арасында көп таралған жоқ. Осының арқасында тіл өзінің табиғи даму жолында болды.

Ресейдегі түркі халықтарының мәдениетінің дамуына олардың діни және дүниеауи өміріндегі кіріптар халы кесірін тигізді. Енді, қандай да бір құлдықтан босаған кезде, түркі халықтары қазіргі мәдени өмірдің барлық жақтарын қабылдауға ұмтылып отыр. Жоғары мәдениеттің рухани және материалдық нәрселерін қабылдағанда олар ұғымдарды да, идеяларды да қабылдауға тиісті болады.

Осы ұғымдар мен идеяларды бейнелеуге ана тілі лексиконы тіптен жетпейді. Бүкіл түркі халқының алдында жоғары мәдениеттен қабылдаған ұғымдар мен идеяларды бейнелеу үшін жат тілден сөзді я солайымен алу, я өз тілінің лексиконын бейімдеу міндеті тұр, яғни тіл терминологиясын жасап шығару міндеті тұр.

1905 жылғы революцияға дейін бізге, қазақтарға, ана тілінде баспа ісін жүргізуге ешқандай рұқсат берілген жоқ. Осы революциядан кейін ғана қазақ тілінде кітапшалар, журналдар, газеттер, оқулықтар шыға бастады. Сонымен қатар қазақ тілінің табиғатын фонетикалық және грамматикалық жағынан зерттеу, фонетика талаптарына сай әліпбиді реформалау, грамматика түзу жұмыстары жүріп жатты. Қазақ тілі аз ғана уақытта, бір сөзбен айтқанда, қолданғанда өзінді саналы түрде бақылауға мүмкіндік беретін, өңделген, айқын түр қабылдай бастады.

Біз, қазақтар, өзіміздің баспа сөзіміз шыға бастағаннан-ақ басқалардан өзгеше принципті ұстандық. Біз үнемі бұқара халық жағын ескеріп отырдық та аз ғана сауаты бар қазаққа да, солар арқылы сауатсызына да әбден түсінікті етуге талпындық. Қалың жұртқа тасталған әрбір ойды әрбір адам іліп әкете алатындай етуге, бұқара білімге қызығатындай етуге, айналадағы болмысты дұрыс түсінуге, санасын қуаттанатындай етуге тырыстық.

Осы мақсатқа жетуге қажет алғашқы шарт деп шығармалардың тілінің бұқара халыққа түсінікті болуын санаймыз. Осыған орай бұрын халық ойында болмаған, ендігі жерде қазақ сөзімен еріксіз жамылтуға тура келетін ұғымдар мен идеяларды ана тілінде білдіруге тура келді.

Өмірдің мәдени жағы өркендеуімен және баспа сөздің өрбуімен байланысты терминдерді біріктіруге керекті айрықша ағза жасауға тура келді; мұнсыз сол бір ұғым әр түрлі құрылымда әр түрлі сөзді жамылып шыға келер еді. Бірегей терминология жасап шығару үшін, тіл шұбарлаудан аулақ болу үшін бізде Академиялық орталықта құрылған арнайы комиссия белгілі бір принциптерді қатаң ұстануға тиіс болды. Бұл принциптер 1924 жылғы маусым айында Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының бірінші сиезінде мақұлданып, қабылданды. Ол принциптер мынадай:

а) Терминдерге басқа тілден гөрі осы ұғымға толықтай сәйкесетін қазақ

сөзін алу керек. Бұл тілдің жікке бөлінуінен сақтану үшін жасалады, яғни, жоғарыдағылардың тілі және төмендегілердің тілі, сауаттылардың тілі және сауатсыздардың тілі деген жік шықпау үшін керек. Біздер, қазақтар, үшін бұл – өте маңызды жайт: сауаттылардың үлесі аз, жұртқа арналып ұйымдастырылатын қоғамдық оқулар мен дәрістер әзірше жоқ; тыңдаушылар да, оқушылар да толық мәнінде кездейсоқ адамдар. Баспадан шығатын газет, журнал, кітапшалар сияқтыларды оқу, кім шығарса да, қайдан шығарса да, пайда әкелер еді, тіл қалың көпшілікке түсінікті болуға тиісті. Осылай болғанда ғана үлесі аз сауатты адамдар саны көп сауатсыздарға қызмет ете алар еді.

ә) Қазақ тілінде ондай сөз жоқ болса, қазақ тіліне туыс тілдерден алу керек. Бұл мынадай ниет, себеппен жасалады: 1) туыс тілдердегі сөздердің көбі ортақ пішінде болмайды, бірақ түбірлері ортақ болады; демек, олар түсінуге де оңай әрі естілуі мен айтылуы да туыс емес тіл сөздеріндей бөтен емес; 2) түркі халықтары бір-бірімен үнемі қатысып тұрды, қатысып тұрады да, сондықтан сөздерінің түбірі ортақ болмаса да, басқа түркі тілінің өкілдеріне таныс болуы әбден мүмкін.

б) Ортақ қолданыстағы әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ қазақ тілінің табиғатына тән етіп өзгертіліп енгізіледі. Мұндай терминдерді ауыстыратын қазақ сөзі бар болса, қоғамға таңдау хақысын беру үшін екеуі де орналастырылуға тиіс. Ортақ қолданыстағы терминдер деп біз араб терминдерін емес, жалпыға тараған еуропалық терминдерді ұғамыз. Бұларды араб терминдерінен гөрі басым етіп отырған себебіміз – біз араб мәдениетіне емес, еуропалық мәдениетке тартылып отырмыз. Еуропа мәдениетінің жетістіктері еуропалық тілдің өзімен толық түрде бейнелене алады. Алайда кірме терминдер қазақ айтылымына бағынуға тиіс, яғни оларға біздің тілдің дағдылы артикуляциясынан келіп шығатын дыбыстық заңдары қолданылуы керек. Шет ел сөздерін өзіміздікі ету үшін бұл қажет.

в) Қазақ тілінің табиғатына үйлеспейтін басқа тіл сөздері қазақ айтылымына сәйкес нақты өзгерістерге түсірілуге тиіс. Бұл мынаны білдіреді: біріншіден, басқа тіл сөздерінің қазақ тіліне бөтен дыбыстары тиісінше қажетті дыбыстармен алмастырылады; екіншіден, басқа тіл жұрнақтары қазақ тілі жұрнақтарымен алмастырылады; үшіншіден, қосар дыбыстар кәдуілгі жай түрде қабылданады; төртіншіден, қазақ тіліне бөтен жұрнақтар тіл талабына сәйкес айтылым ыңғайына қарай өзгертіледі, мысалы: Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовской – Адамау т.с.с.

Тілді шұбарлаудан сақтайтын принциптің арқасында біз, қазақтар,

қазіргі уақытта бірегей қазақ тіліне ие болып отырмыз, басқаша айтсақ, тіліміз халықтық және әдеби, қарапайым халық тілі және зиялылар тілі деп жіктелмейді. Бұлай болмағанда біздің тіліміз бұрыннан баспа сөзі бар басқа түркі тілдеріндегідей халге тап болар еді. Анадолы түріктері мен әзірбайжандықтардың бұқара халқы қалай сөйлейтінін мен білемін. Егер олар жазатын тілінде сөйлейтін болса, түркілігінен қалар нәрсе аз ғана болар еді. Олардың әдеби тіл деп аталатын тілінде түркілік сипат маған түте-түтесі шыққан, жарымжан, жат сөздерді барынша салбыратып ілген құр грамматикалық қаңқадай болып көрінеді. Анадолы түріктері мен әзірбайжан тілдерінен кейінгі алабажақ тіл, меніңше, бұрыннан жазба әдебиеті бар татар тілі. Бұл тіл де варваризмдерді қиянатпен пайдаланған тілдердің бірі. Маған өзбек тілі де жеткілікті шамада ластанған тіл болып көрінеді. Қырым әдеби тілі де осындай. Башқұрт тілінде әдеби тіл енді ғана пайда болып келеді, соған орай олардың варваризмдерден қорғануға деген ұмтылысы байқалады. Түркімен әдебиеті де осы жолға түсті. Жат тіл ықпалынан, варваризмдерден босап тұрған тілдің бірі қырғыз тілі болып отыр, олар әдеби тіл түзуде біздің қазақ тіліндегі принциптерді ұстанып отыр.

Қорыта келгенде, біздің әдеби тіл негізіне салынған принципімізді дұрыс деп табатынымды айтуым керек, өйткені бұл – баспа сөзін халық бұқарасына түсінікті етудің ең сенімді жолы. Ал баспа сөзі, тезистерде айтқанымдай, бұқараның мәдени деңгейін көтеруде аса маңызды қызмет атқарады. Өз мәдениетіміздің деңгейін біз жоғарыдағылардың жинаған білімінің сан-мөлшерімен емес, білімнің төмендегі бұқараға жайылған көлемімен өлшеуге тиіспіз. Шаруашылық пен бәсекелестіктің қазіргі заманғы дүниежүзілік сипат алып тұрған кезінде жоғары мәдениетсіз тірлік ету үшін күресу – қаруы жоқтардың қаруы барлармен соғысқаны сияқты нәрсе. Қарекеттің кез келген саласында жетілген техника мен арнаулы білім болу керектігі күн өткен сайын айқындалып келеді. Барша жұрттың мәдениет деңгейі биік болса ғана қазіргі қоғамдық-шаруашылық жағдайды дұрыс та табысты көтеруге болады. Біздің заманның ерекшелігін көрсететін ірі өнеркәсіп жұмысшылардың мәдени деңгейінің жоғары болуын талап етеді. Біздің әл-ауқатымыз бен аман-саулығымыздың тірегі ауыл шаруашылығы ауыл жұрты мәдениетінің жоғары деңгейде болуын талап етеді. Әр түрлі «заялар» мен «циялар» – советизация, колонизация, электрификация, индустриализация секілділердің бәрі бұқараның белсенді қатысуын талап етіп отыр, бұқара ақыл-санасының икемді де ширақ болуын керек қылып тұр, ал мұндай қасиеттер, адам дене еңбегімен ғана шектелсе дамымайды. Білім мен еңбек – сол бір үдерістің сәт сайын

өрімдесіп тұратын, бір-бірінен ажырамайтын екі жағы. Білім – адамның белсенді мақсаттарға жұмсайтын құралы, білімсіз бұқара қоғам құрылысына белсенді қатыса алмайды, енжар болады. Бұқараны біліммен қаруландыру ісінде дұрыс жолға қойылған баспасөзі үлкен қызмет атқарады, сондықтан ең алдымен сол – халыққа түсінікті болуға тиіс. Бұл бір. Екіншісі тағы бар. Біз, түркі халықтары, көбіміз жоғары мәдениетті халықтардан кейін қалып тұрмыз, олармен әзірше прогресс жолында қатарласа, тізе қосып жүре алмаймыз. Олардың тұрмысындағы көптеген нәрсе мен жоғары мәдениеттеріне біздің бұқараның әзірше қолы жетпейді. Біз жоғары мәдениетті халықтардан тіл өзгешілігінің қалың қабырғасы бөліп тұр, бұл – еуропалық мәдениетке қосылуға ұмтылғанымызда еркін қозғалуымызға көп ретте бөгет болады. Түркі халықтарының мәдени күштері мен мәдени деңгейлері бірдей емес. Бір түркілер мәдени дамуда озық болса, екінші бірі кейін қалуы мүмкін. Олардың бірі бірінің ең болмағанда рухани саладағы жетістіктерін пайдалануы үшін баспа шығармалары бір-біріне түсінікті болуы керек. Осы бағыттағы алғашқы қадам түркі тілдерін варваризм үстемдігінен босату болар еді. Меніңше, түркі халықтары терминологиясы мен әдеби тілін жасауда қазақ тұрғысына тұрса, дұрыс болар еді. Осы жолмен олардың әрқайсы жат сөздің масылынан арылып, жат тілдің ықпалынан болған ластықты тазалап өздерінің баспа сөзін өз халқына да, басқа түркі халықтарына да түсінікті етер еді» [3, 581-585].

Ахмет Байтұрсынұлының дингвомәдениеттануға қатысты бір ойлары татар тілінде «Біздің юл» журналында жарияланған «Ғалымжан Ибраһимов түркі-татар ойшысы, түркі-татар білгірі, түркі-татар жазушысы» деген мақаласында айтылған. Сол мақаладан үзінділер келтірейік: «бір халық екінші халыққа түрлі жағымен жақындасады, түрлі жақтан байланысады, жалғанады, қандай халық болса да бірінің мәдениетінен бірі пайдаланып, бірінен бірі өрнек көріп, үлгі алып алға басқаны мәдениет тарихынан белгілі. Сол бірінен бірі үлгі алып пайдалану екі халық арасында тұрмыс жағынан, ғұрып-ғадет жағынан, тіл жағынан жақындық болумен де бек нық байланған. Сондай жақындық болғанда ғана бірінен бірі пайдалану жеңіл болады, – ондай жақындық болмаса, пайдалану аз болады. Сол каноннан түркі халықтары да құтыла алмаған һәм құтыла алмайды да. Бірақ бұлардың арасы жақын болғандықтан «оң қол бергенді солы білмей» қалып, өз араларындағы ықпал-әсер сезілмей қалады. Мысалға біздің қазақ халқын алсақ, маңындағы халықтан әрқайсының жақындығына қарай пайдаланғаны көрініп тұрады. Қазақтың маңындағы халықтың ең мәдениеттісі неміс, онан соңғысы орыс, оның артында татар мен өзбек тұрады. Қазақ халқы солардың мәдениетінен пайдаланғанда азынан аз алып, көбінен көп алып пайдалан-

ған жоқ, бәлкі жақындығына қарай пайдаланды. Неміс мәдениетінен қазақ, түркі де алған жоқ. Орыс мәдениетінен өз еркіменен алғаны – егін себу. Татар мен өзбектен алғаны: өзбек қазаққа ишан берді, татар мұғалім берді» [4].

Түркітілдес елдердің лингвомәдени ықпалдастығы туралы тұжырым да осы мақалада айтылған. Қараңыз: «арасында жақындық бар халық біреуі алға басса, басқалары да сонан үлгі алып алға ұмтылады екен, біріне бірі ықпал жасайды екен. Енді осы ықпалды һәм жақындықты үзбеске нендей шаралар бар? Мәселе сонда. Жолдың түрлі жаққа қарай таралуы сол жерде. Біреулер түркі халықтарының арасы ерекшеленбес үшін тілі бір болу керек дейді. Тілі бір болу үшін мәдениеті төмендері өз тілдерін тастап, мәдениеті жоғары болғандарының тілін қолданып, сол тілмен оқытып, сол тілмен әдебиет тудырсын дейді (*Атақты Гаспринский 30 жыл бойы осы пікірді таратты. Жамал Вәлидиде де сондай ой бар еді. ("Татар әдебиетінің барысы" деген кітабын қараңыз) Бірақ бұлардың таратқан пікірі еш бір жеміс бермеді. Қазақ өз алдына әдебиет тудырды. Башқұрт, қырғыз сияқты саны аз халық та совет өкіметі арқасында өз тілін тірілтіп, өз әдебиетін қадам бастырды*). Біреулері түркі халықтарының тілдерін бірлестіру, әуелі, мүмкін болатын іс емес, екіншіден, мүмкін болғанда да оған көп күш пен көп іс керек, ол ешбір түркі халқының қолынан келмейді, мақсат түркі халықтарының бәрін де бір тілде сөйлестіру емес, бірінен бірі үлгі алып, мәдениет жолында бірінен бірі пайданарлық ету, ол үшін тілін бірлестіргенше, бірінің әдебиетін екіншісі аңдарлық болса жетеді» [4]. Демек, бұл тұрғыда ғалым этнолингвомәдени тұрғыны жақтағаны байқалып тұр.

Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынұлын қазақ лингвомәдениеттануының бастауында тұрған ғалым екенін дәлелдейтін айғақтар, уәждер бар. Осы жолы екі-үшеуімен шектелеміз.

Идеологиялық субъективизм кесірінен жанданып, дамытылмай қалған бірегей тұжырым бар. Ол – Ахмет Байтұрсынұлының: «... ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» - деп сөйлемге тауып белгілеген талабы. Психология мен тіл білімінен хабардар адам мұндағы «ауыздан шыққан сөз», «айтушы», «ой», «тыңдаушы», «ұғарлық», «түсінікті болып айтылған» деген ұғымдарды сөйлеу іс-әрекетінің психологиясынан да кезіктірер еді. Бірақ, қазақ кеңес тіл білімі мұны «жылы жауып» қойды да, «сөйлем дегеніміз – аяқталған ойды білдіретін синтаксистік тіркес» деген анықтаманы дәлелдеуді, өзгертуді қажет етпейтін қасаң қағидаға (аксиомаға) айналдырды [5, 264].

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде әдебиетті сөзді

іске жарату тұрғысынан қарайды. Сол себепті де оның пікірлері психолингвистиканың, оның келелі мәселесі ділдік лексиконның қазақ филологиясындағы бағдарламасындай әсер етеді:

«Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге.

Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ондағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – тую, талғау.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің туюін түйгенінше айтуға жарау». Мұнан соң ғалым ділдік лексиконның тұғырлы нысандарын айқындайды: «... жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады. ...Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білу қажет.

...Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады» [6, 10-17]. Көріп отырғанымыздай, жеке адамның тілді жаратуы психолингвистиканың бір саласы сөз саптау (производство речи) мәселесімен ұласып жатады.

А.Байтұрсынұлы мұрасында ділдік лексиконның нақты негіздерін көрсетіп беретін пайымдамалар баршылық. Мына бір пайымдаманы ділдік лексиконның қазақ тіл біліміндегі алғашқы ғылыми түсіндірмесі дегуге әбден болады: «Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады (қоюлатқан біз. – Ж.Ж.). Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?»

деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Сол сияқты, әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысы әр түрлі қолданады. Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөздер сол адамның тілі болады» [6, 18-19].

Ғалым ділдік лексикондағы сөзді тану үдерісінің жалпы сипатын беруде айтушының айтатын нәрсені жетік білуі керектігін, себебі адамның мұндайда «ашық» сөйлейтінін, ал толық таныс емес сөзді «көмескі, күңгірт» баяндайтынын басшылыққа алады [6, 20].

А.Байтұрсынұлы сөзді қолданудағы инсанның психикасында болатын объективті үдеріс өзектендіруді анық байқаған: «Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде, сөзі толық түсінікті болу үшін, дерексіз заттарды деректі затша, пернесіз заттарды пернелі затша қалыптайды. Жансыз затты жанды заттай гамалдайды» [6, 23].

Ойды сөзбен хабарлаудың алгоритмдік өңделуі туралы алғашқы бастау пікірді де А.Байтұрсынұлынан табуға болады. Бір дәлел: «Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін керек:

- 1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну.
- 2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру.
- 3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» [6, 19].

Сондай-ақ, психолінгвистикадағы гештальт мәселесінің алғашқы ұшқындары А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінен орын алған [5, 335-336; 364-366].

Инсанның сөзді танып-білу үдерісінде сөзді көру, есту арқылы графика-фонемалық деңгейде танудың маңызы зор екені – қазіргі психолінгвистика теориясында дәлелденген жайт. Мұның маңызын А. Байтұрсынұлы да тілді оқыту әдістемесіне арналған еңбектерінде айырықша атап көрсетеді [5, 324; 357-363; 368-372].

Қазіргі этнопсихолінгвистикадағы өзекті мәселенің бірі белгілі бір тіл әлеміне еңбек инсанның мәдени-психологиялық толқыныстарының себебін А.Байтұрсынұлы мынадай жайттардан көреді: «3. Қазіргі мәдениет әлдебір ұлттың я нәсілдің жасаған нәрсесі емес, бүкіл адамзаттың бірлесе

жұмсаған күші мен дағдыларының нәтижесі. Әр ұлттың мәдениетінде, өзінің жасағанынан басқа, сырттан кірген нәрселер де болады, ал олардың мәдениетінің араласуына достық пен жақтырмаушылық жағынан әртүрлі болып келетін қарым-қатынастары ықпал етеді. Мәдениетте ауыс-түйіс бір ұлтты екінші бірі бағындырған кезде әрі халықтар бір-бірімен бейбіт қарым-қатыс жасаған кезде болады. Мұндайда дін, салт, қоғамдық ұйымдардың ұқсас түрлері, әдет-дағды, инстинкт, психологияның т.с.с. жақындығы сырттан ену процесін және мәдениеттердің араласуын жеңілдетеді» [5, 419-420].

Әдебиеттер:

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. -Москва: Academia, 2001.
2. Воробьев В.В. Теоретические и прикладные аспекты лингвокультурологии: дисс. ... докт. филол. наук. – Москва, 1996
3. Первый Всесоюзный тюркологический съезд. 26 февраля-6 марта (стенографический отчет) // Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 576-585-беттер.
4. Әхмәт Байтұрсынұлы. Галимжан Ибраһимов төрк-татар уйчысы, төрк-татар белгече, төрк-татар язучысы // Биздин юл. – Қазан, 1928. - №2.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003.

ШАПАҒАТ ЖАЛМАХАНОВ

*Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің
профессоры, филология ғылымдарының докторы*

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ КӨСЕМСӨЗІНДЕГІ
ТІЛ МӘСЕЛЕСІ**

Ғасырлар тоғысындағы қазақ тілінің тағдыры жайындағы толғаныстарды «Айқап» журналы, «Қазақ» газетіндегі мақалалардың, Алаш партиясы, Алашорда документтерінің Алаш көсемі А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы еңбектерінің тарихи шешуші мұраттар атқарғаны аян болып отыр. Ал арнайы жинақ болып басылған еңбектегі [2] Клапрот, А.Құрманбаев, Д.Сұлтанғазиндердің мақалаларынан байқалары – үстіміздегі ғасырдың нәтижелері. Ендеше А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары тіл тазалығын сақтау, әдеби тілді қалыптастыру және ұлттық тілдің көркемдік деңгейін, қоғамдық өмірдегі ролін көтеру жолында жанашыр ғана емес, жасаушысы да болды деуге толық негіз бар.

А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ұйымдастырғанға дейін «Айқап», «Шора» журналдарында жарияланған еңбектерінде Ы.Гаспринскийдің 1884 жылы ұсынған «усул жадидін» қолданғанымен, оның көзсіз еліктеушісі болмай, араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуы қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесіне сүйенетіндігін, тіліміздегі арабизм, парсизм, татаризмдерге қарсы шықты [1:387-395, 432-434; 3:223-326].

С.Мұқанов күрделі кезең, 1932 жылдың өзінде: «Қазақ» газеті «Айқап» шала пісірген нәрселерді дұрыс пісірді, көмескі пікірлерді айқындап, сонымен қатар «Қазақпен» қазақтың тілі туды, таза қазақ тілінде шыққан баспасөз «Қазақ» газеті ғана болды... Көпшіліктің пікір көші «Айқаптан» «Қазаққа» ауды» [4:52] деуінен газеттің қазақ тілі мәселелерін сөз етіп қана қоймай, өзі үлгі бола білгендігін бағамдаймыз.

А.Байтұрсынұлы 1912-1926 жылдар аралығында қазақ тілінің келелі мақсат-міндеттер жайында «Жазу тәртібі», «Шаһзаман мырзаға» (1912), «Жазу мәселесі», «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақша оқу жайынан», «Оқыту жайынан» (1913), «Бастауыш мектеп» (1914), «Шекіспей, бекіспейді» (1916) атты тарихи мақалалары жарияланды.

Араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қарап түзу мәселесін 1912 жылы «Айқап» журналында жарияланған «Жазу тәртібі» атты мақаласында [1:380-385] алғаш көтеріп, тұңғыш қадам жасады. Қазақ тілінің 43 дыбысын 28 таңбадан тұратын араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуын

ұсынды. Ахаң жасаған әліппенің Енисей, Орхон, Талас (бұдан былай – ЕОТ) жазулары мен М.Қашқаридың еңбектерімен бірнеше үндес сабақтастықта, салаластықта бағамдауға болады. Мәселен: 1) ЕОТ жазуларында дара дыбыстар саны – 12 [5:5;18] (А мен Е, Ы мен І,Ө мен Ү әріптері 4-ақ таңбамен белгіленген), ал Махмұд Қашқари ұйғырлар туралы айта келіп, «олар 24 дыбыстан тұратын түркі жазуын пайдаланады» [6:13] дейді. Әріптердің ЕОТ жазуында 22, М.Қашқари заманында 24, А.Байтұрсынұлында 28 болуы – V-VIII, XI және XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басында түбі бір түркі тілдерінің дыбыстық құрамының өзгергенімен, көп алшақтай қоймағандығы, түркі тілдік артикуляциялық базаның берік болғандығының айғағы; 2) ЕОТ жазуы негізінен силлабикалық (буындық) және фонетикалық (дыбыстық) жазу түрлеріне негізделгендіктен, сөздердің дыбыстық құрамының жуан не жіңішке екендігі қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан не жіңішкелігіне қарай ажыратылады, себебі сөз мағыналарын ажыратуда дауыссыз дыбыстар шешуші рол атқарған [5:20]. Байтұрсыновтың әліппелік реформасында керісінше: «Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы» [1:381], себебі Ахаң тек қана фонетикалық жазуды басшылыққа алған. ЕОТ жазуы, М.Қашқари пайымдауы мен А.Байтұрсыновтың қазақ әліппесін негіздеуіндегі ең басты ортақтық – сингорманизм, ассимиляция заңдылықтары түркі тілдерінің айнымас ережесі болғандығын дәлелдеулері: 3) М.Қашқари араб әліппесі түркі тілдерінің дыбыстық құрамын толық қамтамасыз ете алмайтындығын XI ғасырда-ақ атап көрсетсе [6:15], А.Байтұрсынов осы мәселенің шешімін қазақ тілінің негізінде канондық қасиетте деп саналып келген араб әліппесіне 938 жылдан соң өзгеріс енгізуі – ерлікке пара-пар іс.

«Шаһзаман мырзаға», «Жазу мәселесі» атты «Айқап» журналында жарияланған мақалалары – Ш.Жияшев пен Ғ.Мусилердің қазақ әліппесіне қатысты қарсы да қияпастау пиғылдағы жарияланымдарына жазған жауаптары. Ш.Жияшев өз мақаласында Ахаңның араб әліппесіне қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін дыбыстарына графикалық өзгеріс енгізу арқылы жаңа әліппе түзуін «бірге қозғалмаудың», бұра тартудың белгісі деп түсінеді. «Белгілі бір тілге әліппе құрастыру жеке адамдардың еркі емес, «тіл болса, оның заңы боларға керек. Менің ... жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер» [1:391-392] деп, тілдік фактілерден пайымдалған теориялық тұжырымдар екенін баяндайды. «Сізден білімі кем емес» Бөкейханов й және у дыбыстарына «Англия тілінде» де өз алдына әріптер алынбайтынын,

себебі олар дауысты дыбыстардан кейін келгенде жарты дауысты болатынын [1:393] сіз секілді күлкіге көтермей кеңес етіп айтты деп салиқалы пікір алысу мен әдептен озбауға шақырады. Екінші мақалада [1:385-387] Ғ.Мусиге у, о, ы, е дыбыстарын жазуда графикалық таңбаларды белгілеуде қазақ тілінің табиғатын ескергенін түсіндірді.

1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақаласында Ахаңның өзі де профессор Яковлевтің жақсы әліппе 2 талапқа: 1) тіл дыбысына әріптер түгел жетуі керек, 2) әріп белгісі аз болуы керек. Бұл қасиеттер қазақ әліппесінде бар екендігін айтқанын баяндайды [1:413].

А.Байтұрсынов жасаған әліппе ғылыми және практикалық жағынан негізделген іс екендігін өз заманында, кейінгі кезеңдерде небір білімпаздар ерекше бағалап жүр. Оған дәлел: А.В. Луначарскийдің жауапты редакторлығымен 1929-1931 жылдары шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» I және V томдарында “Казахский алфавит” деген кесте беріліп, “Байтұрсыновский алфавит” деп көрсетеді. Орыс лингвисті Н.Ф.Яковлев 1928 жылы «Математическая формула построения алфавита (Опыт практического применения лингвистической теории)» атты мақаласында Ахаң еңбегін «лингвистикалық тапқыр жаңалық» («лингвистическое изобретение») деп, Е.Д. Поливанов: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году я во всяком случае считаю уже не нуждающейся, в поправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы, как крупным культурным завоеванием» [7:36] деп бағалаған. Байтұрсынұлы әліппесін А.А. Реформатский, А.М. Барулин [8:7], А.Н. Кононовтар [9:115] және Германия, АҚШ ғалымдары жоғары бағалап, оның өміршеңдігі сондай Қытай, Түркия, Монғолия, Иран қазақтары әлі күнге дейін қолданады. А.А. Реформатский Байтұрсынұлының сингармоорфография принципін орыс және АҚШ лингвисті, әдебиеттанушысы Р.О. Якобсонның дыбысты графика арқылы беру методынан көп бұрын жасалғандығын ескертеді. Өзбекстандағы қазақ профессор Махамбет Жүсіпов Ахаң жайындағы тұңғыш монография жазып, А.Байтұрсынов әлемдік лингвистика тарихында алғашқы соны жаңалық – сингармоалфавит пен сингармоорфографияның негізін қалап, сингармониялық тілдердің әліппелерін әуелде латын, содан кейін кириллица негізінде құрауға түпқазық болды [8:5] деген батыл да байсалды пікір айтады.

«Шора» журналындағы (1913 ж.) «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласының мазмұны түркі тілдеріндегі емле де түрік-татар тілдерінің жөнімен жүруі керек деген ойға жауап іспетті. Онда «емле – жазу үшін

шығарған нәрсе. Олай болса, тілді ... емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [1:395], «егер Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлығ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, тұзу емлесін алу керек»[1:399] дейді.

«Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында мұғалімдердің «көбі қазақ тілінде қанша хәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харыфына қарап есептейді. Араб харыфы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жоққа санайды» [1:434] деп дыбыс пен әріпті, оның ішінде араб және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйесін айыра білмегендерді сынға алады. Екінші кемшілігі ретінде оқуды, сауаттандыруды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтындығын айтып, «Оқыту жайынан» деген мақаласында *усул – жадит* (төте оқу) жүйесімен сауаттандырудың 2 түрлі әдіске: *усул мәдие* - әріпті таныту арқылы сауаттандыру, *усул сотие* – дыбысты таныту арқылы сауаттандыру болып бөлінетінін, оның ішінде графикалық әдіспен (*усул мәдие*) емес, фонологиялық әдіспен (*усул сотие*) үйретудің тиімді екенін ескертеді [1:77]. Ал Ахаңның 1912 жылдан бастап бірнеше рет қайта басылған оқу құралдары *усул сотие* әдісімен жазылғаны белгілі.

«Бастауыш мектеп атты мақаласында (1919) [1:435-438] патша үкіметінің бодан елдер мен отар халықтардың ана тілдеріне деген қитұрқы саясатын сынап, бастауыш мектептің оқу тілінің қандай болуы керек екенін мәселе етіп қояды. Мәселен, Россиядағы орыстан басқа елдерде бастапқы білім, алғашқы екі жыл ана тілінде болуға тиіс деген ереже мен жарлықтың екі рет (1906 жыл 31 наурыз; 1913 жыл 14 маусым) шыққанына қарамастан, оқу министрінің «бірден орыс тілімен оқытуды ұнатуы», «хүкіметке керегі – мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда» болғанын да ұнату саясатын жүргізіп отырғандығына, ал «әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу» деген мұратты қарсы қояды. «Араб әрпі дінімен бірге келіп қазаққа арналған. Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазаққа газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газет, журналы шығып, кітаптары басылып ... жатқанда, қазақ тілі жоғалмас» дейді. Сонда алдымен араб әліппесінен, содан соң дінінен айыру Кеңес өкіметінің отаршыл патшалық Россиядан алған авантюристік шовинизм мұрасы болғандай. Дінмен байланысқан жазу жоғалғандықтан, дін жоғалды, екеуі жоғалғандықтан, тіл жоғалуға бет алды... 11 жылдың ішінде (1929-1940 жылдар аралығында) бір халықты 3 рет сауатсыздандыру, яғни 3,5 жылда 1 рет әліппе ауыстыру, халық зердесін жадыбастандырудың «жетілген» түрі болды. Осы тұста «Ұлы Октябрь революциясына дейін қазақтың 2 %-і ғана сауатты болды» деген жала



фактіні Ахаңның 1914 жылы жазған мақаласындағы «қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары» [1:435] деген пікірімен салыстырсақ, арабша хат танығандар сауатсыздарға жатқызылған ба деген ой туындайды. А.Байтұрсынұлы мақаласын түйіндей келіп: «бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуы үшін бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға тиіс. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек» дейді. Қазақ тілінде үйретілетін пәндер оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы деген нақты ұсыныстар жасайды.

Осы кезеңдегі (1914-1916 жж.) тілге қатысты түйткілдердің бірі – татар зиялыларының 1914 жылы Петербургтегі мұсылмандар съезінде «рухани мекеме қағазы» (баспасөз ісі – Ш.Ш.) татар тілінде болсын деп ұсыныс жасап, ақыры «татар-түрік тілімен» жазылатын болып қабылдануы. Бұл жөнінде Ә.Бөкейханов 1914 жылы «Қазақ» газетінің бірнеше санында жазып [10:156-157], жақтасы Жаһанша Досмұхамедов, қарсыласы Бақытжан Қаратаев болғандығына налып жазды. Келесі бір «мүйіздеудің» сорақысы тағы да осы татарлардан 1916 жылы шықты. Қазақ тіліндегі «рухани мекеме қағаздарының» татар баспаханаларына кіріптарлығын пайдаланып, басына түскісі келіп, олар мұсылмандар съезінің шешімін қазақ тіліндегі баспа өнімдерінен талап етті. Алаштың ардақтыларының бірі, орыстарға қазақ тілін үйретудің негізін салушы Телжан Шонановтың 1923 жылы жазғанындай: «Ол кезде мәдени жағынан жоғары тұрмыз деп есептеген татар интелегенциясы өзге түркі халықтарын татарландыру, ішінде қазақ та бар, басқа да ұсақ түркі тайпаларын да ешқандай себеп-салдарсыз татар тектес жұртшылықта татар тілін қабылдасын дегеннен басталған еді. Кезек қазақ тіліне де таянған еді» [9:126]. Мұндай пиғылдардың «сыбағасын» А.Байтұрсынұлы өзінің «Шекіспей, бекіспейді» атты мақаласында [10:157-158] берді.

Байтұрсынов 1926 жылы Түркологтардың I съезінде 1905 жылғы революцияға дейін қазақ тілінде баспасөздің болуына рұқсат етілмегендігін өкінішпен еске алады [1:422]. Қазақ баспасөзінің кенжелеп қалыптасуы, Ахаңның алғашқы оқу құралының 1912 жылдан бастап қана жарық көруі – осы зұлмат фактінің кесапаты.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.-455 б.
2. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1993. – 232 б.

3. Дулатов М., Омаров Е. А. Байтурсынов (библиографический очерк) // Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 3 б. – Б. 295-302.
4. Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1932. – 180 б.
5. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 182 б.
6. Кононов А.Н. М. Кашгарский и его «Дивани луғат ит-турк» // Советская тюркология, 1972, №1. – С. 3-17.
7. Поливанов Е.Д. Новая казак-киргизская (Байтурсыновская) орфография. Бюллетень Среднеазиатский гос. университет. Вып. УШ. – Ташкент, 1924.
8. Джусупов М. Фонемография А. Байтурсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент: 1995. – 285 с.
9. Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (До октябрьский период). Подготовил Кононов А.Н. – Москва: Наука, 1974. – 300 с.
10. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.

АБАТ ҚЫДЫРШАЕВ

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
«Рухани жаңғыру» институтының директоры,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі*

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАСЫ

Уақыт көші ілгері озған сайын қазақ феномені Ахмет Байтұрсынұлының аяулы есімі әлемдік мән-мағына ала түсуде. Оған айғақ – әлемнің әр шалғайында, Орынбор мен Алматыда, Түркия мен Германияда өткен халықаралық симпозиумдер мен конференцияларда, басқа да алқалы жиындардағы қазақ, орыс, нидерланд, қырғыз, түрік, неміс, қарақалпақ, өзбек сияқты өзге де түрлі ұлт ғалымдарының ол жөніндегі ой-толғамдары, ғылыми баяндамалары мен зерттеу мақалалары.

І. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелері туралы. Ахмет Байтұрсынұлы халықтың санасына бірден әсер етуді, ақыл-ойын өзгертуді, көзін ашуды сауаттандырудан бастамақшы болды. Ол қоғамдық қызметін ағартушылық жұмыспен қатар жүргізу қажеттігін түсінді. Жұртшылықтың сана-сезімін ояту үшін, дұрыс бағыт алуы үшін жаппай сауаттандыру, оқыту керек екенін ұқты. Бұл туралы ғалым Р.Сыздықова былай деп жазады: *«Қысқасы, А.Байтұрсынұлының өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз» боп тұрғанда, қараңғы халқының сауатын ашып, білім беру жолын қалап алғандардың бірі, бірі емес, бірегейі өзі еді. Ағартушылық – сол кезеңдегі қазақ қауымының тіршілігінде ең қажет, ең игілікті іс болатын. А.Байтұрсынұлы осыны жақсы білді, дұрыс таныды».*

А.Байтұрсынұлы 1905 жылы Қарқаралыда қызмет атқарып жүрген кезінде бір топ қазақ зиялылары бірлесіп, патша үкіметінің жоғарғы басқару орнына петиция жолдағаны белгілі. Онда өзге мәселелермен бірге қазақ даласында оқу-ағарту ісін жолға қою керектігін нақты талап еткен. 1913-1918 жылдар аралығында 8000 дана таралыммен жарық көрген «Қазақ» газетінің бас редакторы бола жүріп те А.Байтұрсынұлы әліппе, оқулық шығару, сауат ашу, оқыту мәселелерін бір сәт естен шығармаған. 1913 жылы ақпанның 2-сінде шыққан газеттің тұңғыш нөмірінде-ақ *«оқу, оқыту, мектеп, медресе, школа, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жән көрсету»* негізгі көздейтін мақсаты мен ұстанатын бағыттарының бастыларының бірі екендігін айтқан.

Ал 1917 жылы желтоқсанның 5-13-і аралығында II жалпы Қазақ съезі өт-

кені тарихтан мәлім. Зерттеуші Б.Қойшыбаев осы съездің 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесін құрғанын, Ахмет Байтұрсынұлының халық кеңесі құрамына ұсынылмағанын, оның оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға сайланғанын жазады («Көзқарас эволюциясы», *Қазақ әдебиеті*, 1989, 27 қаңтар). Яғни, бұған дейін де сауат аштыру, оқыту бағытындағы әліппе, тіл құралдарын жарыққа шығарып үлгерген Ахмет Байтұрсынұлының осы орайдағы халыққа ауадай қажетті ісін жалғастыруы орынды көзделген. Ал А.Байтұрсынұлы секілді ғұламаның қазақ жұртшылығы үшін жасаған өзге қызметтеріне қоса әйгілі оқулықтар жазуына да түрткі болған негіз – оның жан сала айналысқан жұмысы ағарту ісі. Ахмет Байтұрсынұлы туған халқын оқуға тек жалаң шақырып қана қойған жоқ, сонымен қатар ол қазақ даласындағы мектептердің жай-күйін, бала оқытудың амал-жолдарын газет-журнал беттерінде нақтылы, жан-жақты сөз етті. Бұл орайдағы жазбаларының өзі үлкен бір тізбек құрайды. Ал бұның өзі Ахмет Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтарын құрастырып, жазуының баспалдағы, соған барар жолдағы сүрлеуі іспетті.

А.Байтұрсынұлы білім көзінің алғашқы сатысы бастауыш мектепке баса назар аударады. «Қазақ» газетінің бетіндегі «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласында автор қазақтың бастауыш мектептері қандай болуы керектігін мәселе етіп қойып, сол тұстағы қазақ жеріндегі ауыл мектептерінің жағдайы қиын екендігін, оларда бағдарлама, оқу құралдары, тіпті оқу тәртібі (мектеп режимі) жоқтығын, мұғалімдердің жетіспейтіндігін айтудан бастаған («Бастауыш мектеп», «Қазақ» газеті, 9 мамыр, №16). А.Байтұрсынұлы бірде «қазақта балаларды оқытатын жосықтар (бағдарламалар) мен кітаптар (оқулықтар) жоқ» дей келіп, оларды жазу қажеттігін және арнаулы педагогтік білімі бар мамандар даярлау керектігін жазса, енді бірде «білімнің бас құралы – кітап» деп, білім конкурсын жариялау арқылы да оқу-ағарту ісіне атсалысуға болатындығын айтады. 1913 жылы «Қазақ» газетінің бетіндегі «Оқыту жайынан» атты мақаласында да осы ойын нақтылайды. Онда: «Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзелген программа жоқ, онсыз оқу бір жөннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз», - деп түйеді.

Қазақша оқулықтар да бірден жазыла салмағаны белгілі. Сол кезеңде қазақтың көзі ашық зиялылары, ағартушылары осы орайда пікірталас жүргізіп, ой бөлісіп отырған. Соның бірі ағартушы, әрі ақын Таһир Жомартбаевтың

жоғарыдағы мақаладағы «Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар даяр ма? Даяр болмаса, ноғайша кітаптарды аламыз ба? Олардың қайсысы жақсы? Ноғайлардың тәртіпті мектептерінде тұтынып жүрген программаларын сол күйінде аламыз ба? Яки қазаққа лайықтап, ыңғайлаймыз ба?» деген сауалдары. А.Байтұрсынұлы бұған жауап ретінде ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейтіндігін бірден айтады. Бірақ тап сол тұста қазақ мұғалімдерінің қолына ұстата салар оқулық та жоқ болатын.

Өткен ғасырдың 10-жылдарынан бастап қазақ қоғамында оқу-ағарту идеясының жандануына байланысты балалардың сауатын ашатын *әліппе құралдарын жасау* қолға алына бастады. Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында бірқатар авторлардың (*М.Нұрбаев, М.Малдыбаев, З.Ергалиев т.б.*) қазақша әліппелері жарық көрді, бірақ бұлардың көбі бірер басылымнан артық жарияланбай, кеңінен қолданыс таба алмады.

А.Байтұрсынұлының қазақша әліппесі 40 беттік көлемде «Оқу құралы» деген атпен тұңғыш рет 1912 жылы Орынбор қаласында М.Кәрімов, Ш.Құсайыновтар баспасында жарық көрді. Осы ретте ағартушы ғалымдарымыздың бірі Т.Шонанұлы: «*Бұған дейін бізде өз әліппеміз болған емес. Дүмие молдалар әліппе жасай алмай, балаларды «Әліп-би» шартымен қағаз жүзінде оқытса, ал миссионерлер Васильев, Алекторов, Рожинский және басқалар қазақ әліппесін орыс транскрипциясымен берді*», - деп жазды. Тұңғыш оқулық авторының өзі де қазақша әліппенің 1-кітабы деп көрсеткен. Оқу құралы сол кездегі ең алдыңғы оқыту әдістерінің бірі усул сотие жолымен тәртіп етілген. Оқу құралының титул бетіне алты тармақ өлең жолын келтірген («*Балалар! Бұл жол басы даналыққа. Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та! Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп. Соларды көре тұра қалалық па? Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық. Жүріңдер іздеп тауып алалық та!*»). Соңына «А.Б.» деп көрсеткен. Қарап отырсақ, бұл өлең жолдары атақты Ыбырайдың күллі алаш еліне белгілі «Кел, балалар, оқылық!» атты әйгілі шумағымен үндес, тақырыбы бір – оқуға, өшпес жарық, кетпес байлық-даналыққа бастар жолға түсуге шақырады. Титулдың екінші жағына: «*Бұл алифбадағы қай харіф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз. Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатұғын харіптер алифбаға жалғас 2-кітаптан оқылады*», - деген жолдармен сілтеме берген.

А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» 1912-1925 жылдар аралығында 7 рет қайта басылып, оқу ағарту жұмысында біршама ұзағырақ әрі кеңірек пайдаланылады. Негізінен А.Байтұрсынұлы әліппелері Орынбор, Семей, Ташкент,

Қызылорда қалаларында басылып шықты. Соның ішінде Орынборда - 9, Семейде-2, Ташкентте-1 (2), Қызылордада-5 (6) реттен басылды.

Оқу құралының тұңғыш басылымы 1912 жылы 40 бет, екінші басылымы 1914 жылы 96 бет, үшіншісі 1916 жылы 98 бет, төртіншісі 1922 жылы 95 бет, бесіншісі 1922 жылы 70 бет, алтыншысы 1923 жылы 72 бет, жетіншісі 1925 жылы 72 бет көлемінде жарық көрген. Алғашқы бесеуінің титул беттерінде «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифа», «Бірінші кітап» не «Бірінші жылдық кітап» деп көрсетілсе, соңғы екі басылымда «Қазақша әліп-би» делінген. Оқулық бетінің санына қарап көзіміз жетіп отырғандай әліппелердің көлемі де әрқилы. Алғашқыда көлем мөлшері толықтырылып ұлғая түскен де, 1922 жылдан бастап қырланып ықшамдалған.

Ал 1913 жылы Орынбор қаласында басылған 52 беттік «Оқу құралын» «қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп еткен». Бұл еңбекті «Алифбаға жалғас кітап» деп көрсетеді. Яғни, әдіскер оқытудың, сауаттанудың бұл қырына да көз жүгіртіп, бойлап қараған. Сондай-ақ бұл тұста қара танымаушылар сапында тек бүлдіршін жасындағылар ғана емес, ересектер де бар екені белгілі. Ал олардың сауат ашу жолы да ерекше болары сөзсіз. Ендеше, А.Байтұрсынұлы да бұл үрдісті анық танып, ара жігін ажырата білген. 1921 жылы Семейде (30 беттік), Орынборда (90 беттік) басылған «Оқу құралы – осы бағыттағы алғашқы ұмтылыстан туған қадам. Біріншісінің титул бетінде «Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліп-би. Бірінші кітап. Үлкендер үшін». Екіншісінде «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-би. Бірінші кітап» деген жазу бар. Сауатсыздардың басым көпшілігі ересектер екеніне көзі анық жеткеннен кейін, А.Байтұрсынұлы бұл орайдағы әліппеге қайта оралып назар салған, өңдеп толықтырғанға ұқсайды. Нәтижесінде 1924 жылы Орынбор қаласында 144 бет, 1926 жылы Семей қаласында 83 бет көлемінде «Сауат ашқыш» атты әліппе оқулығы басылды. Екеуінде де «Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліп-би. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап» делінген. Семейдегі нұсқасы «Губиздаттың баспаханасы» (Семейдің губернелік баспасы) арқылы 7400 таралыммен жарық көрді.

А.Байтұрсынұлы әрбір әліппесін шығару үстінде оны үнемі үздіксіз жетілдіру, толықтыру жұмыстарымен айналысты. Оның «Оқу құралы» тек сауат ашып қоймайды, сондай-ақ шәкірттер үшін танымдық материалдар да қосымша ұсынылып отырылған. 1914 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» екінші басылымында автордың өзі құрастырған, шәкіртін алуан толғанысқа түсіретін 24 шағын әңгіме беріліп, оқулық «Балалық күй» өлеңімен аяқталған.

Бұл оқу құралдарына өз тұсында әр түрлі бағалар да берілген. Мәселен, әдіскер ғалым Т.Шонанұлы: «... Ахметтің жаңа алфавиті мен жаңа әліп-песі біздің өркендеуімізге зор пайдасын тигізетін құбылыс еді. ...Ал Ахметтің кітаптары болса қазіргі қазақ мектептерінде қолданылатын жалғыз оқулық. ...Біздің мұғалімдер оқытып жатқан бүгінгі европалық әдіс – Ахмет Байтұрсынұлының жанашырлық қызметінің жемісі», - деп жоғары бағалады.

А.Байтұрсынұлы үнемі ізденістің нәтижесінде 1926 жылы «Әліппенің» жаңа түрін жазып ұсынады. Бұл жаңа құрал осы күнгедей түрлі суреттермен берілген оқулық еді. Кітап «Әліп-би» деген атпен 1926 жылы Қызылорда қаласынан 116 бет көлемде басылып шығады. Осы жолы «Жаңа мектеп» журналы бетінде жазған рецензиясында Т.Шонанұлы А.Байтұрсынұлы «Әліп-биін» «үлкен олжа» ретінде бағалайды: «Бұл әліп-биі оқу құралдығы жағынан бір қымбат болса, ішкі маңызымен екі есе қымбат. Жаңа әліп-би Ахаңның бұрынғы әліп-билеріне тіпті ұқсамайды. Ахаң бұрынғы әліп-билері кезінде «әліп-екі үсін әннен», «Абжет әуестен», ескі молдалар оқыту әдісінен, ескі «қытай» жазуынан құтылдырса, бұл әліппе бізді бұл күнгі педагогиканың соңғы сөзімен таныстырып отыр, жазу әдісі жағынан да, мазмұн жағынан да педагогиканың үстіміздегі мақсаты мен бағытына үйлесіп шығып отыр», - деп жазады. Сондай-ақ, әліппе кітабының сапалы шығуы жөнінде де өз пікірін білдіреді. Бұл орайда рецензия авторы: «Кітапта 126 сүгірет бар. Мұнан басқа диаграм және басқа түрлі сызықтар бар. Сүгіреттер жақсы, басылуы әдемі, әріптері ірі, сырты қолайлы», - дейді [2]. Ал 1927 жылы тап осы көлемде «Әліп-бидің» екінші басылымын Қызылорда – Ташкент баспалары бірігіп шығарды. Ақырында 1928 жылы Қызылорда қаласында оқулықтың үшінші басылымы 20000 таралыммен жарыққа шықты.

Тұңғыш қазақ кеңес библиографы Міржақып Дулатұлының «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші» еңбегінде А.Байтұрсынұлының оқулықтарына көрнекті орын берілген. Осы көрсеткіште 1926 жылы жарық көрген «Әліп-би» оқулығына Қазақстан мемлекеттік білім кеңесі былайша жоғары баға берген: «Бұрынғы Әліпби қазақ мұғалімдерін ең алғаш Еуропа оқу әдістерімен таныстырудың үстіне, кезінде әрі төте жол салып, қазақ арасында оқу жөніндегі ескілікті жойған еді. Мынау жаңа Әліпби бұрынғылардан қай ретте болса да аса артық. Бұл Әліпбидің мазмұны, қазақ жағдайына қарай мемлекеттік білім кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына қолайлы тәртіппен құралған. Бұл Әліпби оқуға қолайлы. Шығарушының үлкен шеберлігі көрініп тұр. Оқушыға бұл Әліпби аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған».

А.Байтұрсынұлы өзі де бұл «Жаңа Әліпбиді» шығарудағы талпынысын 1925 жылы қазанның 21-інде: «Бұл әліп-би кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі қол қысқалығын бір-біріне жанастырып жақындастыру шарасын табу түрде шығарылып тұр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа программа (Гувс программасына) болуы көзделді», - деп жазды.

Бұларға қоса Ахмет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлы екеуі бірлесіп Қызылорда қаласынан 1926 жылы 412 беттік ерекше кітап шығарған. Ол мектептің III-IV сыныптарына арналған хрестоматия кітабы. Бұл да «Оқу құралы» деп аталады. Оқулыққа енген мәтіндер сан алуан тақырыпты қамтыған, 75 суреті бар. Бірақ ол әліппе түріндегі «Оқу құралынан» өзгеше. Бұл хрестоматияның 1927 жылы екінші, ал 1928 жылы үшінші басылымы Қызылордадан шығады.

Оқу-ағарту саласында өшпес із қалдырған *А.Байтұрсынұлы әліппелері жеті рет басылым көрді*. Осыншама таралымнан басылым көріп, ағарту саласында ұзақ қолданысқа ие болған өзге бірде-бір әліппе, оқулық жоқ. Басқа авторлардың әліппелері құрылымдық, әдістемелік жағынан енгізілген материалдары жағынан олқы соғып, бір рет басылым көруден аспайды. Ал Ахмет Байтұрсынұлының әліппе, оқулықтары сол тұстағы жинақталған алдыңғы қатарлы тәжірибелерге сүйене отырып, белгілі педагогикалық-дидактикалық қағидаттарды сақтай білуімен, жасөспірімдердің психологиялық жас ерекшеліктерін, тіпті ұлттық ерекшеліктерін ескере жазуымен құнды болды. А.Байтұрсынұлы әліппелерін қазақ жұртшылығы ана тілінде жазылған аса қажетті тың құрал ретінде қабылдады. Ұлы ағартушының әліппе, оқулықтарының үсті-үстіне мол таралыммен басылып, ұзақ қолданылуының бір астары осында.

II. *Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құралдарының» басылым көруі жайлы*. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралдары» қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатынан туған. «Тіл құралдарды» ұсынудағы алға қойған мақсаты жөнінде А.Байтұрсынұлы оқулыққа жазған «Сөз басында» жеткілікті баяндаған. Онда адамның *адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі ретінде тілді жоғары бағалай отырып: «Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғанынан жеңіл болмас еді*», - дейді. Ендеше, жазу заманында, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден де артық дәрежеге жеткен заманда *«сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің*

керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да, сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып жалғасатын жүйесін білу керек» деген түйінге келеді. Ал бұл күрделі түйінді шешетін бір-ақ нәрсе, ол – «Тіл–құралдары». Осы іспетті ойлардан келіп А.Байтұрсынұлы: “Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін үйрету керек. Бастауыш мектептегі оқуға шама-лап қазақ тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін балаларға оқытуға осы «Тіл–құрал» деген кітапшаларды шығардық” - дейді.

Жалпы А.Байтұрсынұлының бастауыш мектепте балаларға арналған тіл таныту ісі дыбыс жүйесі мен түрлері, сөз жүйесі мен түрлері, сөйлем жүйесі мен түрлері сынды үш сатыға бөлінеді. Оқулық авторы бірінші тіл танытқыш кітаптың 1925 жылғы басылымында «Тіл–құрал» үшке бөлінгенмен, әрқайсысы әр жыл оқылмайды. Бұл үшке бөлу жылдық оқу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесі бойынша үйреткен уақытта әр жүйесінен балалардың шамасына қарай әлі келерліктері алынып үйретіледі. Қандай қай жылда үйретілетіні бастауыш мектеп програмдарында көрсетілген”, - деген пікір де келтіреді. Әрине, бұл қазақ тілін белгілі бір бағдарлама бойынша оқытудың тиімділігін аңғартса керек.

III. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы.
А.Байтұрсынұлы алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтіруімен бірге, осы оқу құралдарын тәжірибеде қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкіртке қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде де ойланған. Озық елдердің әдістемелік әдебиеттеріне сүйене, үйрене жүріп, төл әдістемелік нұсқау, әдістемелік мақалаларын жазып қалдырған. Бұл бағытта мол жазбаларының бірер санын “Баяншы”, “Әліппе астары”, “Нұсқаушы” (қай жылы жазылғаны белгісіз), “Тіл жұмсар” секілді әдістемелік нұсқаулары мен “Жалқылау (айырыңқы) әдіс”, “Баулу мектеп”, «Ана тілінің әдісі», «Жалқылаулы-жалпылау», “Қай әдіс жақсы?”, “Дыбыстарды жіктеу туралы” мақалалары кұрайды.

Қорыта айтсақ, Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың дарабоз, бірегей тұлғасы. Демек, тұлғаны терең тануымыз керек. Ал, қазақ ғалымдарына сүйене айтсақ, тұлғаны тану дегеніміз – алдымен оның туған халқын, өмір сүрген дәуірін, еңбек еткен ортасын, айналасын тану, буын-буын келер ұрпақ тәрбиесі үшін өнегелі мәні, маңызы зор халқына тұлға, тұтқа ретінде атқарған ұлы тарихи миссиясын ашып көрсету. Десек те, Ахаңның сом тұлғасы, атқарған қыруар ісі, халқына сіңірген еңбегі дәл осындай кең көлемді кон-

тексте, белгілі бір жүйеде әлі жете танылмай келеді. Жинақтай айтар болсақ, бұл ретте, біріншіден, таразылау нысаны болар замандастарының Ахмет Байтұрсынұлына берген бағалары десек, екіншіден, Ахаң мұрасының бүгінгі таңдағы зерттелу жайы, үшіншіден, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің қазіргі таңдағы талдаулармен үндестігі, сабақтастығы.

Ал бұтарлай үңіле түссек, ахметтану баспалдақтары сапына алғашқы кезекте төмендегі мәселелерді аша, анықтай түсуді қосар едік:

1. *А.Байтұрсынұлының қоғам қайраткерлік қызметіне қатысты кезеңін қосымша деректермен толықтыра түсу қажеттілігі айқын сезіледі. Әсіресе, Ахаңның қазақ мемлекеттілігін қамтамасыз етуде өлшеусіз еңбек сіңіргендігін кейінгі ұрпаққа таныту. Мәселен, қазақ автономиясын құру, бөлшектеліп, кеткен қазақ жерін түгендеу, аштарға көмек ұйымдастыру, халық ағарту саласын жүйеге келтіру, қазақ мектептерін оқу құралдарымен қамтамасыз ету, тіл саясаты мен қазақ тілінің мәртебесіне ден қою, т.б.*

2. *Ғалымның 150 жылдық мерейтойы тұсында оны тіл маманы ретінде әр қырынан жан-жақты тани түсу де парыз болмақ. Осы тұрғыдан келгенде Ахаң мұрасы әлеуметтік лингвистика ғылымы саласынан арнайы зерделеуді қажет етеді. Бұл – Ахаңның тілді қарым-қатынас құралы ретінде орнына, тіл саясатына, тілдің әлеуметтік қызметіне (жазуды жетілдіру, қазақ тілін дамыту, ұлтты дамыту, терминдерді жаңарту, кірме сөздерге қатысты көзқарас, дұрыс емле түзу мәселесі т.б.), қазақ тілінің таза сақталуына, тілдердің байланысына, тіл болашағын болжауға қатысты ойтүйіндерінің астарына үңілу деген сөз.*

3. *Академик З. Қабдолов Ахаңның әйгілі «Әдебиет танытқышын» (1926) біздің жыл санауымыздан 326 жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің «Поэтикасымен» теңдес сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптайтын қазақ топырағындағы тұңғыш теориялық зерттеу ретінде бағалайды. Сөзсіз, бұлардың «бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашқы әліпбилері». Осы түйіндерге жапсарлас айтар болсақ, Ахаң қалыптастырған әдеби-теориялық терминдерге аса жауапкершілікпен қарау мәселесі күн тәртібінде.*

4. *Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінің маңызды бір саласы – қазақ тілін оқыту әдістемесіне байланысты зерттеулерінің ғалымдар тарапынан аз ескерілетіндігі. Ендеше, А.Байтұрсынұлының өз заманындағы әлемдік дәрежедегі ірі әдістемеші ғалымдардың еңбектерімен жетік таныс болғандығын, әлемдік деңгейдегі әдістеме теорияларымен қаруланып қана қоймай, оған сын көзімен қарап, пайдалысын әліппе, оқулық жазғанда*

қолдана білгендігін ескеру қажет. Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлы әліппесінің, оқулықтарының әдістемелік негізін талдап беру, оның қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолдану орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер ететіндігін білу. А.Байтұрсынұлының әдістемелік терең білімі, мұғалімдік тәжірибесі, оны қорыта білу қабілеті оқулықтарының әдістемелік негізде жазылуына ғана қамтамасыз етіп қоймай, оның әдістемелік ғылыми еңбектер жазуына негіз болғандығын тану.

Әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Пед. ғыл. канд. ғыл. дәреже. алу үшін дай. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. -30 б.
2. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Монография. Орал: БҚМУ, 1998. - 132 б.
3. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №9-10, 1997. – 56-60-б.б.
4. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынов – әдістемеші// Жалын. – 1993. - № 3. – 52-54 б.б.
5. Қыдыршаев А.С. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1993. - №10-11-12. – 28-34-б.б.
6. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелерінің әдістемелік ерекшеліктері// Бастауыш мектеп. – 1994. - № 7-8. – 11-15-б.б.
7. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдіскерлігі// Бастауыш мектеп. – 1994. - № 2. – 3-7-б.б.
8. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы// Ұлағат. – 1995. - №3. -47-53-б.б.
9. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері// Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. - №9-10-56-62-б.б.
10. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулығы туралы// Поиск. – 1998. - №2.-4-8-б.б.

ХУЛИЯ КАСАПОҒЛЫ ЧЕНГЕЛ

Анкара Хаджы Байрам Уәли университеті

Түркия зерттеу орталығының директоры, профессор

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ҚАЗАҚ ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ҚАЙДАН ТУҒАН, ҚАШАН ШЫҚҚАН

Кіріспе

Еуропадағы Француз төңкерісі, Анадолы байтағындағы «Танзимат» реформасы, Түрік Тәуелсіздік майданы – өнер мен әдебиеттің негізгі шабыт қайнар көзін қалыптастырды. Түркістан алабындағы саяси және әлеуметтік оқиғалар да бұдан кенже қалған жоқ. Патшалық Ресей дәуірі болсын, большевиктік кезең және Сталин дәуірінде болсын, бұл дүмпулер келешекке алаңдаушылықты, үміт пен толқыныстарды да тудырды, дәуірінің ақын-жазушыларын тереңнен толғантты. Бұл оқиғалардың иірімі үйіріп, бір тараптан идеология жолында күрескен үлкен көшбасшылар өсіп жетілді, бір тараптан болса, бұны драмалық, символикалық және лирикалық сезімталдықпен әдебиет пен өлеңге өзек еткендер болды. Бұл жырлар – ортақ сезім дүниесінің, ортақ идеялардың және ортақ рухтың шумақтарға төгілуі еді.

Әдебиет және Қазақ қалам қайраткерлері

Патшалық Ресей кезеңінде басталған Алаш қозғалысы, сол уақытта құрылған Алаш партиясы, большевиктік басқару кезінде негізі қаланып, Сталин дәуірінде қағаз жүзінде жалғасын тапқан Алаш Орда республикасы бұл күрестің үш саяси кезеңге созылғанын және ұзақ тынысты бір күрес болғанын көрсетеді. Алаш қозғалысының әдебиеттегі көрінісі де жеке зерттелуі керек сала. Ол әдебиет отты, тебіреніске толы және қайғы-мұңлы.

Француз революциясы, Анадолы территориясындағы саяси реформа, Түріктің тәуелсіздік үшін соғыстары өнер мен әдебиеттің негізін қалыптастырған шығармаларды тудырды. Түркістан территориясындағы саяси оқиғалар мен азаматтық күрестер де одан кем емес. Түркістандағы саяси жағдаяттарды ойлап, жазғандар жүрекке әсер еткені рас. Патшалық ресей, большевиктік басқару және Сталин дәуірлеріндегі бұл зұлматтар, болашақ үшін уайымды, жанкешті ерлікке ұмтылдырған үмітті және тебіреністерін тудырды. Сол дәуірдің ақындары мен жазушыларына терең әсер етті. Саяси қыспаққа түсуі және сол себепті идеология саласына белсене араласуы ұлтшыл азаматтардың шоғырын қалыптастырды. Бір жағынан да мұны драммалық, символдық және лирикалық қырынан проза және өлеңмен

жырлағандар болды. Бұл ортақ сезімнің, ортақ ұлттық идеяның, ортақ қайғы мен рухтың поэзиядағы көрісіні.

Сталин кезеңінде қазақ (Түркістан) даласы сыртқы әлемге жабық болып, қырағы әрі қараңғылық ортада халықтың жанын езген, өзегі тарихы мен ұлттық мәдениетіне байлаулы, көшбасшы, жүректі, ой-өрісі кең тұлғалар жетілді. Олар өзінің төл халықының мәдени санасын жоғарылатып, ұлт үшін жанқиярлық ерлікке барды. Жалған дүниенің жылтырағына алданбады, басын бәйгеге тіккені үшін ұлты мен ұрпағы оларға қарыздар. Біз ғалымдар бұл борышымызды ғылыми жиындарда оларды еске алу арқылы және жас ұрпаққа оларды сезіндіру арқылы өтеуіміз керек. Бұл ұлттық күреске жанымен және қаламымен атсалысқандардың бір парасы ғана...

Ахмет Байтұрсын «Еңбекші қазақ» газетінің 1922 жылғы 29-санында жарияланған «Қазақ қалам қайраткерлері жайынан» атты мақаласында жоғарыда аталған саяси ортада өсіп, негізгі уәжін осы ортадан алған қазақ қаламгерлері туралы сөз етеді. Саяси орта тудырған күйзеліс, осы дағдарыс жағдайында ұлттық рух пен ұлттық құндылықтарды қорғау жолындағы күрес және оның әдебиеттегі көрінісі...

«Қазақ қалам қайраткерлері жайынан»

«Еңбекші қазақ» газетінің 1922 жылғы 29-санында жарық көрген мақала. Бұл бағдарламалық сипаттағы мақалада қазақ зиялыларының қазақ төңкерісінен кейінгі саясатқа байланысты дағдарысы және олардың ұлттық санада қалуы жөнінде айтылады. Автор қалам қайраткерлерінің төңкеріске дейінгі орныққан пікірі өзгере салмайтынын және оның табиғи екендігін негіздеген. Халықтың басқа халықпен теңесуі үшін ең алдымен мәдениет пен білімінің күшеюі қажеттігін дәйектейді. Бұл мақала мәтінін алғаш рет Т.Кәкішұлы «Егемен Қазақстан» газетінің 2000 жылғы 5 ақпандағы санынан алынған. Бұл баяндамаға А.Байтұрсынұлының осы мақаласы әсер етті. Ұлы тулға/ғұлама былай дейді:

Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес.

1. Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, тайақ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған.

2. Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан.

Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып,

кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни, халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болса, онда табиғат заңының тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сықылды болып шығады”.

Мәңгілік тастардағы «Бенгү Ил»ден бүгінге дейін, Кеңестік билікті есепке алмасақ, жалғасын тауып отырған мемлекет ұғымы және тек ұлт, Түрік ұлты ұғымы, Алаш алыптарының лиризм сезімталдығымен және бұл рухпен жазған жырларын шынға шығарады. Мұның ең жарқын мысалдары – Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай. Ұзақ бір кезеңді қамтыған және аумалы-төкпелі әлеуметтік-саяси атмосфераның ойлана білетін, ести алатын және жазатын адамдарды шарпып өтпеуін ойлап көру мүмкін бе? Патшалық Ресейдің ауыр қысымы аясында жетілген және ой-толғаныстарын толыққанды тұлға сезімталдығымен, бірақ лирикалық тұрғыда тілге тиек еткен, 19 ғасырдың Жүсіп Баласағұны (Юсуф Хас Хажип) деп алатын Абай Құнанбайұлы әрқашанда «халықтың кетігіне кірпіш болып қалану» тілегімен тірлік кешіп, қалам тербемеді ме? Кеңестік Ресейдің және бір төңкеріс дауылы үдеген кезеңінде, келешекке бағытталған және жемісін күткен тәтті үміттен шабыт шындаған әдебиет әлемі, ұлы ұлттық рухты қайрамады ма?

Олардың жазған және жазатын әрбір дерегі күллі түрік әлемінің көзін ашты және аша береді. Мағжан секілді Ахмет Байтұрсынұлының да сезім әлемі мен лирикалық толғанысын назардан тыс қалдыру мүмкін емес. Олардың «анасына» арнаған өлеңдері жүректе еріксіз тебіренеді. Ахметтің қайраткерлік тұлғасы 1885-те әкесі 15 жылға Сібірге жер аударылғанда айқын көрінеді. «Анама хат» өлеңінде сол жылдарды былайша толғайды:

*Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағым, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай, не бетіммен көрге барам?!*

1917-де құрылған Алаш Ұлттық Үкіметінің көшбасшысы Әлихан Бөкейханның үзеңгілесі болған даңқты Қазақ ақыны Міржақып Дулатұлы, Исмайл Гаспралының жетекшілігіндегі Жәдитшілдік идеялардың қазақ даласындағы өкілі. Дулатұлының 1902-1909 жылдары арасында жазған «Оян, Қазақ!» жыр кітабында орын алған өлеңдер дәуірлеу идеясының лирикалық және символикалық сипаттағы көрінісі. Кітаптағы «Оян, Қазақ!» жыры

әмірлі сөздермен халыққа ең ықпалды үн қату және көңілдерге қозғау салған ескерту. Бұл үн қатуға жақын өлкеден Ұйғыр ақыны Абдухалық Ұйғырдың (1901-1933) 1921-де жазған «Оян» жырымен қайтарған жауабы, ортақ рух пен толғаныстың туындысы. Айрықша, Мехмет Акифтің Ұлттық Күрес, Азаттық Соғысы жылдарында 1915-те жазған «Оян» жыры да нақ сондай үн мен нақ сондай рух саналады. Анадолыда Акиф, Батыс Түркістанда Міржақып пен Шығыс Түркістанда А. Ұйғырдың жырлары – ортақ пайым мен түйсіктің лирикалық үлгілері.

Оян Kazak!

Көзінді аш, оян Қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нәшарлап, хал харап боп,
Қазағым, енді жату жарамасты!

«Жәдитшілдік» идеясы және Абай философиясымен сусындай кемелденген Мағжан Жұмабай, «Сағындым» жырында адамның өлуші, бірақ, халықтың өлімсіз екендігін ашық түрде тілге тиек еткенде, «халық» ұғымын беретін Алашқа кіндік байлаудағы ыстық ықыласы, Алаш жолында тартқан азабы мен отан үшін өлімге риза екендігін өмірімен және өлімімен көрсетпеді ме? Мінекей, бұл – сөз түгесілетін сәт:

*Не көрсем де Алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім.
Мен өлсем де, Алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенім.*

«Рухани жаңғыру» идеясы аясында Ұлы Далада жасалған әрбір қадам тек қана Қазақстанға ғана емес, бүтін Түрік Дүниесіне дем береді. 1300 жыл бұрын ескерткіш тастарда, соңыра 11-ғасырда жазылған Махмұт Қашқаридің сөздігінде, «Құтты Білікте», 15 ғасырда Науаиде ұлттың аты *Түрік*, тілдің аты *Түрікше* еді. Бұрынғы Кеңес әлемінде болса, барлығын қамтитын бір *Түрік* ұғымынан сөз қозғалмайды. Ол кезеңде айырушы бір тіл қолдану арқылы *Түрік* – Түркия Түріктері мен бұрынғы Османлы азаматын, *Түркі* – Кеңес иелігіндегі Түрік халықтарын бейнелейтін. Ұлы Дала жүз жыл бұрын *Түркістан* жырымен шыңға шыққан, тек жазылған жерінде ғана емес, бүтін Түрік Дүниесінде көңілдерге қозғау салған Мағжан ақынымызға айрықша алғыстың міндетті борыш болғандығын тілге тиек еткендей:

Түркістан – екі дүние есігі зой,



*Түркістан – ер Түріктің бесігі зой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібі зой.*

Олардың жазған және жазатын әрбір дерегі күллі түрік әлемінің көзін ашты және аша береді.

Әдебиеттер

AKKULI, Sultanhan vd. (2017). Alaşorda Ükimetinin Kurılғанına 100 Jıl Alaşorda Fotoalbomı, Almatı: “El-şecire”.

ISIMAKOVA, Aygöl (2009). Alaş Adebıyettanuvı, Almatı: “Mektep”.

ORALTAY, Hasan (1973). ALAŞ Türkistan Türklerinin Milli İstiklal Parolası, İstanbul: Büyük Türkeli Yayınları.

ЗЕЙНЕП БАЗАРБАЕВА

А.Байтұрсынұлы атындағы

*Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы, профессор,*

ҚР ҰҒА академигі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ФЕНОМЕНИ

1988 жылы Ахмет Байтұрсынұлы ақталып, еңбектері жарық көргеннен кейін қазақ филологиясы саласының мамандары мен қалың оқырман қауым ғалымның шығармашылығымен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды. Алаш зиялысы, зерттеуші Ахмет Байтұрсынұлы өзінен кейінгі ұрпаққа өшпес, құнды тілдік мұра қалдырды. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалап, сегменттік және суперсегменттік фонология, грамматика, орфография, орфоэпия, әліпби, терминология, лексикография салалары бойынша зерттеулер жүргізді.

Ахмет Байтұрсынұлы грамматикалық терминологияның негізін қалап, зат есім, етістік, есімдік, шылау, үстеу, субъект, предикат, жағдаят, қызмет сөздер, сөйлем мүшесі, сөйлем, құрмалас сөйлем, мәтін сияқты ұғымдарды ғылыми айналымға енгізді, сонымен қатар балаларға алғашқы «әліппе» оқулығын жасады. Ғалым – педагогикалық оқу құралдарының, «Маса», «Қырық мысал» әдеби жинақтарының және көптеген әдебиеттану зерттеулерінің авторы. Қазіргі таңда ғалымның гуманитарлық ғылымның сан алуан салаларында «шашырап» жатқан терең де өзіндік ой-тұжырымдары бірте-бірте жинақталып, ойға азық болып, тіл ғылымының одан әрі дамуына үлес қосуда. Оның лингвистикаға қатысты еңбектері қазірдің өзінде кең ауқымды тіл мамандарына белгілі болғанымен, кейбір зерттеулері қазақ тіл білімінде әлі толық қамтылмай отыр.

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде қазақ тілінің ең кіші функционалдық бірлігі – фонема ұғымы оның ой-тұжырымдарында байқалады. Минималды зерттеу объектісін анықтау және сипаттау тіл білімі үшін ғана емес, кез келген басқа ғылым үшін де қызығушылық тудырады. Физикада атом, цитологияда жасуша, генетикада хромосома болса, ал тіл білімінде сөз – ең кіші функционалдық бірлік екендігі 20-ғасырдың басында, А.Байтұрсынұлының шығармашылық қызметінің шыңында ғана ерекше назар аударылды. Сегменттік фонологияда фонема сөздерді, морфемаларды, сөз формаларын ажырата алатын ең кіші функционалдық бірлік ретінде танылды.

Қазақ тіл білімінде фонема туралы алғашқы түсінік Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде кездеседі. Қазақ фонологиясының негізін салып, келесі ұрпаққа өз пайымдауларын танытып кеткен. Ғалым фонемаларды әріпке қатысты зерттеген. Қазақ тілінің барлық фонемасын екі топқа (дауысты/дауыссыз) бөліп, араб жазуы негізінде 17 дауыссыз, 2 жартылай дауысты, 5 дауысты фонема бар екенін анықтады. Жуан фонемалар әріп таңбаларымен белгіленді, ал жіңішкелерге жеке әріп арнамады. Сингармонизм (үндестік) заңы бойынша, сөздерді бірыңғай жіңішке айту үшін сөздің алдында дәйекші деген таңбаны қолданды.

Ғалым қазақ әліпбиін жасауда бір әріп бір фонемаға сәйкес келетін фонемографиялық тәсілді жақтады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеудің фонемографиялық принципі лингвистер тарапынан бағаланып, ғалымның берген тұжырымы ХХ ғасырдың 90-жылдарында фонологиялық теорияның жасалуына негіз болды. Ахмет Байтұрсынұлының ілімі позиция, инвариант, дыбыс типі, вариация деген ұғымдармен сабақтасып жатыр. Инвариант фонемалардың (әріптердің) жіңішке реңктері олардың вариациялары болып есептелсе, ал адамның ой-санасында сақталған графеманың бейнесі фонемаларға сәйкес келеді. Ғалымның зерттеулері фонема теориясының қалыптасуына зор үлес қосты.

Ахмет Байтұрсынұлы 20-ғасырдың басында қазақ жазуына реформа жасап, оны миллиондаған адам қолдана алды. Жазу теориясына қосқан баға жетпес үлесі – ғалымның араб графикасына негізделген әліпбиі. Ғалым ана тілінің демократиялық жолмен дамуына жол ашты. Қазіргі қазақ әдеби тілі азғана әлеуметтік топ қолданатын ескі жазба тілдің негізінде емес жалпыхалықтық ауызша тіл негізінде дамыды. Бұл Ахмет Байтұрсынұлының жаңа ұлттық әліпби, емле жасауы арқылы қазақ жазуын реформалауы нәтижесінде ғана мүмкін болды. Тұтастай бір ұлттың сауатын аз уақыттың ішінде ашуға бір өзі мүмкіндік жасаған тұлғалар адамзат тарихында бар болса, соның бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы. Бұл әліпбидің мәні аз ғана әріптердің қазақ тілінің бүкіл бай дыбыстық жүйесін жеткізуінде жатыр. Ғалым қазақ тілінің дыбыс жүйесін шектеулі ғана әріптермен таңбалаған. Демек, қазақ тілінде үнемдеп жазуды (төте жазу) алғаш рет ұсынған Ахмет Байтұрсынұлы. Ғалымның «төте жазуы» әлемдік тіл білімінде «Байтұрсынұлы феномені» ретінде танылды. Бұл әліпбиді шетелдегі қандастарымыз (Қытай, Ауғанстан, Пәкістан, т.б.) әлі күнге дейін пайдаланып жүр.

Ахмет Байтұрсынұлы тіл ғылымының нәзік қыр-сырын түсінетін жан-жақты дарынды теоретик болғанымен қатар, оның бірнеше еуропалық тілдерді де меңгергендігін, олардың дыбыс жүйесі ерекшеліктері туралы

айтқан тұжырымдары дәлелдейді. Қазақ тілінің просодикалық жүйесін шет тілдермен типологиялық әдістер арқылы салғастыра зерттегенде ғана байқалмайтын кейбір тілдік ерекшеліктер анық көрінеді. Филология ғылымы саласында кең ауқымды білімге ие, бірнеше шет тілдерін білетін ғалым қазақ тілінің фонетикалық-фонологиялық жүйесін орыс, француз, поляк, чех тілдерімен салыстыра зерттеуге мүмкіндік алды. Ұлы зерттеуші поэзия тілінің екпін табиғатын талдай отырып, басқа еуропа тілдерімен салыстыра зерттеп, қазақ тіліндегі буын екпінінің француз тіліндегі сияқты сөздердің аяғына келетінін анықтайды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ өлең құрылысын жан-жақты зерттеп, өлең шығарудың заңдылықтарын, шарттарын айта кетіп терең ғылыми пайымдаулар жасайды. Сөздің өлең болып, көңілге ұнап, реттілігінен туатын қасиетті сөздің айтылуын ғалым сағаттың жүргенімен, тамырдың соғысымен салыстыра отырып, дауыстың түрлі ырғақ-ырғағы болатынын айтады. Сағат және тамыр соққанының арасы қандай бірдей болса, сөз сөйлегендегі дауыс ырғақтың арасы да сондай болатынына, басқаша айтқанда, өлеңнің буындары бір мөлшерде топтасып, қайталанып, сөз жігімен бөлініп бунақ құрайтынына назар аударады. Поэтикалық тілдің бунақтары буын санымен реттеліп, гармониялық көркемділікпен сипатталады. Өлеңнің сөз сазы біркелкі толқындалып, дөңгеленіп, оның сызығы қайталанып, симметриялық өрнектермен ерекшеленетін қазақ интонациясын Ахмет Байтұрсынұлы қазақ кілеміндегі ұлттық ою-өрнектермен бейнелі түрде салыстырған.

«Тіл әуені» деген тіркестің болуы кездейсоқ емес, басқа ұлт өкілі тек сөйлеу мәнеріне, интонациялық-мелодиялық безендірілуіне, тілді білмей-ақ сөйлеу мәнеріне, интонациясына қарап, сөйлеп тұрған адамның қытай ма, әлде француз ба, неміс па, жапон ба, түрік пе, кәріс пе екенін айыруға болады. Бұл жайт интонацияның барлық тілге тән универсалды категория екенін дәлелдеп қана қоймай, оның әр тілдегі орны мен көріністерінің өзгешелігі де бар екенін дәлелдейді.

Ахмет Байтұрсынұлы өз шығармаларында ауызекі сөйлеудің құлаққа жағымды, әуезді, сөздің орфоэпиялық нормасына сай болуына көңіл бөледі. Ғалымның қазақ тілінің дауыс сазы безендірілуінің негізгі қасиеттері туралы эксперименттік (аспаптық) зерттеу әдістерімен дәлелденген пайымдаулары қазақ тілінің интонациялық теориясын жасауға негіз болды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ өлеңінің құрылысын жан-жақты зерттеп, оның буын, ағым, толқын, жорғақ заңдылықтарын ашып, терең пайымдаулар айтып кеткен. Ғалымның шығармаларында өлеңнің кестесі, айшығы, оның шумақ, тармақ, бунақ құрылыстары жіті тексеріліп, ондағы ырғақ, сөз әуезі

(интонация) ерекшеліктері де сөз болады. Бунақтардың арасы толқын ырғағымен сипатталып сөз жігімен белгіленеді, дауыс толқыны тармақтардың ішінде қайталанып отырады. Өлең ырғағын ғалым жорға жүрісінің тайпалуымен, теңселуімен бейнелі түрде салыстырады. Поэтикалық мәтіндегі сөздердің буындары санына дейін реттеліп, дыбыстары бір-бірімен үндесіп, үйлесіп отырады. Сөйлемдер мазмұнына қарай түзіліп, интонация компоненттері байланысқа түсіп, өзгеше әсемдікпен өрнектеледі. Өрнекті сөйлемді айтқанда, дауыс көтеріліп, әнше оралып, толқынданып, қайрылып отырады, деп ғалым интонацияны өте дәл бейнелеген.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың өлең жүйесін басқа еуропа тілдерімен салыстыра талдай отырып, француз я поляк тіліндегі өлең жасап шығаратын табиғи жол қазақ тілінде өлең шығарудың да негізгі шарты бола алады, яғни поэтикалық тілде дауыс ырғағы буын санымен өлшенетінін дәлелдейді. Өлең ырғағының буындары белгілі мөлшерде ретпенен топтасып, бунақ құрап қайталанып тұрады. Мұндай буын санына негізделген силлабикалық өлең жүйесі басқа да түркі тілдерінде қолданылады. Үндестік заңы сөздердің буындарын бір-бірімен жымдастырып, ешбір шашырауға жол бермей, буындардың дыбыстарын бірыңғай түсіріп үндестіріп, үйлестіріп тұрады. Өлеңдердің сөйлем әуезділігі толқынданып, ғалым айтқандай, текеметке түскен өрнегі сияқты, қазақ және басқа түркі тілдерінің агглютинативтік құрылымы және үндестік заңына бағынады.

Ахмет Байтұрсынұлы өрнекті сөйлемдердің шеңберінде соңғы уақытта дамып келе жатқан функционалды грамматиканың, қазіргі тіл білімінің категорияларын (мәтін, абзац, дискурс) шебер қолданады. Бұл ғалымның интуициясы мен әмбебаптылығын көрсетеді.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ интонациясының, фонологиясының, жазу реформасының, өлең құрылысы теориясының негізін қалады. Ғалымның тіл мәселелері туралы өткен ғасырдың 20-жылдарында айтып кеткен ой-тұжырымдамасы қазіргі кезде өз бағасын жоғалтпай, қайта тілтанымның жаңа бағыттарының дамуына өз үлесін қосары сөзсіз.

ӘБДІЛҚАЮМ КЕСІЖІ

*Еуропа Қазақ Қоғамдары Федерациясының төрағасы,
саясаттану ғылымдарының докторы, Германия*

ТІЛ ДЕГЕН - ҰЛТ ДЕГЕН СӨЗ: АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚАЗАҚ ҰЛТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КАРТАҒА ҚАЛАЙ ОРНАЛАСТЫРДЫ

Ұлт ұстазы, Алаш қозғалысы рухани басшыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы Қазақстанда түрлі шаралармен аталып өтілуде. Университеттер, ғылым ордалары, институттар мен зиялы қауым бір жағынан Ақаңның жолымен бірсыпыра экспедиция ұйымдастырса, екінші жағынан оның еңбектерін қайта басып шығарып жатыр. Сонымен қатар, елордада, Алматы мен Шымкент қалаларында ұлт ұстазына ескерткіш те қойылды. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер де Байтұрсынұлының мерейтойына өз үлестерін қосып үлгерді [1]. Ал, ұлт ұстазы мерейтойының халықаралық салтанатының үстіміздегі осы қазан айында Париждегі UNESCO штаб-пәтерінде өтетін болып бекітілуі зор мәнге ие, бұл біз сықылды Еуропадағы қазақ диаспорасы өкілдерін де қуантатын жай.

Ахмет Байтұрсынұлының тіл төңірегіндегі қызметтеріне тақырыбымыз аясында тоқталудан алдын, 19 ғасырда Еуропада орын алған жағдайды қысқаша айта кетсек артықтық етпес. Бенедикт Андерсонның “Қияли Жұртшылықтар” (Imagined Communities) атты еңбегінде баяндауынша, ол кезде “... Еуропадағы ішкі династиялық империялар негізінен көп тілді еді. Басқаша айтқанда, күш және басылым тілі жағынан сызылған карталар бір бірінен айырмашылықты еді” (Андерсон, 2004: 94). Біз мұны сол кездегі түрлі тілдер картасы деп атасақ та болады. Аталған еңбегінде Андерсон өз ойын былай деп сабақтайды: “19 ғасырдың айырмашылықты басты ерекшелігі саналған сауаттылық, сауда, индустрия және мемлекеттік аппараттардағы дамушылық, әрі династиялық мүлік-жер ішінде халық тілі негізінде бірлік жасау турасында мықты түрткілер туғызды” [2].

Еуропада орын алған тіл төңірегіндегі бұл құбылыстар біртіндеп қазақ жерінде де белгілі дәрежеде, азды-көпті айырмашылықтармен болса да байқала бастады. 19 ғасырдың екінші жартысында, Еуропа өркениетін жақтайтын алғашқы қазақ зиялыларының шыға бастағанын көреміз. Олардың қатарында Шоқан Уәлихан, Ыбырай Алтынсары және Абай Құнанбай үшеуінің алған орны ерекше саналады [3]. Батыстық мамандар тарапынан “секуляр зиялылар” [4] деп аталған осы зиялылар тобы, ғылым-білім, педагогика және әдебиет са-

лаларында еңбектер жазды. Олар Еуропа өркениетіне жету үшін орыс тілін білудің керектігін айтса да, қазақ тілінде оқытудың маңыздылығына да назар аударып отырды. Мысалы, Ыбырай Алтынсары қазақша оқулықтар жазды. Алғашқы қазақ грамматика кітабын және алғашқы Қазақша-Орысша сөздікті дайындаған да сол. Орыстармен тең құқықты болудың жолы, жақсы білім алумен ұштасатындығына сенген Алтынсары, қазақ тілінде оқытуды, білім беруді өте маңызды деп санады [5].

Шоқан Уәлихан, Ыбырай Алтынсары және Абай Құнанбайлардың өзедрінен кейінгі қазақ зиялыларына болған ықпалы да талас туғызбайды. Қазақ тіліне, әдебиетіне қуат берген, оларды жасатқан қайраткерлер туралы сөз қозғалғанда, белгілі ғалым А. Зеки Велиди Тоган “Байтұрсынұлы Ахмет, Дулатұлы Міржақып және Бөкейханұлы Әлихан есімдерін ерекше атайды. “Түрік елі Түркістан Тарихы” және “Естеліктер” (Хатиралар) деп аталатын еңбектерінде ол, Байтұрсынұлын ғалым, жазушы деп сипаттап, жоғары бағалайды. Ол, “...Ахмет Қазақ тілінің сарфин (грамматикасын) жазды және емлесін (орфографиясын) нақты түрде анықтады” деп атап өтеді. [6].

Ахмет Байтұрсынұлы оқу-ағартудың, қазақша бала оқыту ісінің кең қанат жаюы үшін араб жазуы негізіндегі әліпбиге реформа жасалуын керекті деп санап, педогогика және білім беру салаларында жаңа әдістерді пайдалануды жақтады. Ақаң, педагогика саласына қоса, басқа салаларда да толып жатқан еңбектер, өлеңдер жазды, аудармалар жасады. Бұларды қазіргі қазақ ғылым ордалары жақсы бағалап, қайтадан басып шығарып отырғанын да жоғарыда атап өткен едік.

Ахмет Байтұрсынұлы, тіл, дін және жазуды ұлтты ұлт қылған негізгі қасиеттер деп санады. Осы орайда, ол Ресей империясының орыстандыру, ұлтсыздандыру саясатын сынаудан да тайынбады. Бұл туралы ол былай дейді: “Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни, қазақтың діні, тілі, жазуы суық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек... қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс” [8].

Ал, Байтұрсынұлы, Еділ-Оралдан Қытайға шейін, Жайықтан Түркістан Алатауға шейін созылған аумақта тұратын қалың қазақтың ішіне түрлі халықтардан тұратын және баса көктеп кіріп жатқан қоныс аударушылар туралы да алаң білдіреді. Ол, осындай заманда біз атымызды, ұлтымызды жоғалтпай, қазақ деген ұлт ретінде неге өмір сүре алмайды екенбіз деп сұрайды? Осыған орай Байтұрсынұлы “бұл сұрақ бізді күндіз түні мазалап, ұйықтатпайды. Біздің осындай аралас халықтарымыз болғанда, тек өзінің тілі,

өзінің әдебиеті бар ұлт қана сақталады. Өз тілімен сөйлеген халықтың ұлттығы еш уақытта жоғалмайды” деп түйіндейді [4]. Ақаң, ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл екендігін айтады. Бұл туралы ол, “сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер ең әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады, дейді.” [8].

Ақыры мешеу дамыған, қараңғылық басқан қазақ қоғамын ояту, оны ұлт азаттық күрес жолына алып шығу мақсатында «Қазақ» газеті шығарылады. Бұл газет, “белгілі дәрежеде, сол кезеңдегі қазақ ұлт-азаттық қозғалысының белсенді қайраткерлері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсын және М.Дулатұлының үлкен еңбегінің ортақ жемісі еді...” [9]. «Қазақ» газетіне бас редактор болып Ахмет Байтұрсынұлы белгіленді. Ол, газеттегі алғашқы мақаласында былай деп жазды: “Аталы жұртымыздың, ауданы ұлтымыздың аруақты аты деп, газетіміздің есімін “Қазақ” қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет” [10].

Батыстық мамандардың пайымдауынша, «Қазақ» газеті редакторларының негізгі саяси мақсаты қазақ халқының өз алдына жеке халық болып сақталуы еді. Сонымен бірге олар, қазақтар саяси және мәдени жеңілдіктер алуға құқылы деп санады. Олар “қазақтықтарын” ұлттық болмыстың бір түрі деп түсінді. Газеттерінің атын да соған арнады. Негізінен қазақ атауының өзі саяси ұстаным еді. Өйткені бұл, орысша “Киргиз” деп жаңсақ атауға қарсы, қазақтардың өз аттарын атап еске салуы еді. Байтұрсын және қаламдас серіктері ассимиляцияға қарсы күресіп, тілді, мәдениетті және тарихты сақтауға күш салды. Олар қазақтардың қазақша сөйлеп, қазақ бола тұрып, прогресивті (алға басқан), модерн (заманауи) ел бола алатындығын алға тартты [4].

“Қазақ Алаш Орда Қозғалысы” деген тақырыпта диссертация қорғап, доктор (PhD) атанған Еуропадағы қазақ диаспорасына жататын жас ғалым Өзгекан Кесики-Аюби, Алаш қозғалысының, осы «Қазақ» газетінің жазушылары мен редакторлары айналасында дүниеге келгендігіне назар аударады. Газеттің қызметтерінің басқа зиялылар мен әлеуметтік қозғалыстардың да кәдесіне жарағандығына меңзейді. Бұған қоса ол, оның қазақ даласындағы хабарларды жинап және тарату арқылы пайдалы бір байланыс орталығына айналып үлгергендігін де атап өтеді [11]. Жас ғалымға осы баяндаманы дайындау кезінде берген кеңесіне орай, алғысымды айта кетпекпін.

1913 жылы Байтұрсынұлы шығарысқан «Қазақ» газеті, тез арада өзі реформалап, стандарттастырған Қазақ әліпбиін нығайтушы платформаға айналды. Оның «Төте жазу» деп аталатын әліпбиі 1929 жылға дейін қолданылды. Одан соң Совет үкіметі қазақтарды алдымен латын әліпбиіне,

кейін кирилицаға көшірді. Байтұрсынұлының реформалаған қазақ әліпбиінің ықпалы соншалықты маңызды болды. Қытайдағы және Моңғолиядағы қазақтар әлі күнге шейін Байтұрсынның төте жазуын қолдануларын жалғастырып келеді (Кесики-Аюби, 2016: 124). Бұған қоса төте жазумен шыққан дүниелерді, сол жазуды қолданған, өзара сол жазумен хабарласқан қазақ диаспорасы өкілдеріне Еуропа елдері мен Түркияда да әлі күнге шейін жиі кездеседі. Мұның өзі “1926 жыл Бақуда өткен Бүкілодақтық Түркология Құрылтайында реформаланған араб әліпбиі негізіндегі төте жазуды қолдап, латын қарпіне қарсы тұрған” [12]. Ахмет Байтұрсынұлының әлемнің әр жеріндегі қазақтардың тіл және жазу арқылы біртұтас ұлт болып ұйысуына, сақталуына қосқан зор үлесін аңғартса керек. Міне сондықтан, Ақаңның қазақ ұлтының жоғарыда аталған халықаралық тілдер картасына орналасуындағы рөлі үлкен де ерекше деп айтуға толық негіз бар.

Әдебиеттер:

1. Айқын, “Ақаң тойы – ақыл тойы “ (Д. Камзабекұлымен өткен сұхбат), 03.09.2022.
2. Benedict Anderson, *Hayali Cematlar, Milliyetçiliğin Kökenleri ve Yaуılması*, Çev. İskender Savaşır, Istanbul, 2004, B. 94.
3. G. Hambly, *Zentral Asien*, (Fischer Weltgeschichte Band 16), Frankfurt, 1966, B. 209.
4. Martha Brill Olcott, *The Kazakhs*, Stanford, 1995, B. 105, 118.
5. A. Kayyum Kesici, *Dün, Bugün ve Hedefteki Kazakistan*, Istanbul, 2003, 152-154
6. b. A. Z. V. Togan, *Bugünkü Türkili (Türkistan) ve Yakın Tarihi*, Istanbul, 1942-1947, B. 496.
7. Д. Әшімханов, *Бес Арыс*, Алматы, 1992, 212-214 б.
8. Сағымбай Жұмағұл, “Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының нақыл сөздері”, Орталық Қазақстан, 14.05.2020.
9. М. Койгелдиев, *Алаш Қозғалысы*, Алматы, 2008, Б. 187.
10. А. Байтұрсын, *Қазақ*, Алматы, 1998, Б. 11.
11. Özgecan Kesici-Ayoubi, *Attaining Modernity through Nationalism: The Kazakh Alash Orda Movement*, PhD Dissertation, University College Dublin, 2016, B. 124.
12. Hasan Oraltay, *Alaş Türkistan Türklerinin Mill İstiklâl Parolası*, 1973, B. 59.

ӨМІРХАН ӘБДИМАНҰЛЫ

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы,
халықаралық Айтматов академиясының академигі*

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ

Кешегі әлемнің алтыдан бір бөлігін алып жатқан кеңестік империя құлап, қазақ елі тәуелсіздіктің көк туын көтеріп, егемендікке қол жеткізгелі бергі қоғамдық саяси өзгерістер жас мемлекетіміздің демократиялық жолмен дамуына негіз қалады. Соның нәтижесінде ұзақ жылдар тежеудің тегеурінін көріп келген ұлттық сана тың серпінге ие болып, өткенді жаңаша көзқараспен байыптауға бет бұрған халқымыз уақыт-мезгілдің құдірет күшімен өшіріліп кеткен «ақтаңдақ» беттерді оянған сананың «үлкейткіш шынысымен» оқи бастады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі ұлы оқиғалардың тарихи шындығы ашылып, оларды ұлттық идея, халықтық мүдде тұрғысынан зейінді зерделеу мүмкіндігі туды. Әсіресе ұлтына өлшеусіз еңбек сіңірген алаш қайраткерлерін танып-білуге деген құлшыныстың қуаты ерекше.

1988 жыл қазақ руханиятында қоғамдық өмірімізге өзгеше бір өзгеріс әкелген тарихи жыл болып қалары сөзсіз. Өйткені бұл жылы қалың қазақ қауымы ұзақ жылдар бойы көз жазып қалған асыларыстарымен қайта қауышты. Зұлмат заман тұсында жалған жаламен жазықсыз жазаға ұшырап, сталиндік саясатқа құлдық ұрғандар ұлт тарихынан аластатуға тырысқан ұлылардың санадағы шырақты сәулесі қайта жарқырап, шығармаларындағы нұрлы ойлары жүректерге шуақ шашты. Аңсап жеткен арыстарымыздың тағылымына тағзым ете бастадық. Артынша-ақ, егеменді ел болуымыз да көп күттірген жоқ. Қуанышы көл-көсір, шаттығы шаш етектен келген тәуелсіздікке де қол жеткіздік. Міне, осы кезеңде қайта танып-біле бастаған арыстарымыздың бірі, бірі емес-ау, бірегейі Ахмет Байтұрсынұлы болатын.

Ұлының ұлылығы – соны сезіне біліп, пәни жалғанның аз күндік алдамшы қызығына айланып қалмай, ертеңнің керегіне қарекет жасау. Бірақ жер басып жүрген пенденің бәріне ұлыға айналуы тағдыр жазбаған. Сондықтан да бүгіндей ұлт табынар рухқа айналған жандар тым сирек. Әр дәуірдің, әр заманның біртуар тұлғаларын уақыт жасары хақ. Осындай ой келген сәтте, еске еріксіз орала беретін бір тұс – XX ғасырдың басы. Шындығында, осы тарихи кезеңде ұлтын өркениет дамуының даңғылына бастаған озат ойлы зиялылар шоғыры молдау көрінеді. Бірақ «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»

демекші осынау топтың ішінен қазақ руханиятындағы кемеңгерлік болмысы мен азаматтық тұлғасы көзге айрықша шалынатын ұлы азамат – Ахмет Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлын қайта тануға талпыныс білдіре бастағанымызға ширек ғасырдың жүзі болып қалыпты. Ол кісі туралы біраз зерттеулер жүргізілгенімен, әлі басы ашық, шешімін күткен «ақтаңдақ» жайттар жетерлік.

Әрине, Ахаңа қатысты «ақтаңдақтар» мәселесі – өз алдына жеке әңгіменің арқауы. Біздің қазіргі мақсатымыз – ахметтанудың негізін қалаушы ұлы Мұхаң сонау бір кезде айтқан «ұлттың рухани көсемі» деген тіркестің мәнін ашуға ұмтылыс жасау. М. Әуезов бұл сөзді дер кезінде айтты және тауып айтты. Бірақ осы ұғымның мәнін кеңірек ашуға ол кісінің мүмкіндігі болмады, Ахаң тақырыбына қайта бір орала алмады, шындығын айтқанда оралтқызбады. Әйтпесе, Мұхаңдай ғұлама өз жазбаларын сан рет қайта қарап, Ахаңдай ұлы тұлғаның рухани көсемдік сипатын толық ашып берген болар еді. Амал кәне, өткенге өкінгенмен, пайда жоқ. Ендеше сол Әуезов ашқан алты алаштың ардағына айналған болмысына бүгінгі таным деңгейінен көз жіберіп, шама-шарқымыз жеткенше Ахаң көсемдігінің сырын ашып көрейік. Мақсат Ахмет Байтұрсынұлы азаматтық тұлғасының белгілі бір қырына ғана назар аудару немесе жекеленген шығармаларын талдау емес, бүтін болмыстың бүтіндігін толық таныту.

Әрбір ұлы тұлғаның тұғырлы бейнесі ол өмір сүрген ортаға, тарихи кезеңге тереңірек көз жібергенде ғана шынайы аңғарыла бастайды. Ахмет Байтұрсынұлы – заманына сай туып, дәуірдің жарығы мен қараңғысын бірдей бағдарлап, жамандығынан жерініп, жақсылығынан үйрене білген жан. Ол – бір басында сан-саналы өнер тоғысқан, телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі, қиындыққа толы тартысты ғұмырында қараңғылықта қалған қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар деп білмеген бірегей тұлға. Бір басына сан түрлі салқар санаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат қазақ руханиятындағы теңдесі жоқ құбылыс десек, артық айтқандық емес. А.Байтұрсынұлын күрескер қайраткер, ақын, журналист, ғалым, ағартушы-санаткер еткен де біріншіден, халқына деген сүйіспеншілік, екіншіден, алысты болжаған көрегендік. Оның артына қалдырған бай мұрасын қарастырғанда, алдына қойған осы күрескерлік мақсатына байланысты бағалау ләзім.

Ахметтің халқын сүйген ұлтжандылық қасиеті бүкіл адамдық, азаматтық, қызметі мен іс-әрекетінен көрініс табады. Оның күрескерлік қасиеті ерте кезде-ақ айтылып, елге танытылып отырды. 1917 жылдың 19-қазанында «Қазақ» газеті Алаш партиясы атынан учредительное собраниеге сайланатын депутат-кандидаттар туралы қысқаша анықтамалық береді. Сонда

Торғай облысынан бірінші болып Ахмет Байтұрсынұлы аталған. Ол тура-лы былай деп жазылған: «Ахмет Байтұрсынов – «Қазақ» газетін шығарушы. Қазақ әдебиетіне негіз салушы қазақ ақыны. Ескі үкіметтің қылышынан қан тамып тұрған заманда халыққа қызмет етіп, хүкіметке қарсы пікірде болғаны үшін 9 ай абақтыға отырып, одан кейін қазақ облыстарында тұрмау шарты-мен жер аударылған. «Қазақ» газеті үшін 4550 сом айып тартып, абақтыға отырып, соңғы 12-13 жылдың ішінде қуғын-сүргіннен көзі ашылмаған алаш азаматтарының бірі» (Қазақ. 1917. – № 245). Аз да болса көп сыр түйген бұл сөздер – Ахмет тұлғасын танудың бір көрінісі.

Ә дегенде-ақ назарға ілігетін бір сипат Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл тірлік-тынысы, адамдық болмысы, ең алдымен, азаттық ұғымымен аста-сып жататындығы. Ол – жеке бас, жеке адам бостандығының жоқтаушысы емес, түгел жұрт, тұтас ел азаттығының ту ұстаушысы. Жалпы ХХ ғасыр-дағы саяси күреспен мазмұндалған азаттық қозғалыстың бастауында тұрған қайраткерлердің рух-тұлғасы осы Ахаң.

Ахмет Байтұрсынұлының тұғырлы тұлғасын, ұлттың рухани ұстазы ретіндегі көшбасшы көсемдігін бәрінен бұрын оның қоғамдық-әлеуметтік қызметтері айқындайды. Оның қайракерлік іс-әрекеттері өткен ғасырдың бесінші жылдарында басталып, өзі өмірден өткенге дейін ешбір толастаған емес. 1905 жылы Ж.Ақбаев екеуі қазақтың алғашқы құрылтайын өткізіп, патша өкіметіне талап-тілек жіберуді ұйымдастырса, онан кейінгі жылдары да отаршылдыққа қарсы астыртын түрде жүргізілген күресін тоқтатқан жоқ. Пат-ша тақтан түсіп, жарық күн туды деген заманда серіктестерімен бірге Алаш партиясының жобасын жасап, Алаш өкіметін құрды. Сол өкіметтің бірден-бір рухани көсемі (идеологы) болды. Кеңестік өкіметтің жеңіске жетері шынға айналған сәтте елді қырғынға ұшыратпаудың қамын ойлап, көрегендік көрсетіп, Алашты кеңес жағына алып шығып, Кеңес үкіметінің алдына нақты талаптар қоя алды. Алаштықтардың ел ісіне араласып, жұртқа жолбасшылық көрсетуіне бірден-бір көшбасшы болды. Ол алғашқы революциялық коми-тет төрағасының орынбасары, Қазақ автономиясының тұңғыш халық ағарту комиссары, ұлттық академиялық орталықтың алғашқы төрағасы қызметтерін атқарып, кеңестік өкіметке алаңдай қарап, жаңа қоғамға күпті көңілмен аяқ басқан жұртына сасқанда таяныш, қорыққанда тірек бола білді. Біздің бұл ойымызды 1918 жылы жазған Ахмет Байтұрсынұлының мына бір сөздері бекіте түседі. «Біз тізгінімізді өзіміз алып, өз ұлтшылдығын өзі сақтайтын жұрт болу үміті үстінде тұрмыз. ... Келген дәуірдің амал-ісін танып, қадірін біліп, қайталанбай қалып, соңынан өкініп жүрмелік. Өткен дәуір, өткен өмір сияқты, бір келген күйінде қайта айналып келмейді. Осы жағын естен

шығармай, тез іске кірісу керек...» (Абай. 1918. – №7.). «Асығу» керек атты бұл мақала сол тұстың шындығын, «Алаш» көсемдерінің көздеген мақсатын дәл береді. Ахмет бастаған қазақ зиялылары бұл ойдан ешқашан да ажыраған емес. Кейін қолдан келер қайран жоқ болған соң, лажсыз көп нәрсеге қайта қарап, «қателіктерін» мойындады. Оларды мұндай қадам жасауға мәжбүр еткен де, ел қамы, ел тыныштығы, ел бақыты болатын. Бірақ жұртының көретін зобалаңы әлі алда екенін кеш білді...

Ахаңның кеңес тұсындағы қайраткерлігі туралы аса көрнекті тарихшы академик Кеңес Нұрпейісов: «Алаш қозғалысы тарих сахнасынан күштеп кетірілген жағдайда оның басында болған ұлттық-демократиялық зиялы қауым кеңес үкіметі мен коммунистік идеологияға қарсы күресті рухани салаға ауыстырып, оның (күрестің) «бейбіт» жолдарын таңдады. Күрестің бұл жолдарын Ахаң олардың көбінен бұрын 1919 жылдың көктемінде таңдап алған еді.

Жиырмасыншы жылдардың басында елде қалыптасқан жаңа саяси жағдайда, кеңес мемлекетін мекендеген түркі тілдес халықтардың ұлттық-демократиялық интеллигенция көсемдері (Қазақстанда – Ахмет Байтұрсынұлы, Башқұртстанда – Заки Валиди Тоған, Татарстанда – Мирсаид Сұлтанғалиев т.б) халықты күннен күнге күшейіп келе жатқан билеуші режимге қарсы қарулы күреске шақыру қажетсіз, тіпті зиянды деп санады... Олар өз өкілдерін мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу және сол арқылы халыққа ықпал жасау, ұлттық мүдделерді қорғау құралдары ретінде оқу-ағарту, мерзімдік баспасөз, ғылыми орталықтар, әртүрлі салалардағы кеңінен пайдаланудың ауқымды шараларын 20 жылдардың алғашқы сегіз жылында жүзеге асырды» деген тұжырым жасайды [1, 125]. Бұл кездегі Қазақстандағы қазақ зиялыларының бірден-бір көсемі А. Байтұрсынұлы болатын. Сондықтан ол кеңестік әкімдік-әміршілдік билікке қарсы рухани күресті ұйымдастыруда аянған жоқ. Әлихан Бөкейханов бұл жылдары Мәскеуде тұруға мәжбүр болды. Сондықтан ол рухани майданға белсене араласа алмады. Ал Ахаң бастаған алашшыл қазақ зиялыларының рухы жығылмағанын сезіне бастаған тотаритарлық жүйе олардың көзін жоюды мақсат тұтып, «Кеңес үкіметінің жауы», «буржуазияшыл ұлтшылдар», «терорлық әрекетті дайындаушылар» деген негізсіз айыптар тағып, қудалауға түсіріп, ақыры түрмеге жауып, аттырып тынды.

Қазақ халқының болашағы үшін қайтпас қажырлықпен, ересен іскерлікпен еңбек еткен ұлы қайраткердің үмітті асыл армандарын Қазақстанға Ф.И. Голощекин сияқты әпербақан саясатшының келуі үзді. Қазақстанда ол өзінің «кіші көсемдік» идеяларын іске асыру үшін «кіші Октябрь» саясатын жүргізді. Бұл



жолда небір сойқандыққа барған Голощекин өз пікіріне қосылмайтындарға «ымырасыз күрес» бастап, қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдерін жаппай жазалау саясатын ашықтан-ашық жүргізді. 1928, 1937-38 жылдары халықтың 22 мың озық ойлы өкілдері жаппай террорға ілініп атылып кетті, 49 мың адам түрмеге қамалды. Сол озық ойлы зиялылардың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы болғанды.

Ахаң тұлғасын өзгелерден биіктете түсетін келесі бір азаматтық жүк – ағартушылық. «Жүректегі жарасы он үшінде ойын оятқан» Ахаңның алға қойған ұлан мақсаты – ұлт санасын ояту, халықты өнер-ғылымға үндеп, өркениетті елдердің қатарына қосуды көздеген ағартушылық, отаршылдыққа қарсы ымырасыз күрес. Осынау ұлы мақсаттарға оқусыз, білімсіз қол жеткізуге болмайтындығы бесенеден белгілі. Ал, оқып, білім алу үшін халықтың өзіндік жазуы, қажетті оқу құралдары, ұлттық мектептері болуы керек. Ахаң «Алла!» деп, ағартудың ақ жолына түскен сәтте бұның көбі жоқ болатын. Оларды жолға қою Аханды бәрінен бұрын ана тіліміздің мәселелерімен айналасуға, оны оқу пәні дәрежесіне көтеруге ден қойғызған-ды. Өйткені тіл барлық істің бастауы екендігін, онсыз ешбір білім- ғылымның дамуы мүмкін еместігін ұлы ұстаз жақсы түсінді, жете білді.

Ахаң атқарған ұшан-теңіз рухият істерінің ең зоры – тұңғыш тілші-ғалым ретіндегі қазақ тіл білімін дамытуға қосқан үлесі. А. Байтұрсынұлы әу бастағы алған білімі, мамандық бағдары жағынан кәсіби тіл маманы емес болатын. Оны тіл біліміне алып келген жоғарыда айтып өткен оқу-ағарту ісін жолға қою, оқу-білім арқылы қазақ халқын отарлық езгіден құтқару мақсаты. Арнайы дайындықтан өтпегендігіне қарамастан, бойында туа біткен дарыны бар тілші-ғалым тума біліктілігінің арқасында туған тілінің табиғатын, оның құрылымдық категорияларын жете меңгергенді. Әрине, қазақ грамматикасының сыры мен қырын танудағы оның алғашқы сүйеніші орыс лингвистикалық мектебінің ілім-білімі болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ ол ә дегенде-ақ, туыстығы жағынан ерекшеленетін түркі тілдерінің (оның ішінде қазақ тілінің) құрылымындағы орыс тілінен айрықшалайтын басты ерекшеліктерді тап басып тани алды.

А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту мен зерттеуде белгілі бір жүйелі мақсат ұстанған. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды мұрат тұтып, бұл жолда тұңғыш әліппе – «Оқу құралды» жазды, одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын, ана тілінің төл заңдылықтарын талдап, пән ретінде оқытып, үйретуді жолға қойды, сөйтіп, үш бөлімнен тұратын «Тіл-құралды» дүниеге келтірді.

Әрине, қазақ тілі туралы ой-пікірлердің Ахаңа дейін де айтылғаны, XIX ға-

сырдың екінші жартысынан бастап олардың жүйелі сипат алғаны да рас, мұны ешкім де жоққа шығара алмайды. Бірақ ескере кетер бір жайт, ол еңбектердің барлығы да ана тілімізде емес, зерттеліп отырған тіл табиғатына жат тілдерде жазылғандығы. Сондықтан да олардың бірде-бірінде (Ильминский, Мелоранский, т.б.) туған тіліміздің өзіне тән табиғаты түбегейлі ашылған жоқ, және олар өзге тілде жазылғандықтан да қазақ халқының сауатын ашуға жолбасшы бола алмады. Ең бастысы, оларда қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық құрылымдары байырғы замандардан бері қарай бірден-бірге жалғасып келе жатқан үнді-европалық тіл білімінде орныққан дәстүрлі ұғымға, үлгіге негізделді, лингвисталық терминдері де солардан алынды.

Орыс зерттеушілерінің басым бөлігі өзенбектерінде үнді-европалық тілдерде бар категорияларға қазақ тілінен мысалдар іздеді, таба қалған жағдайда терең байыбына бара қоймастан, ол категория қазақ тілінде де бар, таппаса, жоқ деп, біржақты тұжырым жасады. Бұның бір дәлелін Елдос Омаровтың «Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми қызметі» атты еңбегінен таба аламыз. Ол: «Ахмет Байтұрсынов өзінің оқу құралдары арқылы тамаша жаңалықтар ашты. Оның жаңалықтары Европа ғалымдары жазған қазақ тілі грамматикаларына қандай түзетулер, толықтырулар енгізілгенін бұл еңбектерді салыстыра қараған адам бірден көреді» [2, 27], – деп, әділін айтқан болатын. Ахметтанудың бастау көзінің біріне саналатын осы зерттеуінде Елдос Омаров Аханды қазақ тіл білімінің теңдесі жоқ білімпазы деп танып, ол жасаған әліппе, ол жазған грамматикаға қатысты еңбектерді өте жоғары бағалап, олардың қазақ тілі туралы жат жұрт ізденушілері жазған жұмыстардан артықшылығы ғалымның ана тілінің төл табиғатын терең тануында екендігін дәйекті деректермен дәлелдей алды. А. Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне сіңірген ерен еңбегін бағалауда өз кезінде оның идеялық қарсыластары болған қазақ азаматтары да шындықтан аттап кете алмаған. Кеңестік кезең тұсында Аханды жақтыра қоймағандардың бірі болған Сәбит Мұқанов 1932 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқулық – зерттеуіндегі Ахметке арналған тарауында шығармаларын сынап, ұлтшылдығын мінеп, біраз сілкілегенімен, тіл мәселесіне келгенде: «Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам- Ахмет. Ахметтің бұл еңбегі бағаланбай қалмақ емес» [3, 125], – деп бұл тараптағы еңбектерін лажсыз мойындайды.

Ендеше, Ахаң – қазақ тіл білімінің ана тілімізде зертелуіне даңғыл жол ашып, туған тіліміздің теориялық тұрғыдан тұғырлы тұжырымдалуының негізін қалаушы, өзінен кейінгілерге жөн-жоба көрсетуші ғұлама ғалым деуге толық құқымыз бар.

Ахмет Байтұрсынұлының салқар санаткерлігіне тән бір сырлы құбылыс – шығармашылық. Бұл құбылыс – негізінен құбылмалы дүниенің дүбірін дәл мезгілінде аңғарып, оны жыр жолдарының мазмұнына жүк еткен поэзиядағы ізденіс жемісі. Ахаң – ел азаттығы жолындағы жалаң күрескер ғана емес, сол күрес идеясының әдебиетте көрініс табуының негізін қалап, азаттық сарының дәстүрлік алтын арқауын жалғаған жалынды ақын, қарымды қаламгер. Қалай болғанда да, алашшылдардағы азаттық идеяның тұғырнамасын жасаған Ахаң шығармалары екендігі дау туғызбаса керекті. Ел азаттығы жолындағы күреске үндеудің кезеңі пісіп-жетілгенін жете түсінген Ахаң поэзияны санада сарыптап болған азатшыл ойларының жүректен жұлқынып шығар рухты үніне айландыра білді.

Алдымен ол күдік пен қудалау құтырынып тұрған заманда көз алдаудың әрекетін жасап, тағылым-танымы ұлтының табиғатына етене жақын мысалды тәржімалап, қаламының қарымын бір байқатады. Ахаң тәржімасы тәлімдік түйіндерімен ғана емес, пернеленген ой астарындағы азаматтықты аспандатқан өзгеше сарынымен де өзіне тәнті етті. Орыстың атақты мысалшысы И.А. Крыловтан өз шығармашылығына өзек тартып, өрнек алған Ахаң мысалдан ұлт санасын оятар ділгір қажеттілік тауып, «алыстан сермеп, жақыннан тербеген» терең тәлімімен көзі қарақтының көкірек көзін ашты. Сондықтан да 1909 жылы Петербургте жарық көрген «Қырық мысал» атты алғашқы жинағын туған халқы төл туындыдай жатсынбай қабылдады.

В.Г. Белинский өзінің Крылов шығармашылығына арналған бір еңбегінде оның мысал жанрын дамытуға қосқан үлесін көрсете келіп, творчествосына тән өзіндік ерекшелігін: «Тәрбиелік мәні басым мысалдарды сатираға айландыра отырып, таза орыс мысалын жасады» [4, 155], - дейді. Ендеше әрбір мысалшы өз творчествосында ежелден келе жатқан мысал үлгілерін «таза ұлттық» ете білгенде ғана және сол мысалдардағы пернелей айтылған ой жұрт жүрегін оята алғанда ғана, ұлттық танымға сай шығып, көркемдік биікке көтеріле алады. Осы тұрғыдан алғанда, көзі тірісінде үш рет жарық көрген «Қырық мысал» жинағындағы Ахаң мысалдарын төл туынды санауға әбден болады.

Мысал жанрын зерттеушілер әлемдік әдебиет тәжірибесінде мысалдың ортақ 36 тақырыптық желісі бар деп біледі. Әр ел мысалшылары сонау ертеде кезден-ақ бір-бірінің тың дүниелерін аударып, тақырып алмасып, ой бөлісіп дегендей, шығармашылық тұрғыдан тығыз бірлікте болған. Ежелгі Эзоптан бастау алатын бұл дәстүр содан бері жалғасын үзбей келе жатқаны бұлтартпас шындық. Бірақ қаншама тақырып тектес, тағылым үндес десек те, қиыннан қисынын тауып, өзінің мәңгі өзгермес өрнегін салып кеткен туындыгерлер де аз емес. Мысал тарихында әр ел өз ақынын алға шығарғысы келген кез-

дер де болған, бола береді де. Мәселен сонау бір заманда француз Лемонтье жерлесі Лафонтенді ең ұлы мысалшы деп танығысы келсе, ұлы А.С. Пушкин: «Бірде-бір француз Лафонтеннен ешкімді жоғары қоюға жүрегі дауламайды, бірақ, меніңше біз Крыловты одан да жоғары қоя аламыз. Бұл екеуі де өз елінің мәңгілік сүйіктісі болып қалады» [5, 20], - деп, орыс мысалшысын ұлы мысалшы деп таныған. Олай болса, әлемдік тәжірибеден тәлім алып, озық үлгідегі тәржіма жасаған, мысалға қазақ болмысын, қазақ рухын ұялата білген, сөйтіп таза қазақы мысал туғызған Ахаңды неге ұлы мысалшылар санатына қоспасқа. Бұған кейбіреулер Ахмет өз жанынан мысал жазған емес, ол жай ғана аудармашы ғой деуі мүмкін. Солайы, солай ғой. Бірақ әлгінде ғана сөз қылған Лафонтен де өз жанынан бірде-бір мысал шығармаған, бұрыннан бар нәрсені не аударып, не қайта жазып шыққан. Соған қарамастан француздар оны ұлы мысалшы деп біледі. И.А. Крылов 33 мысалының сюжетін Лафонтеннен алғанын мойындаған, яғни аударған десе де болады. Осы Крыловтан орыс түгілі өзіміз азырқанбаған «ұлы» сөзін Ахаңнан аяп қалғанымыз жөн болмас-ты.

Алғашында тәржіма арқылы ой жеткізудің жолын тапқан Ахаң енді төл туындыларын жарыққа шығаруға талпыныс жасай бастайды. Бұл іс аяқсыз қалмай, 1911 жылы Орынборда «Маса» атты төл өлеңдер жинағы шығады. Біздіңше кітаптың «Маса» аталуында екі түрлі мағына бар. Олар масаның қарекетінен көрініс табады. Туған халқын отаршылдық құрсауынан құтқаруда ұлтын сүйген азамат ретінде ашық күрес жүргізуге патшалық Ресейдің құйтырқы саясаты жол бермегендіктен, ақын өз өлеңдеріне «масаның» ызыңы мен уытын қатар қосып, сол арқылы ұлт санасын оятуға үміт артты.

Отаршылдық қасіретін тартқан халқының жігерін жанудың не түрлі амал-тәсілдерін сын мен сынақтан өткізген Ахаң ұлтты ұйытар, ой-санаға серпіліс әкелер ең өтімді құрал өлең құмар қазақтың жанына жақын құдіретті поэзия екенін жақсы түсінген. Сол тұстағы ортаға тасталар ойдың түп қазығы «Оян, қазақ!» деген ұранға айналған рухты сөз еді. Сол сөзді алғаш ту көтеріп, ұлы ұғымға айландырған, «Аш көзіңді оянып!» деп, «Қырық мысал», Маса» кітаптары арқылы елге салмақты ой тастаған Ахаң болатын. «Қырық мысалда» бүкпелей жеткізілген көп жайлар «Масада» өзгеше өрнек тауып, ашық та анық айтылып, қоғамдық санаға ықпал етуге жаңаша жол ашты.

Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Қамауда жаның,
Талауда малың,

Аш көзінді оянып!

Бұл қазақ поэзиясына Ахаң әкелген өнегесі мол, өрісі кең өзгеше сарын. Оның жаңашылдығы өлеңнің өрнегінде емес, өзегінде. Жұрт көкірегіне қонақтар кесімді пікірді ашық айтып, шерлі жүрекке қасіреттен тұтанар үміт отын жаға білуінде. Ой жадағай айтылмай, өлеңдегі көркемдік пен бейнеліліктен ажарлана түсіп, санаға салар салмағын арттырып, жүректің тереңіне бойлап, көңілді түртіп оятар құдіретімен тәнті етеді. Расын айтқанда, Ахаң арқылы қазақ өлең өлкесіне азатшыл сарын келді. Ол жалғыз келген жоқ, Міржақыптай арналы ағысты ала келді. Азатшыл сарынның арнасы Мағжанмен кеңіп, Берниязбен толықты.

Ұлы Ахаң азатшыл ойды қазақ жырына алғаш болып арқау етсе, елең еткізер өзгеше сарынның сырын алғашқы боп аңғарған ұлы Мұхаң. Ахмет Байтұрсынұлын қазақ зиялыларының шын мәніндегі көшбасшысы деп білген Мұхтар Әуезов ұлы тұлғаны рухани көсем деп танып, сан қырлы саңлақ дарын атқарған іргелі істердің әр бағытына баға беріп, пікір білдіріп, інілік ілтипатын үнемі сездіріп отырған. Ахаң поэзиясының асыл қасиетін тап басып танып айтқан оның мына бір: «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі «Қырық мысал» болатын. Бұдан кейін Ахаңның атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігі екінші біріне мәлім бола бастаған. Әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан ащырақ, күштірек тілмен «Масаны» жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны «Маса» болатын» (Ақ жол. 1923, 4-ақпан), - деген тұжырымы жоғарғы ойымыздың дәлеліндей.

Қазақтың кешегі-бүгінгі өзге «көсемдерін» қайдам, ал енді Ахаңды үлкен-кіші, аға-іні түгел сыйлап, тіпті түпкі мақсаттары бірлік танытпайтын қарсыластарының өзі ол кісінің халқына деген адалдығына, ұлты алдындағы ар тазалығына қалтқысыз сеніп, қатты құрметтеген. Мәселен Ахаңның идеялық қарсыласы болып табылатын Сәкен Сейфуллин қашанда туралыққа жүгініп, тіліп айтар қасиетін танытып, ұстаздың 50-ге толған мерейтойында шындықтың жүзіне тура қарағанды. Әділетті жүректен шыққан сондағы сөздің сығындысы мынау: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған, патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. ...өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм иманын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін ұлтшыл» (Еңбекші Қазақ. 1923, 31-қаңтар). Қашанда да қасиетті сөз өнеріне деген адалдығын сақтай білген Сәкен Ахметтің азаматтық тұлғасын асқақтата отырып, ақындық құдіретін

бір мысқалда кемітпеген, оған «Қызыл сұңқардың» мына сөздері куә: «Надандықпен күресіп, патша үкіметінің әділетсіз үкім-зорлығымен күресіп, Крылов деген орыс жазушысының 40 мысалын қазақ тіліне аударды. Ол 40 мысалдың әрқайсысына сол патша заманының әділсіз тұрмысынан алып, қазаққа патша үкіметінің істейтін жәбірлігін айтып, өзінен мысалдар келтірді. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап «Маса» есімді өлең кітаптарын жазып шығарды». Сәкен де Ахмет поэзиясындағы азаттық күреске үндеген ұлы сарынды құлақпен ғана ұқпай, жүрекке сіңіре алған.

Ахмет Байтұсынұлы ақындығына тән бір сипат ол өз поэзиясы арқылы ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіне ел азаттығы жолындағы күрескер қаһарман бейнесін әкелді. Оның «Досыма хат» өлеңіндегі:

Қырағы қия жазбас, сұңқарым-ай!

Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!

Үйілген өлексені өрге сүйреп,

Шығармақ қыр басына іңкәрім-ай! - деген жолдардағы «сұңқар», «тұлпарға» теңелгендер бостандық пен тәуелсіздіктің жоқшысы, қиын-қыстау күндерде мақсат пен тілек біріктірген серіктестердің қайраткерлік тұлғасының бедерлі бейнесі еді. Ол қазақ поэзиясының өзегіне күрескерлік рух сеуіп, өнбойына азаттық сарынның дәнегін екті. Осы бір азатшыл идеяны бүкіл творчествосына желі етіп тартты.

Ұлы ұстаздың туған халқына істеген қызметінің үлкен бір арнасы – қазақ баспа сөзін қалыптастыру. Ол өзі аяғынан қаз тұрғызған қазақтың тұңғыш бейресми «Қазақ» газеті арқылы ұлттық баспасөздің негізін қалады. «Қазақ» газеті алғашқы шынайы жалпыұлттық саяси-қоғамдық газет болды. Өз кезінде газет бүкіл қазақ қоғамына қатысты мәселелерге ой жіберіп, өзіндік көз-қарасын, бет түзер бағыт-бағдарын үнемі білдіріп отырды. Бұл басылым қазақ зиялыларының саяси орталығы ретінде барлық саяси-әлеуметтік іс-әрекеттердің ұйымдастырушысы да бола білді.

1913 жылдың 2-ақпанынан 1918 жылдың қыркүйек айының басына дейін бес жыл бойы шығып тұрып, өзіне дейінгі қазақ баспасөзі тарихында ең ұзақ ғұмыр сүрген «Қазақ» ұлт тарихының қилы-қилы кезеңдерінде ел-жұртына көз-құлақ болып, жолбасшылық танытты. Әсіресе, 1916 жылы қазақ халқының басына қасірет бұлты үйірілген тұста қанжылаған қазақ баласының қамын ойлаған, қасіреттің бетін бұру жолында аянбай күрескен 5 млн. қазаққа тиеселі жалғыз баспасөз көзі осы еді.

Әрине, газеттің жеткен жетістігі бас жазушысы Ахмет Байтұсынұлы басшылығына тікелей байланысты. Оның басылымның бас жазушысы ретінде газет жұмысын ұйымдастыруы мен келелі мәселелерді көтеруге жол ашатын

озат ойды алға тартқан, дәуір тынысын сезе білген мазмұнды мақалалары өзгелерге үнемі жол-жоба көрсетіп отырды. Осы мақалалары арқылы ол әдебиетші, сыншы, көсемсөзші ғана емес, аса көрнекті саяси қайраткер ретінде де танылды. Сондықтан да, «Қазақ» газетінің ұстанған бағыты, жүргізген күресі Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тікелей байланысты.

Қазақ зиялыларының арманы замана ағымын жіті бағдарлап, оянған сананың іс-қимылын жөнге салып отырар орталыққа айланар басылым шығару болатын. Осы мақсатты жүзеге асырған ұлт көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы. Өз керегін «Қазақтан» тапқан қалың жұрттың еңсесі соған қарай бұрылды. Бұған газеттің өз кезіндегі таралымының 8 мыңға жетуі – басты дәлел. Әрине, «Қазаққа» дейінгі басылымдар қызметін, әсіресе, «Айқап» журналының елге сіңірген еңбегін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен де, нағыз қазақ баспасөзінің ұлттық бет-бедері «Қазақ» газетінен басталады десек, артық айтқандық емес. Мұның өзіндік себептері бар. Біріншіден, Аханның арқасында таза қазақ тілінде шыққан, қазақ әдеби тілінің қалыптасуына ұланғайыр үлес қосқан «Қазақ». Екіншіден, бас жазушысының ұстанымына сай ұлт тәуелсіздігінің саяси платформасын қалыптастырған «Қазақ». Үшіншіден, қазақ руханиятының жан-жақты өркен жаюының кең көлемдегі кешенді бағдарын болашаққа аманат еткен «Қазақ». Осы үш таған бірлік «Қазақ» газетінің ұлттық болмыс-бітімінің және оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлының ұлтын сүйген азаматтығының нақты көрінісі болып табылады. Ендеше Ахан ақ жол тілеп ашқан «Қазақ» газеті қазақ баспасөзінің мәңгілік көшбасшысы болып қала бермек.

Ахмет Байтұрсынұлы – шыншыл шығармашылық еңбектің иесі ғана емес, сөз құдіретінің құпиясына үңіліп, тылсым сырын ашқан, әдебиет атты асыл өнердің болмысына бойлай білген ғұлама. Алғашында ауыз әдебиетінің жауһар жәдігерлерін жинастырып, олар туралы тұщымды мақалалар жариялаған Ахан, кейіннен жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу негізін қалаған ең көрнекті әдебиет зерттеушісіне айналды. Ғалымның сонау 1913 жылы жазған ұлы Абай туралы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы шын мәніндегі абайтанудың негізін қалаған еңбек болып табылады. Ахметке дейін Кәкітай, Әлихандардың жазғандары бар екені рас, бірақ оларда Абай туралы жұртты хабардар ету, ақын өмірін баяндау мақсаты басым түсіп жатады. Ал, Абай ақындығы алғаш рет Ахмет мақаласында жан-жақты талданып, толыққанды ашылғанын мойындауымыз керек. Ондағы таза талғам, айшықты талдау, терең таным абайтанудың әліппесін ашты десек болғандай. Кейінгі Мұхтар даналықпен жалғастырып, қазақ әдебиеттану ғылымындағы жеке салаға айналдырған Абай ақындығын танып-білу Аханнан бастау алады.

Оның кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге желісін үзбей жалғаса береріне біздің сеніміміз мол.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет зерттеу ғылымына қосқан аса зор еңбегі – атақты «Әдебиет танытқыш». Бұл енді жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының бастау көзіне саналатын сындарлы дүние. Мойындайық, мойындамайық бүкіл әдебиетшілер осы 1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Әдебиет танытқыштың» шекпенінен шықты. Білсе де білмегендей болып, «ана кезеңде» ондағы ой-тұжырымдарды, теориялық ұғым-қағидаларды өз еңбектерінде еркінше пайдаланғандар да дүниеден өтіп кетті. Олардың кейбірінің болған істі мойындауға мүмкіндіктері болмады, ал мүмкіндігі болғандары жақ ашпастан үнсіз кетті. Себебі дәлелі қиын нәрсе болғандықтан, білінбей кетеріне нық сенімді еді. Жә, бұны олардың өз арына қалдырайық та, «Әдебиет танытқышқа» қайта оралайық. Тағыда қайталап айтамыз, «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттануының негізі. Өйткені ол – әдебиет тарихын, әдебиет әдістемесін, әдебиет әдіс-тәсілін, әдебиет ұғым-терминдерін, әдеби жанрлар жүйесін түгел түзген күрделі тарихи-теориялық зерттеу.

Ахаң осы еңбегінде асыл сөз – әдебиеттің басты қасиетін тап басқан «Сөз өнері» ұғымын тұңғыш ғылыми айналымға енгізді. Бұл ұғымның әдебиеттің әсемдік әлемін танып-білудегі атқарған қызметін айтып жеткізу қиын. Ғалым бұл ұғымды айналымға әдебиеттің өзге өнер түрлерінен артықшылығы мен ұлылығының айырымы үшін енгізген. Қараңыз: «... өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты, я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгірттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [6, 165]. Бұл тұжырым нақтылығымен құнды.

Әдебиеттану саласы бойынша алғашқы болып жарық көрген бұл кітап – тұңғыш тәжірибе екендігіне қарамастан, ғылыми тұрғыдағы терең сипатта, кең көлемде жазылған жүйелі еңбек. Ұлы әдебиеттанушының осыдан 79 жыл бұрынғы сөз өнері жайлы айтқан ой-пікірлері, ғылыми тұжырымдары, әдеби терминдер қалыптастырудағы ізденістері көп жағдайда бүгінгі күн сұранымдарына да жауап беріп жатуы, эстетикалық таным-білік биіктігін танытса керек. Сөзді көп созбай, тоқетерін айтқанда, «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының атасына саналар асыл мұра.

Біз жоғарыда қазақ халқының рухани көсеміне, айналған Ахмет Байтұрсынұлындай алаш ардағының ұлт үшін еткен ұшан-теңіз еңбегін жалпылай шолып өттік. Мақсат Ахаң болмысының бір қырына ғана назар аударып қоймай, түгел алып, тұтас қамтып көрсету болды.

Енді оларды жинақтай келіп, санамалай айтар болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы

кім деген сұраққа былайша жауап берілген болар еді. Біріншіден, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарын жазып, білім беруді жолға қоя білген шын мәніндегі алғашқы ағартушы. Екіншіден, араб графикасына негізделген қазақ алфавитін жасап, оқыту әдістемесін түбегейлі түрде жетілдірген ұлттың ұлы ұстазы. Үшіншіден, қазақ тілі мен әдебиетін ғылыми тұрғыда зерттеп, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін қалаушы дана филолог-ғалым. Төртіншіден, тәлімі терең тәржімашы. Бесіншіден, өлең сөзге ой ұйытқан, ойшыл ақын. Алтыншыдан, тұңғыш бейресми «Қазақ» атты газет шығарып, қазақ баспасөзін көркейткен көсемсөздің көшбасшысы. Жетіншіден, ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жан аямай күрескен қайраткер, кеменгер көсем. Міне, осынау қасиетті жеті бірліктен тұратын Ахмет болмысы бір кездегі Әуезов айтқан «рухани көсемдіктің», яғни ұлтқа рухани көсемдігінің терең тамырлы, діңінің беріктігінің дәлеліндей.

Ұлылыққа тән бар қасиетті бойына ұялатқан асыл арыс екі ғасыр тоғысындағы алмағайып заманда елінің елдігі, туған халқының теңдігі үшін отаршылдыққа қасқайып қарсы тұрған қажырлы қайратымен ұрпақ жадында мәңгі қалары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлы – тек күрескер тұлға ғана емес, замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын, қарымды қалам иесі.

Ендеше, баба тарихтың ұлы көш-керуенін болашаққа бет түзеткен қазақ өткеніне салауат айтып, бүгінгіне қанағат етіп, ертеңіне нық сеніммен қарай бастаған тұста Ахаң есімі ұлтының рухани игілігіне айналар ұлы ойларының өміршендігімен халқын ғасырдан-ғасырға жаңылдырмай жетелер ұлы рухқа айналары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, «Ататек», 1995.
2. Омаров Е.А. Байтұрсыновтың ғылыми қызметі. // Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының еңбектері. III шығарылым. – Орынбор, 1922.
- 3 Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті I бөлім (ұлтшылдық, байшылдық дәуірі). – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1932.
4. Белинский В. Г. Шығармаларының толық жинағы. IV том. – М.: ССРО Ғылым Академиясының баспасы, 1955.
5. Пушкин А.С. Шығармаларының толық жинағы. V том. – М., 1954.
6. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, 2004.

ДИХАН ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» жауапкершілігі шектеулі серкітестігінің Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі

АЛАШ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТҮЛҒАСЫ

Алаш – Қазақстанның бүгінгі жаңару мұратын өз тұсында саясат пен руханият тұрғысынан тереңдеткен, айшықтаған кезең атауы.

Алаш – Қазақ елінің мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілдік мүддесінің үзілмеген арқауы.

Алаш – қиын кезеңдерде ұлттың батыл да бастамашыл білік пен парасат, білім мен жауапкершілік тарихына қараған айнасы.

Кеңес өкіметі ұлттық бірегейлікті жоюды жоспарлаған кезеңде, аға толқын рухани ортаға «Абай» деп – тұтас қазақ әлемін, «Махамбет» деп – хандық тұсындағы жырау толғауын, «Сұлтанмахмұт» деп – ұлт зиялылары жұрнағын алып келді. Бұл да – үзілмеген Алаш арқауы еді. Мұнда әрі ағартушылық, әрі мемлекетшілік аңсар тұр.

Алаш пен ұлт зиялыларын зерттеудің бағыттары:

Алаштанудың тарихи-танымдық бағыты. Мұнда қаралатын мәселелер: Алашқа қатысты маңызды, тың мәліметтерді, дерек көздерін табу, жүйелеу және жаңа көзқарас тұрғысынан мұқият кешенді зерттеу. XX ғасыр басындағы ұлт оянуын әлемдік саяси үдерістер аясында қарастыру.

Алаштанудың дүниетаным, діни-рухани ұстаным, мәдениеттану бағыты. Бұл бағытта философия, психология, дінтану мәселелері жәдитшілдік, түрікшілдік, ортақ тарихи-мәдени кеңістік аясында зерттеледі.

Алаштанудың тілдік-әдеби зерттеулер бағыты. Бұл бағытта Алаш кезеңінің көркемөнері, тіл-әдебиет құбылыстары ғылым басымдықтары тұрғысынан сараланады. Әлем және түркі дүниесі рухани дамуындағы ұлт тілі, ұлт әдебиеті ерекшелігі зерделенеді.

Алаштанудың стратегиялық зерттеулер бағыты геосаясат, қауіпсіздік мәселелері, шектес және шет ел ықпалдастығы, қарама-қарсылығы, өзара байыптамалары тұрғысынан қарастырылады.

Алаш ағартушылығы (1890-1920) – мемлекеттілікті қалпына келтіруге жұмылған Алаш қозғалысының құрамдас бөлігі. Ағартушылық – жақсылыққа, бақытқа ұмтылған күллі елдің бастан өткерер жетілу хәм өрістеу жолы. Сондай-ақ мұны әр ұлт бірі-біріне ұқсай бермейтін мазмұнда қилы жағдайда, сан түрлі мерзімде жүріп өтеді.

Ағартушылық кезеңнің бар мақсат-мүддесін бойына жинақтайтын руханияттың функциясы білім-іліммен ғана шектелмейді.

Әлихан Бөкейхан: «Оқу-білім болса, мақсат бәрі табылады дегендей көрінеді. Біліммен мақсат шықпайды. Ғәзәзіл ұжмақтан надандықтан шыққан жоқ. ... Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден. Жақсы мінезге тоқтаған адам аз. Неше түрлі залалды қазақ мінезі бұзық орысша, мұсылманша хат білгендерінен көрініп жүр. Бұлар өзге қазақтан білімді. Білімнен жақсы мінез шықса, бұ қалай?» /1/.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» /2/.

1917 жылы 13 желтоқсанда Алаш автономиясының халық кеңесі ретінде құрылған Алашорда мен 1917 жылы 27 қарашада жарияланған Түркістан мұхтарияты (автономиясы) – жалпы Қазақ елінің, бүгінгі Қазақстан Республикасының мемлекеттілік тәжірибесі. Мұны «Түркі дүниесінің саяси жеңісі» деуге де болады.

1917 жылы Ресей империясынан кейінгі кеңістікте «облысшылдық» (областничество), «автономия» деген саяси ұғымдар – «дербестік», «республика» деген мағына берді. Мұны терең түсіну үшін шетелдік әріптес ғалымдар метрополия өкілінің тағдыры мен мүддесін сезінуге ынта қойғаны жөн. Аталған кезеңдегі қазақ халқының мемлекетшілдік ой-тұжырымдары, ұстанымдары «Қазақ», «Сарыарқа», «Ұран», «Жас азамат» газеттерінде, «Абай» журналында жарық көрді. Қазақ мемлекеттілігін саяси, рухани жаңғырту туралы жүйелі пікір айтқан тұлғаның бірі – Ахмет Байтұрсынұлы.

Алаш қайраткерлері ақпанда «Бостандық туды, енді бәрі заң аясына келеді» деп сеніп, еуропалық мәртебедегі федерацияға үміт артты. Бүкіл-ресейлік құрылтайды асыға күтті. Соған дербес субъект – автономия болып баруға барлық заңдық шарттылықты жасады. Мұнан кейінгі тарих та анық: «бүлінгеннен бүлдіргі алған» большевиктер 1918 жылы қаңтардың 5-нен 6-на қараған түні Құрылтай жиналысын қарумен қуып таратты. Ресейде легитимді, заңды мемлекеттік құрылым қалмады. Бұл – үкіметі де, мемлекеттік құрылымы да бар Алаштың легитимді республикаға айналғанын көрсететін факт. Бұл – Алаш автономиясының жария белесі.

1917 жылы II жалпықазақ съезінде Алаш автономиясының мән-маңызы түсіндіріліп, Қазақ елі мемлекеттілік құрылымның осы сатысына өтетіні халыққа жария етілді. Ел тарихындағы мемлекеттілік жаңғырудың заңдық негіздері хабарланып, Түркістан автономиясы арасындағы шарттылықтар жұмыс барысында шешілетін саяси-заңдық үдеріске жатқызылды. Кешегі

отаршыл империя аударылып-төңкеріліп, ұлттық аймақтар енді есін жиып жатқанда, бұл сындарлы (конструктивті) және ақылды шешім еді. Аса қиын уақытта Ташкентті большевиктер басып алғандақтан, Қоқанда ресми жария етілген Түркістан автономиясын (Түркістан мұхтарияты) Алаштың мемлекеттілікті қалпына келтіру күресі аясында қарау - маңызды қадам ғана емес, міндетті ғылыми шарт.

Сондай-ақ біз кезінде «Хандық биліктен Президенттік республикаға дейін» атты монография жазған танымал заңгер-профессор, экс-сенатор Еркеш Нұрпейісовтің: «Мемлекет пен құқық теориясы тұрғысынан қарап, II жалпықазақ съезін – мемлекеттік құрылтай жиын деп, ал оның қаулыларын – **легитимді автономиялық республика формасындағы Қазақ мемлекетінің құрылуы** деп байыптауға толық негіз бар. Ал, тарихшыларға қажетті «ресми жариялану» - ақпараттық қана мәнге ие нәрсе, сондықтан оның ешқандай заңдық күші жоқ. Себебі жалпықазақ құрылтайы (съезд) қаулыларының ғана заңдық мәртебесі бар», - деген мемлекетшіл салиқалы пікірін /3/ толық қуаттаймыз.

А.Байтұрсынұлының халық кеңесі – Алашорданың білім комиссиясын басқаруы, 1920 жылы Қазақ кеңестік автономиясының халық ағарту комиссары (министрі) болуы, осы салада жұрт ісін жұмылдыруы – қайраткерлік болмысын аша түседі.

Инерциялы Ағартушылық (1920-1929) - Ресейдің шет аймақтарында һәм өз ішінде ғана байқалған тарихи-рухани үдеріс еді. Алаш (негізгі) ағартушылығы 1920 жылға дейін қоғамның бар саласына тікелей ықпал етті. Дегенмен 1917 жылғы төңкеріс бүкіл жүйені шайқады. 20-жылдардан бастап ресми басқа қоғам құрылды. Бірақ осылай болғанның өзінде халық тағдырын, рухани мұратын бірер жылда басқа арнаға салу мүмкін емес-тін. Сондықтан негізгі Ағартушылықтың ұшқындары инерциялы түрде өмір сүре берді. Қарама-қарсы күштер осы кезде пайда болды. Оларды объективті жағдайлар ымырасыз етті. Инерциялы Ағартушылық уақытында Негізгі Ағартушылық көсемдерінің орнына дәстүр мен салтты, әлемдік тәжірибені құнттаған жаңа тұлғалар шықты. Бұл күш әсіре пролеткультшілдіктің тегеурінін жұмсартып, еркін рухани-мәдени дамудың күнін ұзартты.

Алаш ағартушылығының титаны немесе кіндік тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы – осы кезеңдегі руханияттың берік ұстыны. Оның ой-тұжырымдамасы оқу-ағарту саласында 1929 жылға дейін көш бастап тұрды. Мұхтар Әуезұлы ағартушының ұшан-теңіз еңбегін мына нақты үш тіркеске сыйдырған: «**Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран**» /4/. Бұдан А.Байтұрсынұлының зама-



нында ұлттың рухани ұстазы болғаны аңғарылады. Әлбетте, жәдитшілдіктің Алаш қозғалысына ұласар шағында Ахметтің мол күш-жігері елді ағарту (баспасөз, оқулық шығару) ісіне жұмсалды.

Ахмет – ең алдымен ағартушы. Ол – поэзияда да, көсемсөзде де, ғылым-ілімде де ағартушы.

Маңызды пікірлері:

«Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі» /5/.

«Докторлық ғылымын оқығандар денсаулық жайынан керек кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; шаруа жайын оқығандар шаруа жайынан қазаққа керек жақсы кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; оқыту жайын жақсы білетіндер мектеп кітаптарын жақсылап шығаруға мүмкін нәрсе; әдебиет ауданында жүйріктер халықтың қылығын, құлқын түзетуге керегі бар жақсы романдар ... шығаруға мүмкін нәрсе» /6/.

«Тарих жолына қарағанда келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып, азып-тозып, жоғалмақшы. ...Басқа жұртпен араласқанда, өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады? Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды» /7/.

А.Байтұрсынұлы «Қырық мысалында» «Өзен мен қарасу» тәржімесін ұсына отырып, оның түйіндемесінде былай дейді:

Мысалы үлкен өзен тынбай аққан –

Халықтар мехнат шегіп, рахат тапқан.

...Меңзеймін қарасуды, қазақ, саған,

Талпынбай талап ойлап қарап жатқан /8, 101-102/.

Ағартушы қазаққа тоған-тіршілікті емес, ағынды өмірді қалады.

А.Байтұрсынұлы – азаматтық ұстанымы айқын, тегеурінді тұлға. Сондықтан оның жазуға қоятын талабында да ар, намыс, иман ұғымдары алғашқы кезекте жүреді. Мысалы:

Тасалама ойыңды!

...Тірі көмбей бойыңды,

Жүрегіңнің жарасын

Көрсет жұртқа, қарасын /8, 26/.

Немесе:

Иланбасам айтпаймын,

Иманымнан қайтпаймын /8, 27/.

XX ғасырдың 10-жылдары А.Байтұрсынұлы Абай туралы жазған «Қазақтың бас ақыны» атты еңбегінде шеберліктің үш негізін («Үш керек») анықтайды.

Олар: 1) «сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек»; 2) «ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек»; 3) «мағыналы, маңызды болуына білім керек» /9/.

Абайда байқалған бұл үш негізді Ахмет «жаңа заман қаламгерінде болса екен» деген ниетпен тұжырымдады.

А.Байтұрсынұлы Абайды - ой мен көркемдік бірлігінің биігі деп есептейді де, әдебиетке ұмтылған азамат пен оқырман сол асқарға ұмтылса деп тілейді.

«Әдебиет танытқыш» - көркем өнердің болмысы мен құрылымын, қазақ әдебиетінің ерекшелігі мен сипатын, әдеби үдерістің мәнін, жанрлар қалыптасуының қоғам тағдыры мен талғамына қатысын, сөздің - өнерге, өнердің – пән ғылымына айналу жолын, сөз жүйесі мен ой жүйесінің мәйегін, өлең мен қара сөздің пішіндік, мазмұндық құрылысын, ауыз әдебиет пен жазу әдебиеттің дара соқпағын, басты жанрлар мен оның ішкі бөліністері қағидаттарын, әдебиет пен дәуір, әдебиет пен сана, әдебиет пен діл, әдебиет пен ой, әдебиет пен мүдде қарым-қатынасы жайын жік-жігімен түсіндіріп беретін ұлттық білім, таным, ғылым, әдістеме, әдіснама кешені /10/.

Қазақ руханияты мен мәдениетін танытуға қосқан **А.Байтұрсынұлының үлесі** мынандай:

Біріншіден, қоғамның әлеуметтік-мәдени түсінігін, талғамын жетілдіріп, әдеби үдеріс, рухани мұра халық парасатымен, ішкі мүмкіндігімен, сарқылмайтын қазынасымен өзектесетінін нақты мысалдармен дәлелдеді.

Екіншіден, бай дәстүрі бар, шығыс пен батыс құндылықтарын мейлінше игерген қазақ әдебиетіне ғылым нысанасымен қарады, тұңғыш рет әдіснамалық, теориялық қағидаттарды қалыптастырып, ішкі түзілісі мен мазмұндық-пішіндік ерекшелігіне баға берді.

Үшіншіден, өнертанудың, әдебиеттанудың қызметін айқындап, өнер мен әдебиеттің қоғамдағы мақсат-міндетін, орнын дәйектеді.

Төртіншіден, өнер мен әдебиетке қатысты ана тілімізде жаңа да орайлы пән сөздерін тауып, әлемдік аяда қазақ тілінің ғылым тілі ретінде мүмкіндігіне жол ашты.

Бесіншіден, әдеби үдерісті, жеке тұлғалардың шығармашылығын, рухани мұраның әдебиет тарихындағы рөлін түрлі ғылымдар (тіл білімі, философия, психология, әдебиеттану, жаратылыстану т.б.) ықпалдастығымен зерттеуді бастап, таптаурындыққа бармауды аманаттады.

Ахмет Байтұрсынұлы – көзі тірісінде-ақ туған елінен шынайы баға алған тұлға. 50 жылдық мерейтойында тұңғыш жоғары оқу орнымыз - Қазақ халық

ағарту институтында («Кирипрос») Түркістан оқығандары тапсырған алтын жетондағы тарихи мәтін /11, 104/ соны дәлелдегендей:

1-бетіндегі жазу: «Ақа! Күшті сенің қаламың. Халықісі – сенің тамағың. Жаса, ұлт мектебінің жүрегі!».

2-бетіндегі жазу: «Түркістан зиялыларынан белгі. 1922 жыл 2 аугыст».

Қазақтың даңқты ұстазының ЮНЕСКО аясындағы мерейтойы – А.Байтұрсынұлы мұрасының әлемдік құндылық екенін мойындалғанын айғақтайды.

Әдебиеттер:

1. Қыр баласы [Бөкейхан Ә]. Ашық хат // «Қазақ», газеті 10.02.1913 жыл
2. Байтұрсынұлы А. Бас қосу турасында // «Қазақ» газеті, 16.06.1913 жыл
3. Нурпеисов Е.К.: История казахстанского конституционализма // «Qazaqstan tarıhu» порталы, 30.08.2020 жыл
4. Әуезұлы М. Ақаңның елу жылдық іубилейі // «Ақ жол» газеті, 4.02.1923 жыл
5. «Қазақ» газеті, 16.05.1913 жыл
6. «Қазақ» газеті, 31.05.1913 жыл
7. «Қазақ» газеті, 10.02.1913 жыл
8. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989.- 320 б.
9. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // «Қазақ» газеті, 22.12.1913 жыл
10. Қамзабекұлы Д. «Әдебиет танытқыш» - әлемдік құндылық // «Egemen Qazaqstan» газеті, 17.01.2022 жыл
11. Қамзабекұлы Д. Руханият. Алматы: Білім, 1997.- 272 б.

ЕРБОЛ ТІЛЕШОВ

Ш.Шаяхметов атындағы

«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық

орталығының бас директоры,

филология ғылымдарының кандидаты

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ҒЫЛЫМИ ТАНЫМЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

Қазақстанның тарихында ХХ ғасыр басында ұлттық жаңғыру үдерісі жүрді. Тарихқа «Алаш қозғалысы» деген атпен енген Жаңғыру дәуірі шын мәніндегі Ұлттық Ренессанс құбылысы болды. Осы ірі қоғамдық, мәдени, саяси құбылыстың аясында ұлттық ғылым да туып, қалыптаса бастады. Қазақ әдебиеттану ғылымы да осы Ренессанстың нәтижесі. Қазақ әдебиеттануының алғашқы үлгілері Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Р.Мәрсеков, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Х.Досмұхамедұлы еңбектерінен көрінді. Осылардың ішінде қазір 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып жатқан Ахмет Байтұрсынұлының және Мұхтар Әуезовтің қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуындағы рөлі айрықша.

Олардың әдеби-эстетикалық пікірлеріндегі кейбір ұқсастықтар мен сабақтастықтар ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезінде болуға тиісті және зерттеу объектілерінің ортақтығынан туатын табиғи факторлар. А.Байтұрсынұлының да, М.Әуезовтің де әдебиеттануға байланысты еңбектерін саралау барысында олардың үш сала бойынша зерттеу жүргізгенін аңғардық. Олар: фольклортану, әдебиет тарихы, оның ішінде жазба әдебиетінің басталуы мен әдебиет тарихын дәуірлеу және абайтану мәселелері.

1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» еңбегінде А.Байтұрсынұлы әдеби фольклорды «ауыз әдебиет» деп атап, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, терме, беташар, жар-жар т.б. жанрларға сипаттама жасады. М.Әуезов осы жанрларды және оларға қоса, фольклордың лиро-эпикалық, эпикалық жанрларын зерттеді. Екі зерттеушінің де мақсаты – аса бай, көркем фольклор туындылары арқылы қазақ халқының рухани қазынасын көпшілікке таныту және оларға ғылыми сипаттама жасау болды.

Қалыптасу фазасындағы қазақ әдебиеттануының шешуге тиісті үлкен бір мәселесі – әдебиет тарихын жасау болатын. Осы күрделі мәселеге А.Байтұрсынұлы да, М.Әуезов те үлкен үлес қосты. Әсіресе, әдебиет тарихындағы жазба әдебиетінің тууы мен қалыптасуы, әдеби дәуірлерді анық-

тау және нақтылау сияқты ғылыми проблематикаларды шешуде олардың осы күнге дейін өзектілігін сақтаған пікірлері бар. Мысалы, «қазақ жазба әдебиеті қашан және кімдерден басталады» деген сұраққа екі зерттеуші де осы құбылыстың сипатына орай ғылыми объективті жауап берді. Мысалы, А.Байтұрсынұлы: *«Жазба әдебиет деп жазылған шығармаларды айтамыз. Жазылған шығармалар – қазаққа жазу тарай бастағаннан бері қарай шыққан сөздер. Қазаққа жазу дінмен бірге келген»* деп жазды [1,143]. Яғни зерттеушінің ойынша, жазба әдеби дәстүр Ислам дінімен бірге келген. Осындай ойды М.Әуезов те қуаттайды. Ол: *«Жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады. Бұл жағынан қарағанда, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп әм Нарманбеттерді алу керек»* деп жазып, Шортанбай Қанайұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы сияқты діни-ағартушылық ағымның өкілдерін және діни тақырыпқа шығармалар арнаған Ыбырай Алтынсарин мен Нарманбет Орманбетұлын атаған [2,80]. 1960-70 жылдары қазақтың жазба әдебиеті Абайдан басталады деген жаңсақ пікір орнығып, ол мектеп, жоғары оқу орындарының оқулықтарында жүр, кейбір зерттеушілер мәселенің байыбына бармай осы қате түсінікті қайталауда. Ендігі уақытта жазба әдебиетінің тарихын өзінің өрістеу үдерісіне орай қалпына келтіруде А.Байтұрсынұлының, М.Әуезовтің пікірлері шешуші рөлге ие болу керек деп ойлаймыз.

Жалпы мәдениеттің, оның ішінде, көркем әдебиеттің жазба дәстүрге көшуі қай халықта болса да, дінмен байланысты екені белгілі. Алғашқы жазба үлгілер діни тақырыпта болып, одан кейін жазу дәстүрі көркем әдебиетке де келді. Осы реттен келгенде, қазақ ғалымдары А.Байтұрсынұлы да, М.Әуезов те әдеби эволюцияның логикасын дәл түсінген және соған орай ұқсас ғылыми пікірлерін объективті дәйектеген.

Қай халықтың болсын әдеби дамуын зерттеудегі өзекті мәселелердің ішінде әдеби дәуірлерді нақтылаудың маңызы үлкен. Әдеби дәуірлердің объективті картинасын жасау – жалпы әдебиет тарихының идеялық-эстетикалық мазмұнын, жанрлық жүйесін, көркемдік әдістер мен бағыттардың, стильдердің ерекшеліктерін тануға орайлы мүмкіндіктер туғызады. Ол жалпы әдебиет тарихымен бірге жекеленген авторлардың да шығармаларын эволюциялық контексте зерттеуге оң ықпал етеді.

Екі зерттеушінің ғылыми танымындағы ұқсастығы саяси-идеологиялық көзқарастардан тыс тұрып, дәуірлеу мәселесін әдеби-көркем дамумен, яғни сөз өнерінің автономды табиғи эволюциялық дамуымен түсіндіруінде. Кеңестік дәуірде олардың ғылыми принциптері жазба әдебиетті негіздеу барысы-

на да, әдебиет тарихын дәуірлеуге байланысты да назарға алынбады. Марксизм-ленинизм идеологиясы бойынша жүруге мәжбүр болған әдебиеттану ғылымы әдеби үдеріске тек таптық тұрғыдан қарап, жалпы азаматтық тарихымыз сияқты әдебиетіміздің тарихын да бұрмалады. Жалпы көркем өнердің, оның ішінде, сөз өнерінің де тарихы азаматтық тарихпен тікелей байланыстырылды. Қоғамдық даму мен сөз өнерінің дамуы арасына теңдік белгісі қойылды. Сөйтіп, «әдебиет – қоғамның айнасы» деген тезис қажетті тұсқа да, қажетсіз тұсқа да кірістірілді. Содан көркем өнер ретіндегі әдебиеттің ішкі дамуы екінші қатарға ысырылды. Бұл бір жағынан әдебиетшілер үшін әдебиет тарихын зерттеуді оңайлатты. Себебі, сөз өнерінің ішкі эволюциясын тану, әр кезеңде туған көркем мәтінді ғылыми талдаудан да әдебиетті қоғамдық қатынастардың нәтижесі ретінде көрсетіп, көркем шығармадағы мазмұнды әңгімелеп беру әлдеқайда оңай болатын. Соның нәтижесінде сөздің өнерге айналу үдерісіне, көркем мәтіннің түзілу заңдылықтарына бас қатырмайтын, тек әдебиеттегі әлеуметтің жайын, қоғамның бейнеленуін түсіндіріп беретін әдеби сын, зерттеулер көбейді. Сол инерция қазақ әдебиеттануында әлі де сақталып келеді. Әлбетте, содан ғылым публицистикаға айналады.

Әдебиет сөз өнері ретінде ең алдымен өнер туындысы. Бұл әдеби шығармаға пікір айтқысы келетін әрбір адам үшін берік қағида, анық аксиома. Әлбетте, әдебиет қоғамдық қарым-қатынастарды бейнелейтін өнердің түрі. Десек те, ол қоғамды бейнелегені үшін әдебиет болмайды, өнер туындысы болған соң ғана әдебиет бола алады. Яғни, бастапқы талап оның өнер туындысы болуы. Осы қарапайым қағидаларды айтуға мәжбүрміз. Өйткені, қазақ әдеби сыны, жалпы әдебиеттануы жаппай болмаса да, басым көпшілігі әдебиетті тұтастай қоғамның көлеңкесіне айналдырып жіберді. Егер тарихты, қоғамды тану үшін әдебиет қажет болса, онда көркем шындықты емес, нағыз деректі шындықты тарихтан оқып алайық. Ал бүгінгі күннің шындығын білгіміз келсе, әдебиетті оқымай-ақ ақпарат құралдарын оқысақ жеткілікті. Дүниедегі әрбір құбылыстың өзінің қызметі, соған орай орны бар. Қазақ әдебиеттануы дәл бүгін эстетикалық танымға оралуы керек деп ойлаймыз. Бұл мәселе 1920 жылдардағы әдеби айтыста кеңінен көтерілген. Мағжанның «Алқасындағы» негізгі идеялардың бірі де сөз өнерінің бастапқы табиғи қалпын танумен орайлас. «...искусствоның негізі – сезім, құралы – сезімнен туған сурет. Мақсұты – білім беру емес, сезім ояту» - дейді Мағжан [3, 31].

Кеңестік кезеңде А.Байтұрсынұлының, М.Жұмабаевтың басқа да Алаш зиялыларының есімі мен еңбектеріне жаппай тыйым салынса, М.Әуезовтің 1920-30 жылдардағы әдебиет тарихына байланысты еңбектері де жабық тақырып болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана біз олардың

еңбектерімен танысып, объективті пікірлерін ғылыми айналымға қоса бастадық. Одан бері де отыз жылдан астам уақыт өтті. Олардың әдебиет тарихы, жалпы сөз өнері туралы айтқан пікірлері қазақ әдебиеттануы тарапынан толық қорытылмауда, себебі бәріміз олардың еңбектерін оқығанбыз, таныспыз, тіпті пікірлерін алып жаратамыз, бірақ керегімізге қарай, ұғынғанымыз бойынша ғана.

Әдебиетті жаратылыс, болмыс контекстінде, яғни онтологиялық тұрғыдан зерделеу, көркем шығарманы құндылықтармен сабақтастыра таныта отырып, оның эстетикалық және этикалық құндылығын байыптау және эпистемологиялық қатынас арқылы әдебиетті таным құралы ретінде қарастыру олардың әдеби зерттеулерінің барлық мазмұнынан байқалады.

Ғылыми танымға келгенде екі зерттеуші де ойшыл ретінде көрінді. А.Байтұрсынұлы: *«Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұғым жүйесі даналық деп аталады»* дей келіп, ойшылдықты «үлкен ұғым» жүйесімен байланыстырады [1, 112]. Жалпы А.Байтұрсынұлының әдебиет, оған қоса, лингвистикаға арналған еңбектерінде, М.Әуезовтің зерттеулері мен көркем шығармаларында үлкен философиялық қатпар жатқанын көреміз. Осы реттен келгенде, екі тұлға да өз зерттеулерінде әдебиет философиясына барды. Әдеби дамудың логикасы мен философиясын тану, оны онтологиялық, эпистемологиялық, аксиологиялық ерекшеліктері барысында зерттеу олардың еңбектеріне соншалықты тән.

Әдебиет философиясы, біздің ойымызша, көркемдік және ғылыми танымдардың синтезі. Біз Абайды хәкім, ойшыл суреткер ретінде танып, айрықша құрметтейтініміз де осындай үйлесімнен деп ойлаймыз. Сол сияқты Ахмет Байтұрсынұлының да, Мұхтар Әуезовтің де еңбектеріндегі шалқар ойлардан, терең талдаулардан және сарабал тұлғалардан өнер мен философияның синтезін көреміз. Бұл көркем әдебиетке келсек, суреткерлік пен ойшылдықтың түйісуі, ғылымға келсек, зерттеушілік пен тағы да ойшылдықтың тоғысуы.

Кезінде Платонның «Диалогтарынан», одан беріде Вольтер мен Камюдан кеңірек көрінген әдебиет философиясына тән әдіснамалық қатынас қазір феноменология мен герменевтикада көбірек қолданылып жүр. Біздің ойымызша, қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдебиеттану философиясының ең алғашқы өкілдері – Ахмет Байтұрсынұлы мен Мұхтар Әуезов болды. Бұл олардың ғылыми танымындағы тікелей сабақтастықты негіздейді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптаса бастаған бастапқы дәуірінде Абайдың еңбектеріне үлкен қызығушылық болды. Әдеби сипаттағы ең

алғашқы мақала Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» мақаласы болды. Ал классик ақынның өмірі мен шығармашылығын толық зерттеген, соның нәтижесінде абайтанудың негізін салған М.Әуезов еді. Ол ғылыми еңбектерімен бірге «Абай жолы» роман-эпопеясын жазды.

Қазақ әдебиетінің классигі Абайдың шығармашылығын ұлттық көркем ойдың айрықша құбылысы ретінде тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» деп дәл объективті бағасын берді. Мақалада ақын поэзиясының негізгі ерекшеліктері, әсіресе, көркемдік сипаты, эстетикалық қуаты, қазақ әдебиетіндегі жаңашылдығы жөнінде ғылыми тұжырымдар жасалды. Мұхтар Әуезов болса, осы ойларды жалғастырып, ақынның өмірі мен шығармашылығын кешенді түрде зерттеді. Соның негізінде Абайдың ғылыми өмірбаянын және өлеңдерінің хронологиясын дайындады. Сонымен қатар оның поэзиясы мен қарасөздерінің идеялық-көркемдік мазмұны, жанрлық жүйесі, Шығыс және Батыс әдебиетімен байланысы т.б. мәселелерді зерттеді.

А.Байтұрсынұлының да, М.Әуезовтің де фольклортануға, әдебиет тарихына байланысты ғылыми пікірлері олардың оқулықтарында көрініс тапты. Бұл арада мынадай эволюциялық логикаға назар аударамыз. Ол белгілі бір халықтың ғылыми ойының пайда болуы мен қалыптасуындағы оқу құралдарының бастапқылық рөлі мен маңызы. Осы жағынан келгенде, қазақ әдебиеттану ғылымының алғашқы өкілдері арасындағы ұқсастықты көреміз.

Екі тұлға зерттеулері арасындағы сабақтастық олардың ғылыми еңбектерінің стилінен де жақсы байқалады. Осындай аналогиялық мазмұн мен форма олардың дәуіріндегі қазақ әдеби тілінің даму деңгейімен және оқулыққа тән стильдің ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Олардың алғашқы оқулықтардағы стиль – жалпы қазақ әдебиеттану ғылымы стилінің қалыптасуына тікелей ықпал еткенін де айтуға тиіспіз.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Мұхтар Әуезов өмірде бірін-бірі көрген, тіпті араласқан адамдар. А.Байтұрсынұлының елу жылдық мерейтойы – жалпы қазақ тарихындағы тұңғыш мерейтой болды. Осы мерейтойлық жиында М.Әуезов баяндама жасап, Ахмет Байтұрсынұлын XX ғасырдың басындағы ұлттық Жаңғыру дәуірінің: «... алғашқы шыққан көсемі» ретінде бағалады.

Қазіргі қазақ қоғамы екі тұлғаны да рухани көсем ретінде жоғары бағалайды. Ахмет Байтұрсынұлы да, Мұхтар Әуезов те өздерінің ғылыми, әдеби шығармалары арқылы халықаралық деңгейге көтерілген аса көрнекті тұлғалар. ЮНЕСКО көлемінде аталып жатқан Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы және 1997 жылы дәл осындай форматта өткізілген Мұхтар Әуезовтің



100 жылдығы – олардың жалпы адамзат қазынасына үлкен үлес қосқан қазақ халқының ұлы тұлғалары екендігін айғақтайды.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Алматы: Атамұра, 2003.
2. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1998.
3. Жұмабаев М. «Алқа» // Алаш ақиықтары. Құрастырған Т.Жұртбай. Алматы: Алаш, 2006.

НҰРША ОРАЗАХЫНОВА

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы,
«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы*

«САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ ИДЕЯСЫ – АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ МҰРАЛАРЫ

Бүгінгі таңда қазақ халқы ғасырлар тоғысында тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Өйткені кез келген жаңа тәуелсіз мемлекеттің рухани даму үрдістерінің өзіндік ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер оның аумағында тұрған халықтардың бүгінгі өмірінен туындайды, оның тарихи сабақтастығы және салт-дәстүрімен айқындалады. Сондай-ақ оның өткен өмірі із-түзсіз жоғалып кетпейді, ұлттық санада, халықтық идеяда, мәдени-әлеуметтік және құндылықтар жүйесінде белгілі ретпен жинақталады. Міне, сол ғасырлар қойнауында қорытылып, жинақталып қалыптасқан қазақ халқына тән ұлттық білімнің озық, өнегелі үлгілерін білім алушыларға білім беруде, соның ішінде қазақ тілін оқытуда қолдану бүгінгі күннің басты міндеті болуы тиіс. Осы тұрғыда Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының оқыту әдісі туралы мына пікірі барлығымызға құнды болып саналуы қажет. «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әріпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды» (357 б) ...Қазақ сөздерін алып, орыс я ногай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс»...(142 б), – дей келіп, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. ...Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол



жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек»...(98 б).

Сондықтан бүгінгі таңда ана тіліміздің жойылып кетпеу жағын ойлай отырып, оны тұғырына қондырудың жолдарын қарастыруымыз керек. Біздің тілімізді дамытудың қажеті жоқ, оны саф алдындай сақтауға отбасы, балабақша, мектеп, ЖОО-ны болып ат салысуға міндеттіміз.

Жасыратыны жоқ, біздер әлі күнге дейін өзге елдің оқыту жүйесіндегі дүниелерді көшірумен келеміз. Ол Ұлт ұстазының айтқан жоғарыдағы пікірінің қаншалықты жүзеге асып отырғандығына көз жеткізуге болады. Әр ұлттың өзіне тән танымы, ұлттық таным-түсінігі бар емес пе? Соған сай өзіміздің білім беру жүйемізді айқындап, өзге елдің өзімізге қажеттісін көшірме түрде емес, сұрыптап алудың уақыты жетті ғой деп ойлаймыз. Сондықтан білім саласын басқарып отырған қызметкерлер мен мұғалімдердің білім деңгейімен қатар ұлттың болашақ тұлғаларына сапалы білім мен ұлттық тәрбиені бойларына сіңіруді міндетіміз деп түсінетін уақыт жетті. Өйткені ұлттық білімнің қайнар көзі – ұлылардан бүгінгі күнге жеткен шешендік сөздер, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер мен ертегілерді оқыту үрдісіне мақсатты түрде пайдалану заман ағымы ғана емес, ол – бүгінгі таңдағы ең бір зәру қажеттілік, себебі білім нәрінің тұнығына терең бойлау, адам баласына қажетті мәдениеттің әлеуметтік-тұрмыстық дәстүрлерін меңгеру, тану, білу арқылы білім алушылардың танымдық дүниесін, рухани қажеттілігін жетілдіреді, туған елінің, өскен жерінің, өзінің ұлтының, ата-бабасының тегін, өзіндік ерекшеліктерін үйренеді, оны құрметтеп, сақтауға машықтанады.

Ұлттық білім үлгісінің басты бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психологиялық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. ХХІ ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жандүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген қиын жағдайдан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қай-таланбайтын дара тұлға болуы тиіс.

Сондықтан білім беру ордаларында оқытылатын пәндердің оқу кешендері осы талаптар тұрғысында жазылу қажет. Ал ол қажеттілікті өтеудің бірден бір жолы – білім беру технологиялары екендігін тәжірибе дәлелдеп отыр.

Ол үшін білім алушылардың мектеп қабырғасында жүріп білім беру, педагогикалық, ақпараттық технологиялармен жете танысып, олармен жұмыс жасауға машықтануы тиіс. Соңғы жылдары білім ордаларында бұл жағынан ізденістер бар, білім алушыларға арналған оқу кешендері арнайы белгілі бір технологияны басшылыққа алып жазылуда.

Сіздердің қолдарыңызға ұсынылып отырған бұл еңбек – «Тілдік бірліктерді сатылай кешенді талдау» атты оқу құралы. Оқу құралы бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдерінің тәжірибесінде мақсатты түрде еніп отырған «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен жазылған.

Технология дегеніміз – белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысындағы білімдердің жиынтығы. Технология дегеніміз – тәжірибе жүзінде орындалатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы. Технология дегеніміз – оқу үдерісін жоғары деңгейге жеткізу мақсатында алдын ала ойластырылған ықпал мен әсер. Осы ойларымызды түйіндей келгенде айтарымыз, педагогикалық технология дегеніміз – оқытушының кәсіби қызметін жан-жақты қамтамасыз ететін, олардың оқушыға сапалы, терең білім беру жолындағы нақты іс-шаралар жиынтығы. Елімізде шетелдік технологиялар мен қатар отандық технологиялардың білім беру жүйесінде қолданылып келе жатқандығы баршаға аян. Солардың бірі – Алаш зиялыларының әдістемелік мұраларын басшылыққа алған, ұлттық құндылықтарға басым бағыт беріп отырған «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы. Бұл – технологияның білім саласында қолданыста болып келе жатқанына 27 жыл. Осы жылдар ішінде әуелі қазақ тілінен бастау алса, бүгінгі таңда он пәнге енгізіліп отыр. Себебі бұл технология әр пәннің өзіндік ерешелігіне қарай оқушыларға білімнің мазмұнын беруде өзіне тән түрлі әдіс-тәсілдерді басшылыққа ала отырып, сапалы білім беруді мақсат етеді.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, ерекшелігі, өзіндік деңгейлері бар және білім алушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Сатылай кешенді оқыту оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Сол арқылы басқа пәндерді сауатты меңгеруге негіз қаланады. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының басты қағидаларының бірі – жоғары қиындықта оқыту.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шек-



телмейтін, сонымен қатар білім алушылардың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі.

Сатылай кешенді оқыту баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып, оның оқуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясында мұғалім мен білім алушылар арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – білім алушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, жылдам, баяу қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық білім алушылардың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады.

Бұл технологияда тілдік бірліктердің жүйелі орналастырылуы, теориялық материалдардың ғылыми тілде баяндауға негізделуі, дидактикалық материалдардың ұлттық құндылықтар негізінде берілуі т.б. жетістіктерімен ерекшеленеді. Сондықтан да негізгі оқулығымен қатар осы оқу құралы арқылы қосымша білім алған білім алушылардың ана тілін сауатты, қызығушылықпен меңгеріп, әртүрлі бағытта шығармашылық жұмыстар жасай алатындығын тәжірибе дәлелдеп отыр.

Оқу құралы тіл білімінің барлық саласын қамтиды. Өзіндік ерекшелігі – тілдік талдаулар жасай отырып, теориялық материалдар да жаңаша бір жүйемен беріліп отырады. Бұлай беру білім алушыларға әрі түсінікті, әрі қызықты. Өйткені тіл білімінен берілетін теориялық білім оқу құралында жүйені қайталау емес, жаңа бағытта берілген, әрі ақпаратты технологияның қай түрімен оқытуға да оңтайлы, практикалық жағынан тиімді.

Практикалық тұрғыдан жетік игерілмеген білім құр жаттандылыққа ұрындырады. Есте ұзақ сақталмайды. Тілдің әр саласынан өтілген материалдарды, ондағы түрлі грамматикалық тұлғалардың атқаратын қызметтерін, тыныс белгілерінің қолдану ерекшеліктерін талдап, саралап, жинақтап меңгерту сатылай кешенді талдаудың басты белгісі болып табылатындығын оқу құралының өн бойынан аңғаруға болады. Атап айтар болсақ, фонетикалық талдау мына төмендегідей екі бағытта жүргізіледі:

а) сөзсазындық талдау;

ә) дыбыстық-фонетикалық талдау.

Еңбекте фонетикалық бірліктерді талдауға ерекше мән беріледі. Оның

да өзіндік себептері бар. Фонетикалық бірліктерді сауатты, әуезді талдап үйренген білім алушылардың сөйлеу, жазу мәдениеті жоғары болады.

Ал, сөзжасамдық талдауда сөздердің жасалу жолдары жеке-жеке сараланып, олардың тәсілдері айқындалып берілгендіктен білім алушылардың тіл білімінің бұл саласын жете меңгеруге негіз қаланады.

Морфологиялық талдауда сөздің құрамы, тұлғасы, құрылысы, мағыналық түрлері, әр сөз табының өзіне тән категориялары мен формалары рет-ретімен талданып берілгендіктен тіл білімінің осы саласында жетік меңгеруге толық мүмкіндік туады.

Оқу құралында лексикалық бірліктерді талдау мен оған қатысты теориялық материалдарды фонетика, сөзжасам, морфологиядан кейін беруді жөн санадық, оның өзіндік себебі де бар. Лексика тіл білімінің ең күрделі, ең бай саласы, оның үстіне бұл сала бойынша қоғамның жаңаруына орай ғылымда жасалып жатқан жаңалықтарды, олар арқылы тілімізге еніп жатқан жаңа сөздер мен сөз оралымдарын, олардың беретін сан алуан мағыналарын қоссақ, оның жүгінің ауырлай түсетіні анық. Сондықтан лексика саласын жоғарыда айтылған жүйемен беруді жөн санап отырмыз.

Мұнан соң синтаксистік материалдарды: тыныс белгісіне, сөйлемді айтылу сазы мен мазмұнына, құрылысына, мағыналық түрлеріне, сөйлемдегі сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдеріне сөз тіркесі мен түрлеріне, төл сөз бен төлеу сөзді рет-ретімен тұтас кешенді талдап, қажетті жерінде теориялық материалдарды кесте арқылы беріп отырдық. Теориялық материалдарды мұндай жүйемен беру әрі ықшам, әрі білім алушылардың меңгеруіне тиімді.

Кейінгі кезде білім жүйесінде тіл білім салаларын мақсатты түрде қысқартылып кеткендігі мәлім. Бұл оқу құралында тіл білімі салаларын меңгерудің жаңа жүйесін ұсынып отырмыз. Сонымен қатар бұған дейінгі жазылған еңбектеріміздегі ескерілмеген тілдік бірліктердің талдану үлгісі енгізілді. Тағы бір ерекшелігі тіл білімі салаларын талдауды жеке-жеке емес, сатылап, жүйелеп, кешенді беруді де ыңғайлы деп ойладық. Оған негіз болған әдіскер-ғалым Жүсіпбек Аймауытовтың «Көмлекісті оқыту жүйесі». Сондықтан оқу құралында бұрынғы беріліп жүрген кешендерді жаңаша, комплексті түрде беруді дұрыс деп ұйғардық. Сонда ғана білім алушы тіл білімі салаларын сөйлесім әрекеті арқылы теория мен практиканы қатар меңгереді.

Комплекс жайлы Ж. Аймауытов былай дейді: *«Өмірдегі құбылыстарды, нәрселерді, бір тақырыптың, бір пікірдің тәңірегіне жинап, қосып, түйдектеп, біріктіріп оқытуды комплекс деп атайды... Көмлекстің бірден-бір мәнісі – «түйдек», «жуымық», «топ» деген сөздерге тура келеді. Ненің*

түйдегі, ненің жуымығы десеңіз, әр алуан нәрселердің түйдегі, жуымығы болу керек» (5-том,226).

Міне, сондықтан бұл оқу құралында теория мен практиканы, тіл білім салаларын түйдектеп беруді мақсат еттік. Осыған дейінгі оқу кешендерінде тіл білімі салаларын жеке-жеке (фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис) сатылап, кешенді талдауды ұсынып келсек, бұл оқу құралында басқа жүйені ұсынып отырмыз. Бұл оқу құралында тілдік талдаулар мынадай жүйеде жүргізіледі: *бірінші – мақал-мәтел немесе нақыл сөзге ойтолғау; екінші – синтаксистік; үшінші – сөз құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына; төртінші – сөзсазындық талдау, дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беру.*

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының өзіндік тағы бір ерекшелігі талдауға алынатын сөйлемдер ерекше талғаммен, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай қарапайымнан күрделіге қарай, олардың қызығушылығын оятатындай, іздендіретіндей, ой елегінен өткізетіндей етіп алынады. Олар – мақал-мәтел, нақыл сөздер. Мақал-мәтел, нақыл сөзге ойтолғау арқылы білім алушылардың тілдік тұрғыдан сөз байлықтары артады, сөзді тандап, талғап қолдануға, жазба жұмыстарын сауатты жазуға, түрлі тақырыптарда шағын әнімелер, эссе жазуға, жас ерекшеліктеріне орай шағын шумақты өлең жолдарын жазуға машықтанады. Кез келген шаршы топта өз ойларын еркін айтуға, пікір-талас орнатуға бейімделеді. Психологиялық тұрғыдан зейін, тыңдау, қабылдау, ой ұшқырлығын, қиял-армандарын дамытуға, елестету, есте сақтау қабілеттерін дамытуды мақсат етсе, педагогикалық тұрғыдан логикалық ойлауға, оқуға деген ерік-жігер мотивациясын қалыптастыруға ерекше әсер етеді, рухтандырады, елжандылыққа, батылдыққа тәрбиеленеді. Ол үшін мұғалімнен терең теориялық білім, ізденімпаздық, талдауды жүйелі жүргізу, шығармашылықпен жұмыс жасау талап етіледі.

Әдебиеттер:

1. Ж.Аймауытов. 4-том. – «Ғылым» баспасы, – Алматы, 1998. – 446 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. –Алматы: «Ана тілі», 1992. – 444 б.
3. Мағжан Жұмабаев. Шығармалар жинағы. 3-том. – «Жазушы» баспасы, – Алматы, 2002. – 226 б.
4. Исаев С.М. Қазақ тілі Алматы: «Өнер», 2013. – 207 б.
5. Райхан Имаханбет «Ғасыр саңлағы» Алматы, 2022. – 399 б.
6. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы. –Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.

8. Оразахынова Н.А. т.б. Фонетикалық материалдарды сатылай комплексті талдау (Оқу құралы). –Алматы: РБК, 2001. –72 б.
9. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: Ғылым, 2002. –110 б.
10. Оразахынова Н.А. т.б. Сатылай комплексті талдау (фонетика, сөзжасам, морфология, лексика, синтаксис). Оқу құралы. –Алматы: «Телеарна», 2006. – 302 б.
11. Н.А.Оразахынова. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография. –Алматы: «Дайыр» баспасы, 2007. –289 б.
12. Н.А.Оразахынова, Қ.Т. Мұхамеди, Р.Қ. Жетібай «Нормативті қазақ тілі,. –Алматы: «ОНОН», 2022. – 307 б.



АЯЖАН ӘБДІБЕКОВА

педагогика ғылымдарының магистрі

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыруда жалпы жазба тілі мен ауыз екі сөйлеу тілі тікелей байланысты. Оқушыларды шығармашылықпен ойлауға тәрбиелеу – мұғалімнің міндеті. Сондықтан бұл жұмыс түріне ерекше талап қою керек. Мәтінді мазмұндауға үйрету жазбаша сұрақтарға жауап беруге үйрету, жоспар құруға, белгілі бір суретке тақырып қоя білуге, сол суретке қарап сөйлем құрауға мұғалімнің көмегімен өздерінің ойларын, қызықты іс-әрекеттерін әңгімелеуге үйрету.

Біздің зерттеуіміз бүкілхалықтық талқылаудан өткен, өзектілігі күнбе-күн артып келе жатқан осы құжаттарда қойылған сұраныс бойынша зерттеу жұмысын жүргізуге арналады.

Қазіргі заман сөйлеудің үш түрі – ауызша, жазбаша және электронды түрлерінің дамуын ерекше талап етіп отыр. Сөйлеудің жазбаша, электронды түрі қаншалықты маңызды болса – ауызша сөйлеудің мәні де соншалықты зор. Оқушыларды ауызша сөйлеуге баулу мәселесін нақты әңгіме ететін кезең келді. Бұл әлеуметтік қажеттілік, заңнамалар талабы, Елбасы тапсырысы. Бұл пікірлер аталған тақырыптың өзектілігін анықтайды.

Бұл уақыттың талабы. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Ол оқушыға оқу қызметінің субъектісі ретінде жүзеге асырылуы орынды. Жаңа тұлға оқушыны дамыту жолдары: өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Демек, мектеп оқушыларының ғылым, білімнің қоғамдық қажетті деңгейі мен қамтамасыз ету, оларды отандық, ұлттық және әлемнің мәдениет арналарына сусындату қажет.

Адам баласы сөйлеу тіліне келгенде ешбір тіл ережесін оқымай-ақ сөздерді дұрыс байланыстырып жаңа сөздер, сөз тіркесін, сөйлемдерді құрастырады. Бірақ мұның барлығы да ауызша сөйлеу шеңберінде болатын іс-әрекет. Ал жазу әрекетінде ауызшаға қарағанда өзгешелік бар. Өйткені жазуда барлық қателер мен кемшіліктер көрініп тұрады. Жазу әрекетінде тілдің жүйесіне қатысты фонетика, грамматика, лексика, графика, орфография ережелерін міндетті түрде меңгеріп үйренуді қажет етеді. Жазу жұмыстарында фразаларды құрастыруда, сөз таңдауда т.б. формаларды пайдалануда ережелерді, заңдылықтарды білуге тура келеді.

Жазу графикалық таңбалардың мағыналық жүйесі мен тізбегі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазу арқылы адам айтқанын деген ойын қағазға түсіріп, екінші бір адамға, жалпы адамзатқа жеткізуді мақсат тұтады. Яғни адам баласы ойын басқаға жеткізу үшін жазуды үйренеді [1].

Әлемдік өркениетке қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық – саяси, экономикалық, мәдени дамуындағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызды.

Қазақстан Республикасы Жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында көрсетілгендей: «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты – мемлекеттің әлеуметтік және кәсіптік проблемаларын өз бетінше тұжырымдай отырып, іс жүзінде шеше алатын, жоғары білімді әрі бәсекеге түсуге қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға қолайлы жағдай жасау болып табылады» [2].

Демек, жазу әрекетін меңгерту дегеніміз – адам айтар ойын сөзбен, сөйлеммен түсінікті етіп таңбалар жүйесі арқылы жеткізу. Сөйлеу үшін тіл үйренуші тілдік тұлғалардың бір-бірімен тіркесу, қолданылу тәртібін іс жүзінде түсініп, өз бетімен қажетіне қарай пайдаланып үйренуі керек. Бұл тілдегі сөздік қор мен грамматиканы меңгеріп, ойда пайда болған ұғымды сөйлемге айналдыруды қажет етеді. Жазуды игеруде тіл үйренуші тілдік тұлғаларды дұрыс қолдануға, сауатты жазуға үйренеді.

Осы орайда, академиялық жазу іскерлігіне анықтама берер болсақ, ол бірнеше себептер бойынша атқарылатын жазуға жатады, себебі академиялық жазу қарапайым анықтама арқылы келуі қиын. Сондай-ақ, академиялық жазу көптеген әр түрлі нысандарда қолданылады. Сипаттамаларда, түсініктемелерде, мысалдарда, мәтін жазуда, хаттарда, ғылыми іс-қағаздарда және т.б. академиялық жазудың іскерлігін пайдаланылады.

Жалпы ағылшын тілінде Academic English деген термин қалыптасқан. Бір қырынан қарағанда біздің қазақ тіліндегі публицистикалық стилге келетін секілді. Академиялық ағылшын кәдімгі күнделікті ағылшыннан бөлек, ғылыми тіл. Академиялық жазу академиялық ағылшынның жазу тілі ретінде қалыптасқан. Академиялық жазу шеберлігі, сондай-ақ мұғалімдер мен зерттеушілерге оқуға немесе конференцияларда көбінде ұсынылған жарияланымдар үшін пайдаланылады. Академиялық жазу тіпті академиялық жазу параметрінде берілген кез келген жазу тапсырмасын қамтуы мүмкін.

Еуропалық білім беру ісінде академиялық жазылым тұжырымдамасы дәлелді және негізделген өзіндік пікір құрай білу; логикалық құрылымды

жазбаша түрде бере білу; тұтас жұмысты ресімдеудің халықаралық академиялық стандарттарын сақтай отырып, материалды жүйелеп бере білу сияқты үш тұғырдан құралады.

Жазу – таңбалардың белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болуы арқылы адамдардың бір-бірімен жазбаша қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазу арқылы тіл үйренуші сөйлемнің мәніне, мағынасына, формасына көңіл аударып, оны ойымен пайымдауы арқылы өз санасынан өткізіп, қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуы нәтижесінде жазбаша тілдік қатынасты жүзеге асырады.

Жазу әрекеті тілдік қарым-қатынастағы сөз әрекеттің, тілдесудің басты элементтерін үйрету үшін бағытталады. Бір қарағанда мұнда қатысымдық байланыс жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Өйткені тіл үйренуші азды - көпті білгенін қағазға түсіреді. Бірақ онда екінші адаммен тікелей тілдесу іске аспайды, демек жазудың қиындығы да осында. Жазу үстінде адам өз ойын тиянақты, жүйелі, басқа біреуге ұғынықты болатындай етіп, екінші адамға ыңғайлап жазады, тілдік қарым-қатынастың жазбаша түріне бейімдеп орындайды. Жазу – жазған адамнан гөрі, жазылғанды оқып, оны тыңдап қабылдайтын оқырманға, яғни басқа, екінші бір бөгде адамға ыңғайлап, соның талап тілегін ескеріп, сол үшін жазылады.

Жазу әрекеті біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазу құбылысында сөз әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн–мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден, жазу қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады[3].

Сонымен, сөз әрекетінің бір түрі ретінде жазу тіл үйренушіден өз ой пікірін екінші адамға жүйелі түрде қағаз бетіне түсіре алуды, кәсіптеріне қатысты түрлі шығармашылық жұмыстарды (реферат, аннотация, мақала, тезис, конспект, келісім шарт, хат, пікір жазу т.б.) орындауды, ресми іс- қағаздарды сауатты жаза білуді талап етеді.

Егер оқытуды тұтас жүйе ретінде алып қарасақ, оның екі құрастырушысы бар: оқытушы (мұғалім) және оқушы (оқушы, студент). Оқытушы оқушының оқуға деген қызығушылығын оятып, оны басқарып, бағыттап отыруы керек. Оқу өте белсенді процесс, онда оқушы оқыту жұмыстарының бәріне қатысуы керек. Бұл екі жақты іс-әрекет: біріншісі – оқытады, екіншісі – оқиды, мұнда екі жақтың атқаратын іс-әрекетін бөлек қарауға болады. Интернет ресурс грамматиканы талқылау барысындағы жазу мен академиялық жазу ара-

сында көптеген айырмашылықтар бар. Академиялық жазу барлық тілдер үшін күрделі жазу түрі. Ағылшын тілі ғылымында академиялық жазу іскерлігі сөздердің дәлдігін талап етеді. Сондай-ақ, логикалық құрлымына, конвенциялық сілтемелеріне және сөз құрлымындағы сөздердің шешендігіне назар аудару қажет. Сонда академиялық жазу барысы жиірек қол жетімді болады. Академиялық жазу іскерлігінде мақсатын дұрыс қою, көлемді мазмұн мен материалды логикалық тәртіппен ұсыну және оны тұжырымға келтіру маңызды. Академиялық жазу іскерлігіне оқшауланған және объективті көзқарас қажет. Академиялық дәлел логикаға жүгінеді, интеллектуалды ұстанымның қолдауына дәлелдемелер береді және ол эмоциялық шағым жетіспеушілігін айырады. Осы тұрғыда академиялық жазу іскерлігі турасында сыни тұрғыдан ойлау керек. Сыншыл болу біреудің жұмысын мадақтау немесе оны жоққа шығару емес. Тиісінше жазылған мәтінге жақын болуды білдіреді.

Академиялық жазу іскерлігін қалыптастыру барысында шетелдік оқу орындарына мотивациялық хат жазу үшін Алматы қаласындағы №15 гимназияның жоғарғы сынып оқушыларына қосымша сабақ жүргізілген болатын. Нәтижесінде оқушылар арасында жазуға деген оның ішінде академиялық жазуға алғышарттар жасалынды.

Әдебиеттер:

1. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.Е. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. М.: Просвещение, 1991. – 287 б. 162-бет.
2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы. Алматы, 1998. –96 б. 5-бет.
3. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Алматы, 2000. – 208 б. 101-бет.



ШЫҢҒЫСХАН ТҮМЕНБАЕВ

*Ақтөбе облысы Тілдерді оқыту орталығының
мемлекеттік тіл оқытушысы*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНДАҒЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КЛАСТЕРДІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Бүгінгі қоғамның эволюциясы *цифрлық дәуір адамын* қалыптастырды. Еліміз де өз даму статусын – *цифрлық Қазақстан* (Digital Kazakhstan) атауымен белгілеп, жаңа өркендеу мәдениетінің стратегиясын «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен 2017 ж. бекітті. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі бұл бағдарламаның жүзеге асуын 2018-2022 жж. аралығына жоспарлады. Қазіргі Қазақстанның цифрлық даму келбеті, бағдарламада белгіленген екі негізгі даму бағытында жүргізілуде:

1. Қазіргі экономиканы цифрландыру;
2. Болашақтың цифрлық индустриясын құру.

Еліміздің әр экономикалық саласы цифрлық индустрияны әлемдік деңгейге көтеріп қалыптастыру үшін, өз кәсіби бағыттарында жүйелі жобаларды жүзеге асыруда. Бұған дәлел ретінде республикамыздағы ғылыми-тәжірибелік конференцияларды, мамандардың кәсіби форумдарын, ғылыми және әлеуметтік жобаларды, кадрларды дайындау оқу бағдарламаларының «цифрлық» мазмұнын, мемлекеттік қызмет көрсетудегі цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін айтуға болады.

Еліміздегі цифрлық қоғамды дамытудың басты мақсаты – адами капиталды жаһандану қағидаттарына сай арттыру арқылы қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің сапасын заманауи тұрғыда дамыту. Болашақ цифрлық қазақстандық индустрияның тетігі ретінде инновациялық мәдениеттің жаңа үлгілерін анық айтуға болады. Мұндай инновациялық үлгілер ретінде цифрландыру саясатын жүзеге асырып отырған 4.0 өнеркәсіптік салаларының өндірісін, цифрлық технологиялар арқылы сапалы қызмет көрсетудің заманауи жобаларын ұсынып отырған салаларды келтіруге болады (мемлекеттік қызмет көрсету, медицина, авиация, білім беру, дизайн, сәулет т.б.).

Цифрлық индустрия осындай салалардың инновациялары арқылы жүзеге асатын болса, ол инновациялардың өзіне қандай феномен түрткі бола алады деген сауал туындайды. Цифрлық инновациялардың негізін құрайтын – ІТ-компаниялардың компьютерлік технологиялары мен бағдарламалары және

цифрлық лингвистиканың мүмкіндіктері. Қоғамымызда мынадай «адасатын» пікір жиі кездеседі – техника мен технологиялардың дамыған заманында гуманитарийлердің өзектілігі мен оларға деген сұраныс төмендейді. Соның ішінде тіл мамандарын (лингвистер, тілтанушылар) ығыстыратын жаңа технологиялық дәуір лингвистиканың да (тіл туралы ғылымның) заманауи өмірін цифрлық қоғамнан тыс қалдырады деген «соқыр» пікірлер.

Кәсіби пікірлер мен арнайы мәліметтерге жүгінсек, ірі IT-компаниялар да, заманауи бағдарламалар бойынша IT-мамандарды дайындайтын белгілі Мәскеулік жоғары оқу орындарының жетекші ғалымдары да, цифрлық қоғамның даму эволюциясын әлемдік деңгейде болжап берген әйгілі физик, футуролог Митио Каку сияқты көшбасшы-мамандардың көрсетуінше де, цифрлық дәуір қоғамында техникалық және гуманитарлық білім ғана өзектенеді. Гуманитарийлер, соның ішінде тіл мамандары, цифрлық қоғамның жаңа контентін қалыптастыру үшін және жаңа өмір концепциясын түсіндіріп насихаттау үшін қызмет ететін болады. Ал қоғам дамуының кез келген жаңа мәдениетіне көшу алдында үнемі тұтынушылық «аласпыраны» болатыны – тарихи шындық. Сонда жаңа қоғам тұтынушылары яғни цифрлық қоғам адамы, өзінің жеке идентификациясын жүргізу алдында, өмір сүріп отырған әлеуметінің концепциялық негізін (моральдық, философиялық, рухани, мәдени, технологиялық, әлеуметтік-экономикалық) түсініп алғаны дұрыс. Бұл салада қыруар еңбек ететін қазіргі әлеуметтік-ізгілендіру саласының мамандары болады.

XXI ғасырдың алғашқы екі он жылдығында біздің елімізде бірнеше трансформациялық кезеңдер өтті – олар экономиканы, индустриялды өркендеуді, әлеуметтік саланы қайта қарауды, технологиялық дамуды басты назарға алды. Ал цифрлық Қазақстанды дамыту стратегиясын жаңа технологиялық тренд ретінде қабылдаумен қатар, қоғамдық санасезімді рухани жаңғырту стратегиясы да күн тәртібіне қойылды. «Цифрлық Қазақстан» мен «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламалары қыран құстың екі қанатындай елімізді әлемдік өркениетке көтеретін маңызды даму стратегиялары болып табылады деп білеміз. Екінші жағынан, жоғарыда көрсетіп кеткендей, техникалық және гуманитарлық-ізгілендіру білім мен мәдениеттің қатар жүріп қана еліміздің сапалы трансформациялануына жол ашатын ұтымды факторлары екенін байқатады.

Цифрлық өркениеттің технологиялық құрамды бөлігі ілгерілеген сайын, білім беру саласының да, соның ішінде – тіл мамандарын дайындаудың талаптары, кәсіби дағдылары мен үлгілері де арта түсетіні сөзсіз. Қазақстанның бүгінгі жоғары оқу орындары (ЖОО) бұрынғы классикалық филолог-ма-



мандарды дайындап келеді. Олардың кәсіби дағдылары мен дипломында көрсетілген жоғары білім түрі мектептерде, колледждерде және магистратураны бітіргендер – ЖОО педагогикалық, ғылыми-педагогикалық қызметпен айналыса алады. Бұл педагогикалық бағыттағы филологтардың кәсіби карьералық үлгісі. Ал педагогикалық емес бағытта дайындалған «Филолог» мамандар өндірістік мекемелерде, басқару саласында, ғылыми ұйымдарда диплом бойынша жұмысқа орналаса алады.

Классикалық филология мен филолог-мамандардың трансформациялануына әсер етіп отырған негізгі факторлар – өзгермелі әлемнің қарқынды өзгерістері мен қоғамдық дамудың жаңа үлгідегі концепциясы. Неліктен бұрынғы мамандықтардың бір қатары өзектілігін жойып, еңбек нарығында өз сұранысын жоғалтып отыр? Бұл маңызды сауалға жауап ретінде келесі дәйектерді келтіруге болады.

Кез келген саланың заманауи маманы үшін, алдымен, «жұмсақ дағдылар» жүйесі яғни кәсіби құзыреттіліктерден тыс қалыптастырылатын қосымша дағдылар жүйесі қажет. Сонда классикалық үлгіде дайындалатын филолог үшін заманауи еңбек нарығы ұсынып отырған жаңа мамандықтар мен жұмыс орындары үлкен мүмкіндіктер ашады. Осыған орай қазақстандық жұмыс берушілер ұсынып отырған жұмыспен қамту сайттарын (www.Hh.kz, www.Nur.kz) талдап қарасақ, филологтар үшін жиырмадан астам жаңа қызмет түрлері бар екен, мысалы – *копирайтер-аналитик, SMM-копирайтер, рерайтер, копирайтер – контент-менеджер, редактор-копирайтер т.б. және PR бөлімінің басқарушысы, жарияланымдарды талдау, БАҚ-пен байланыс, коммуникациялық менеджер, коммуникациялық маркетинг сияқты лауазымдық позициялар. Копирайтерлерден талап етілетін негізгі кәсіби дағдылар – мәтін дайындау (жазу), әлеуметтік желілердегі жарияланымдарды тауарды өндіруші мен тұтынушы арасында байланыс құралына айналдыру, компания өнімдерін түсіндіру мен насихаттау, жарнамалау, қызықты әрі креатив мазмұндағы ақпаратты әлеуметтік желілер, кәсіби және ресми сайттар арқылы жария ету.*

Сонымен, лингвистердің кәсіби дағдылары мен олардың кәсіби маман ретіндегі келбеті цифрлық қоғамда жаңа белеске көтерілетіні айқын. Тіл мамандары үшін цифрлық өркениеттің ашатын мүмкіндіктері мол. Өкінішке орай, еңбек нарығы ұсынып отырған лауазымдық позицияларға сай келетін мамандарды дайындауға колледж бен ЖОО-лар әлі де болса асықпайды (әзірше классикалық филологтар дайындалуда). Осы жағдаятты ресейлік ЖОО негізінде талдап көрсек, оларда «Компьютерлік лингвистика» деген оқу бағдарламасы (мамандығы) жүзеге асырылуда. Филология мамандықтарын-

да кәсіптендіру бағытындағы заманауи курстар оқытылуда – *цифрлық гуманитаристика (Digital humanities), филологиядағы математикалық модельдер, корпуслық лингвистика, цифрлық дәуірдегі филология, «цифрлық мәтін» дайындау технологиясы, лингвистикалық есептерді алгоритмдеу* т.б.

Цифрлық қоғам өз даму дәуіріне толық енді – бұл өзгермелі әлемнің ХХІ ғасырға беретін, келешегі бар сыбағасы. Цифрлық өмір сүру жағдаятында барлық мамандықтар дерлік өзгеріске ұшырайды. Осы күнгі кәсіби стратег-мамандар ХХІ ғасырдың болашақ мамандықтары атласын да құрастырып үлгерді, олардың қатарында классикалық филологияның трансформацияланған түрі де бар, бұл мамандық – *цифрлық лингвистика (маман – цифрлық лингвист)* деп аталады. Алдағы уақытта еліміздің білім беру саласының лингвистикалық кластері цифрлық қоғамның еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыру үшін, цифрлық кәсіби біліктілікке қарай трансформацияланғаны өзекті.

Сондықтан, цифрлық Қазақстан стратегиясы аясында филолог мамандарды дайындау қағидаттары келесі кәсіби құзыреттерді негізге алу арқылы жүзеге асырылғаны маңызды:

- лингвистикалық есептерді бағдарламау
- лингвистикалық компьютерлік технологиялармен жұмыс
- «цифрлық мәтін» дайындау техникалары
- мәтіндерді автоматты тұрғыда түсіну
- сөйлеу тілін компьютерлік өңдеу
- мәтіндерді автоматты өңдеу әдістері
- әлеуметтік желілерге мәтін дайындау әдістері
- машиналық аударма технологиялары
- мәтінтану алгоритмдерін жасау
- жасанды интеллект пен адам тілі – модельдеу мен өңдеу
- жасанды интеллект тілін қалыптастыру технологиялары.

ЖОО мен колледж студенттері үшін жаңа үлгідегі оқу бағдарламалары мен цифрлық лингвистиканың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыратын оқу траекториялары ашылса, онда цифрлық трансформациялану процестері де сапалы деңгейде өтеді. Себебі лингвистикалық кластердің цифровизациямен байланысы да, өзара ықпалдасу бағыттары да өте кең және маңызды. Бұрынғы қоғамның тіл иесі мен бүгінгі цифрлық адамның өзара айырмашылықтары да – *цифрлық қоғам тілі мен мәдениетінде* болатыны айқын.

Әдебиеттер:

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017.
2. «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017.

**ШЕРУБАЙ ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ***ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі**филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі***«100 ОҚУЛЫҚ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША ЖАРЫҚ
КӨРГЕН ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ ТЕРМИНЖАСАМ,
ТЕРМИНҚОЛДАНЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Терминдерді ұлт тілінде жасап, ұлттық терминқорды қалыптастыруда оқулықтардың, оқу құралдарының алатын орны айрықша. Өйткені белгілі бір ғылым саласының ғылыми атаулары сол саланың оқулықтары арқылы білім алушы оқушылар мен студенттердің санасына сіңеді. Терминдермен танысып, ойына тоқыған олар ертең маман болғанда сол атауларды қолданып, ғылым тілін тұтынушы, қалыптастырушылар қатарын құрайды. Осы тұрғыдан келгенде «100 оқулық» жобасы оқулықтарындағы терминдер ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына, оның терминқорын байытуға үлес қосуға мүмкіндігі мол жоба болды. Олай деуіміздің себебі әлемнің ең озық университеттерінде оқытылып жүрген бұл оқулықтарда біздің тілімізде мүлдем қолданылмаған, сөздіктерімізге енбеген немесе санаулы сала мамандарына ғана таныс көптеген атаулар қамтылған. 100 оқулық жарық көргеннен кейін қазақ тілді көпшілік солардың бәрімен танысу мүмкіндігіне ие болды.

Ал енді сол оқулықтардағы ондаған, жүздеген терминдерді қазақ тіліне қабылдау мәселесінде аудармашылар мен редакторлардың қандай ұстанымды басшылыққа алғанына келер болсақ, бұл өз алдына бөлек мәселе. Жалпы біздің елде дәл осы мәселеге қатысты баршаға ортақ термин қабылдау, терминалмасым қағидаттары орнықтағанын айтуымыз қажет. Лингвист ғалымдар мен түрлі сала мамандарының терминалмасым, терминдерді аудару-аудармау туралы көзқарасы, таным-түсінігі мен ұстанымы бір арнаға тоғыса бермейді. Соған сәйкес оқулықтарды аудару кезінде ағылшын, неміс, француз және басқа да тілдердегі терминдерді қалай аудару қажет деген сұрақ туындады. Жоба жетекшілері тарапынан да, түрлі саланың мамандары тарапынан да шет тіліндегі оқулықтардағы терминдерді түпнұсқаға сәйкестендіріп, өзге тілдерде кеңінен қолданылып жүрген нұсқасын алу қажет деген пікір айтушылар көп болды. Сондықтан жобаны ұйымдастырушылар мен көпшілік мамандар пікірі ескеріліп, аудармада шетелдік, халықаралық терминдерді аудармай алу бағытына басымдық берілді. Аудармашы мамандар мен редакторлардың негізінен осы ұстанымды басшылыққа алуына байланысты 100 оқулықта

негізінен шет тілдерінен дайын күйінде алмасқан терминдер саны басым болды. Оған мына төменде берілген терминдер дәлел бола алады.

Мысалы: **дебрифинг, диапазон, индикатор, интерпретация, информант, когорта, контент, матурация, медианат-анализ, мода, регрессия, спецификация, страта, фокус-топ, эксперимент** және т.б. [1].

Ал кәсіпкерлікке арналған Д.Ф. Куратко еңбегінде: **гудвил, дубликация, мобайл маркетинг, непотизм, скимминг, факторинг, франчайзинг, фремиум модель** сияқты көптеген терминдер қолданылады. Олардың арасында **экомұрат** (etcovision), **макроайналым** (makro iteration) тәрізді будан сөздер мен **бутлегерлік** (bootlegging), **бутстраптирлік** (bootstrapping) секілді терминдер де, ұлт тілінде жасалған **нарықтандыру** (marketability), **кеңейтім** (extension) іспетті жаңа атаулар да бар [2].

Басқа салаларда ондай терминдер аз емес. Мәселен, Әлеуметтік психологияда: **аутгрупп** (outgroup), **ингрупп** (ingroup), **дебрифинг, прайминг, фрустрация, эмпатия** және т.б. [3].

«Интернет психологиясы» оқулығында: **аватар** (avatar), **аутгрупп** (outgroup), **лайк** (like), **спам** (spam), **тролль** (troll), **қолсұғушылық** (harassment) **айқұлақ** (@), **киберкеністік** (cyberspace), **киберізгетүсу** (cyberstalking), **киберқорқыту** (cyberbulling), «**жайын аулау**» (catfishng), **праймиң** (to prime), **секстиң** (sexting), **троллиң** (trolling) және т.б. [4].

«Кино» еңбегінде: **қозғалыс-бейне** (image-mouvement), **қабылдау-бейне** (image-perseption), **әрекет-бейне** (image-action), **сезім-бейне** (image-affection), **серпін-бейне** (image-pulsion), **ізтаңба** (empreinte) және т.б. [5].

Әрине, мүмкіндігінше ұлт тілінде жаңа терминдер жасауға немесе кейінгі жылдары ұсынылып жүрген жаңа қолданыстарды барынша тиімді пайдалауға ұмтылушы аудармашылар мен сала мамандары да болды. Мәселен, жоғарыда көрсетілген оқулықтарда қолданылған **нарықтандыру, кеңейтім, қолсұғушылық, айқұлақ, қозғалыс-бейне, қабылдау-бейне, әрекет-бейне, сезім-бейне, серпін-бейне, ізтаңба** және т.б. сияқты жаңа терминдер солардың ізденістері мен ұлт тілінде термин жасауға деген ұмтылыстарының нәтижесі. Бұл атаулардың саны мен сапасы қандай екенін, олардың қолданысқа ену-енбеуін уақыт көрсетеді. Әрине, жаңадан жасалған терминдердің тілдік айналымға еніп, терминжүйеден орын алуына немесе қолданыстан шеттеп қалуына әсер ететін өзге де факторлар мен себептер болатынын да естен шығармаған абзал.

Сонымен қатар кейбір оқулықтарда шет тілдерінен енген терминдерді тіліміздің дыбыстық жүйесіне мейлінше бейімдеп алу ұмтылыстары да байқалады. Мысалы ағылшын тіліндегі **ing**-ге аяқталған атаулардың «Интернет психологиясы» оқулығында: **праймиң, секстиң, троллиң** түрінде берілуі

соған дәлел бола алады. Бұл осы оқулықты аударған белгілі редактор-аудармашы, әрі осы кітаптың жауапты шығарушысы Е.Жеңісұлы мен әдеби редактор С.Сыбанбай сынды журналист-қаламгер мамандардың ұстанымын көрсетеді. Керісінше, осы жоба аясында жарық көрген оқулықтарда *ing*-ге аяқталған терминдерді қазақша айтылуына лайықтамай, орыс тіліндегідей *нг* түрінде алған аудармашы мамандар да бар. Мәселен, «Әлеуметтік психология» оқулығын аударушылар *маркетинг, скимминг, факторинг, франчайзинг*; «Әлеуметтік психологияны» аударушылар *дебрифинг, прайминг*; «Экономика» оқулығын аударушылар *банкинг, компаудинг, скрининг*; Р.Гриффиннің «Менеджмент» оқулығын аударғандар *аутсорсинг, бенчмаркинг, рекрутинг, франчайзинг* деп алған.

Бір жоба аясында жарық көрген оқулықтарда бір типтегі терминдердің бұлайша екі түрлі беріліп отыруы бізде термин қабылдауда, шет тілі терминдерін таңбалауда ортақ ұстанымның, бірыңғай емленің әлі орныға алмай отырғандығының айқын көрінісі. Жалпы жоба аясында басылған оқулық әдебиеттерде жиі ұшырасатын, соңғы жылдары тілімізге көптеп ене бастаған терминүлгінің бірі осы ағылшын тіліндегі *ing* жұрнақты терминдер екенін айта кеткен жөн.

Оқулықтарда аудармашылар ұсынған немесе осыған дейін де ішінара қолданылып жүрген жаңа будан терминдер де бар. Мысалы: **экомұрат, макроайналым, киберкеңістік, киберізгетүсу, киберқорқыту** және т.б.

Сөз болып отырған оқулықта шеттілдік терминнің түбірін сақтай отырып, қазақ қосымшаларын жалғау арқылы жасалған терминдер де ұшырасады. Мысалы: **бутлегерлік, бутстраптирлік** және т.б.

Біз осы жобаның жұмысына бастан-аяқ араласа отырып, тіл білімі саласы бойынша жарық көрген еңбектерді аударуға, редакциялауға және кейбір басқа пән оқулықтарын редакциялауға қатыстық. Мәселен, Стивен Пинкердің «Тіл – инстинкт» еңбегін аударғанда әріптестер тарапынан мыслекод (*mentalese*) терминінің *ой коды//ойлау коды//ойтаңба* сияқты бірнеше баламасы ұсынылды. Ұсыныстарды талқыға сала келіп, солардың арасынан – **ойтаңба** нұсқасына тоқталдық. Сол секілді бұл оқулыққа: **нұсқар** (*стрелка*), **«мылжындық синдромы»** (*синдром болтушки*), **мишемен** (*гидроцефалия*), **боссөзділік** (*словоблудие*), **жаңатіл** (*новояз*), **ескітіл** (*старояз*), **көтеріңкі сарын** (*восходящий тон*), **түсіңкі сарын** (*нисходящий тон*), **қызғылт-көк** (*фиолетовый*), **«сөзшеңдік»** (*трепливость*), **сөз-өзек** (*слово-ядро*), **синтаксистік талдауыш** (*синтаксический анализатор*), **ойжұмбақ** (*головоломка*) тәрізді мүлде жаңа немесе кейінгі жылдар ішінде жасалған терминдер де енді [6].

Әрине, бұл еңбекте де *адъюнкт, аксон, артикль, алгоритм, аутизм,*

афазия, дискурс, дислексия, дифтонг, инверсия, инстинкт, листема, прагматика, эмпиризм іспетті өзгеріссіз алынған кең тараған терминдер де аз емес. Шет тілінде жасалған барлық терминге ұтымды балама табу мүмкін бола бермейтіні, жалпы термин шығармашылығы деген аса жауапты да күрделі жұмыс екені белгілі. Дегенмен, мүмкіндігінше шет тілдерінен енген терминдердің ұлт тіліндегі баламасын табуға ұмтылыс жасалды.

Қорыта айтқанда, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы аясында жарық көрген оқулық әдебиеттер ұлттық терминқорды көптеген жаңа ұғымдармен, тың терминдермен толықтырды. Олардың елеулі бөлігі әлемнің бірнеше тілінде қолданылып жүрген, кең тараған терминдер болса, тағы бір бөлігі – ұлт тілінде жасалған жаңа терминдер. Яғни, терминқорымыз терминалмасым есебінен де, терминжасам арқылы да еселене түсті. Енді алдағы уақытта осы оқулықтарда қамтылған терминдерді түгел жинақтап, оларды лингвистикалық сараптан өткізудің мәні зор. Сөйтіп атқарылған істің пайдалы коэффициентін анықтаумен бірге, терминқорды жетілдіру, реттеу, біріздендіру, нормалау жұмыстарын да қатар жүргізген орынды.

Әдебиеттер:

1. Синглтон Ройс А., Стрэйтс Брюс С. Әлеуметтік зерттеу әдістері. «Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2020. – 816 б.
2. Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. «Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2018. – 480 б.
3. Майерс Д., Туенж Ж. Әлеуметтік психология. «Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2018. – 560 б.
4. Уoleyс П. Интернет психологиясы. «Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2019. – 356 б.
5. Жил Делөз. Кино 2. Уақыт-бейне. «Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2020. – 368 б.
6. Пинкер Стивен. Тіл – инстинкт. «Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2019. – 386 б.



СЕРІК ЕРҒАЛИ

педагогика ғылымдарының магистрі, лингвист

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАЗУЫН ФЛЕКТИВ ӘЛПБИЛЕРДЕН ҚҰТҚАРУ ҚАЖЕТ

*Мен ақиқатты меншіктене алмаймын,
тек қисындар схемасын ғана ұсына аламын.*

– Серікбол Қондыбай, мифолог.

Қазақ емлесінің дертіне дауа кирилше жазуда табыла қойған емес. Емле дертін жауырды жаба тоқып, лекерлеп келе жатқанымыз рас. Сол себепті жазу реформасы шынында да өзекті. Бірақ... Ал енді жаңа латынша қаріп емлені «сол дерттен» айықтыра ала ма?! Бұл жайындағы тартыс лайық шешімге апара ма, әлде оны бұрынғыдан да өршіте ме? Бұл дау-дамай емес, шындығында емледегі бұл «дертті емдеу» айналасындағы ғылыми талас және ол керек тартыс, онсыз алға баса алмаймыз, сәйкес шешім табыла қоймайды.

Өткен ғасырдың 90-жылдарын ескермегенде, берісі 2006 жылдардан басталған әліпбиді латыншалау науқаны мен шаралары әлі күнге күн тәртібіндегі емле мәселесін шешуге қабылеті барын байқата алмай келеді. Бұған басты себеп: әліпбиді жаңғыртудағы нақты тұжырымның жоқтығынан, болған тұжырым толық ғылыми сараптан өте алмай, әркім өз көзқарасын тұжырымға балауға тырысатындықтан; ақыры жаңа әліпби жасақтау үдерісі оны айналып өтіп, саясилаңған тұжырымға маңдай тірегенінен болып жатыр. Бұл – бір. Екінші назар аударғымыз келетін жайт: басында латынша-26 нұсқасымен қазақы әліпби жасағысы келетіндер, қазақ тілін термекілге/клавиатура бағындыра жаздағаны; одан кейінгі нұсқалардың нені неге бағындырғысы келетіні, болмаса не нәрсеге басымдық беретіні беймәлім болып жатқандығы. Қысқасы, қазақ тілі өзіне тән әліпби мен емлеге ие болу мәселесі барған сайын дау мен таласты өршітіп келеді. Жауаптан гөрі сауал молайды. Шешімнен гөрі мәселе ұлғайды.

Бұның арғы жағында не тұр? Біздің ойымызша, бұның астарында – тіл табиғатының мәнін ескермеуден не білмеуден туындаған қатпар-қатпар мәселе жатыр. Мысалға қазақ тіліне әліпби іздегенде кейбір ғалымдар тарапынан басты қағидаға айналған «**бір дыбыс – бір таңба**» деген тұжырымның өзі тілімізге қажетті қабілет пен қасиетті айшықтайтын дүние ме еді деген күдігі басым күңкілді балалатты. Агглютинатив сипатты қазақ тіліне сол

принцип тән бе? Шын мәнінде бұл принцип бір үнді бірнеше құбылтатын флектив/үншең тілдерге тән қағида еді. Сонда да қазақ тілі үшін «бір дыбыс – бір таңба» талабы орындалмастан келеді. Дұрысы – орындала алмай келеді. Соның орындалуы міндетті ме еді?! Жоқ! Бұл әсіресе, **У** мен **И** дыбыстарына қатысты қазақ жазуының атасы **Ахмет Байтұрсынұлы** төте жазу әліпбиін түзгеннен бері толық шешімін таппай келе жатқан мәселе.

А.Байтұрсынұлы өзінің төте жазу әліпбиін қалыптастыру барысында бірнеше рет сатылап, жетілдірумен айналысты, емлені барынша нығайту мақсатымен реформаны бірте-бірте эволюциялық жетілдіруге ден қойды. Себебі, араб жазуындағы әріптердің қазақы дауысты дыбысты беруге қабілеті жетіспеді және де тіл табиғатын да, емлесін де ашпады. Өйткені, араб тілі мүлдем өгей тілдік жүйе еді. Сол себепті, әуелде Ахаң ең әуелі 1912-1922 жылдары «төте жазуда» арабша **Е** таңбаға қазақтың **Ы/І, Е, И/Й** бес дыбысын арабтың бір таңбасымен беруге мәжбүр еді, яғни басында қазақ емлесі арабтың «бір таңба – бірнеше дыбыс» қағидасына бағынуға мәжбүрленді.

1923 жылы А.Байтұрсынұлының ұсынуымен «төте жазуға» түрлендіру жасалып, **О/Ө, Ұ/Ү, У** (жарты дауысты) дауыстыларды таңбалайтын бір таңбаның орнына тәуелсіз үш бірдей таңба таңылды. Бұл да жетістік еді. Сөйтіп жуан-жіңішкелігі ескерілмесе де, қазақтың басты үш дыбысы егемен болды. Аталмыш қадам қазақ лингвистикасындағы айтулы оқиғаның бірі еді. Бұл өзгертімдер А.Байтұрсынұлының белгілі «Тіл-құрал» еңбегінде көрініс тапты.

Қазақ тілінің емлесін алғаш рет ресми реттеу ережесі 1923 жылы 23 наурызда Қазақ-қырғыз Білім комиссиясының №71 қаулысымен қабылданады. Бұл комиссияның төрағасы – Х.Досмұхамедов, мүшелері – М.Жұмабаев пен Ә.Диваев болған. Аталмыш ереже Түркістан республикасы Халық комиссары С.Қожановтың №43 бұйрығымен сол жылы 23 наурыз күні бекітілген.

Алайда, бұл шешім қазақ тілінің бұлжымас емле ережесі болды деуге келмейді. 1940 жылға дейін талай түзетулер орын алған. Атап айтқанда, бүгінге дейін дауы басылмаған **Й/И** мен **У** дыбыстарын **Ахмет Байтұрсынұлы** «Тіл - құрал» еңбегінің 1925-1927 жылдарда бірнеше рет басылған нұсқаларында «**жарты дауысты**» деп танығанмен, оларды дауыссыздар қатарына жатқызған. Бұл дыбыстарға қатысты талас 1925 жылғы тұңғыш **Білімпаздар жиынында** қаралып, 11 адам - дауыссыз, 4 адам - дауысты деп дауыс беру нәтижесінде дауыссыздар қатарына жатқызылады. Ал бұларға қатысты ережелер өзгеріссіз қалды.

Ахаң өзінің «Тіл жұмсар» кітабында **Ұ/Ү** дыбыстарына «талғауық ды-

бысшылар» деп баға береді. Өйткені, бұл дыбыстар сөз ішінде орын талғайды, ал түбір сөздердің басында, басқы буында келеді деп көрсетті.

Алайда, аталмыш дыбыстардың затын тану емледегі мәселені шеше қоймады. Оны шешудің маңызды бір жолын қазақтың тұңғыш тілбілім профессоры **Құдайберген Жұбанов**, мына қосар дыбыстарды – **ЫЙ/ЙЙ, ҰУ/УУ** бір таңбамен **И, У** түрінде жазуды ұсынып, барынша тиімді шешім шығарған еді. Бірақ ол іс жүзінде кейінірек І.Кеңесбаев пен М.Балақаевтар тұсында ғана іске асты. Ал бұл шын мәнінде үндес/сингармо әліпби түзудегі бір қадам болатын. Және де бұл қадам әлгі флектив тілдерге тән «бір дыбыс – бір таңба» қағидатына қайшы, себебі қазақтың тұңғыш кәсіби лингвисті бұл қағидаттың агглютинатив тілдердің табиғасына жат екенін сәтті байқаған болатын.

Қазақтың төл емлесі қолға алынғалы басталған қосар әріп әуресі сол кезден-ақ дауға айналып, одан кейінгі XX ғасырдағы латын әліпбиін қабылдаған жылдарда жалғасты. Латын жазуындағы қатенің төрттен бірі **И** мен **У**-ды таратып қос әріппен жазудан деп дабыл қаққан Құдайберген Жұбанов: «Мұнымен есептеспеске болар ма екен? Қосар әріптің жазудағы қиыншылығымен санаспай болмайды» деп арнайы мақала да жариялаған (Қосар ма, дара ма?, 1935 ж.). 1929-1940 жылдар аралығында қолданыста болған латын әліпбиіндегі қиындық пен ала-құлалық та осы **И** мен **У**-ды қосар таңбамен беру мәселесінде орын алғандықтан, 1938 жылы ол дыбыстарды барлық жерде бір ғана таңбамен жазу туралы шешім шығарған.

Қ.Жұбановтың өзі ұсынған **сингармо әліпби** жасау мәселесін толық шешуге репрессиялық сүргіннен мүмкіндігі болмады. Бірақ бұл мәселе әлі күнге басы ашылмаған күйі қалып отыр. Қазақ тіл білімінде бұл тақырып қозғалмаған күйі өзектелмеген қалпы қалды. Әйтпесе көп мәселеге шешім табылар еді. Себебі неде? Бұған жауапты тағы да сол тілдің жазу табиғатының (табиға – Серікбол Қондыбай термині) толық танылмағанынан, тілбілім нысанына айналмағандығынан деп бір қайтара тұралық. Осының кесірінен қазақ тілі өзіне тән, өз табиғасына қажет жазу құрылымын әлі тапқан жоқ!

Алайда, жоғарыда келтірілген бірнеше жылдарды қамтыған ұлы білімпаздарымыздың еңбегі еш емес, керісінше, сол еңбектер арқылы тілдің табиғаты бірте-бірте ашыла түсті. Бірақ, оның төл келбетін советтік лингвистика толық ашуға мүмкіндік бермеді. Өйткені, қазақ тілінің өз келбеті болуын сұрқия саясат қаламады, оған қазақ тілі қайткенде де, орыс тіліне тәуелді болуы керек сценарий жол бермеді. Міне сол қитұрқылық инерциясымен әлі келеміз, соның кесірінен дауға дау, таласқа талас қосып алдық. Бірақ шешімнің қарасы көрінбейді.

Дауы шешілмеген **У** мен **И** әріптерімен таңбаланған қосар дыбыстардың әлі күнге тиянақты емлесі бар дей алмаймыз. **Ұу/Уу** қосар дыбыстарын бір таңбамен **У**-мен белгілеу машығы шын мәнінде қазақ тілінің төл табиғасынан туындайды. Бірақ сол табиғаны тап басып лингвистикалық қағидамен ашып бере алмағанның кесірінен, бұл прецедент теориялық жағынан басы ашық күйінде қалып, жұрттың көкейіне көп сауалды саулатып отыр. Бұның теориялық әрі практикалық ілімі ашылмағандықтан, қазақ емлесіндегі бұл көріністің қағидасы жұмбақ, ережесі нақтыланбаған. «Бұууу» сөзін **буу** түрінде жазу ақтаулы болғанмен, бұл жазбаны «**Бүүүүу**» түрінде де оқуға болады ғой. Сол секілді **су, бу, ту** сөздерін неліктен **сүү, бүү, түү** түрінде оқуымыз керегін нақтылайтын емле жоқ, прецедентті зорлап сіңірудеміз. Бұны жан-жақтан алуан тілдің түрлі ықпалына қалған жас буын да, тілді үйренуші де **сүү, бүү, түү** түрінде оқуға қақы тағы бар... Солай етіп те жүр! Басы ашылмаған дүмбілез дүние. Бұл емле тілдегі ерекшелікті аша алмай тұр! Сөйтіп, жазарманы мен оқырманын шатастыратын бірден бір жасанды әрі шикі, бір қайнауы жетіспеген «жартыкеш дауыстылар» қағидасының мәселесі ашық күйінде қалып отыр.

Ал енді **Й/И** әріптерінің әуселесіне келейік. Бұл таңбалар әріп ретінде қазақтілді ортаны әуелден шатастырып келе жатыр. Қараңыз: **жиын, жинақ, жина** секілді сөздердің түбірі – «жый» сөзі. «**Тиін**» сөзінің түбір буыны – «**тій**». «**Тиын**» сөзінің түбір буыны – «**тый**». Екі буынның да жуан-жіңішкелігі әртүрлі бола тұра, бір формант болып тұр: **ТИ**. «Егер де соңғы буындары жуан/жіңішке болып келсе, **И** әрпі сәйкесінше жуан **ЫЙ**, не жіңішке **ІЙ** қосар дыбыстарын таңбалайды» деген нақты ереже болса, онда бұл сингармо әліпбиінің қағидасы болып шыға келер еді және соған сұранып та тұр! Осындай **ый/ій** қосар дыбыстардың бір таңбамен жазылуын нақтылайтын тиянақты емле ережесі бар ма? Жоқ! Болса да, жазарманды сендіре алмайды. Яғни алуан ахуалды ажырататын қағида жоқ. Бар болғаны авторитетке негізделген догмаға ұқсас ереже.

Ал енді мына қызықты қараңыз: «**жый**» түбірі секілді «**сый**» форматынан құралатын сөздердегі қосар дыбыстарды бір емес екі әріппен жазып жүргеніміз қалай? «**Сый**», «**сыйақы**», «**сыйлық**», «**сыйтабақ**»... Бұларды да неге **жина, жиналыс, жинақ** секілді «**си**», «**сиақы**», «**силық**», «**ситабақ**» түрінде жазбасқа?! Оның есесіне «**сыйпат**» сөзін **СИПАТ** түрінде жазамыз – логика болсайшы! Әлде **С** дауыссызының құбылатын бір сыйқыры бар ма?! Қазақ тілбіліміндегі бұндай әртекті қағида мен қайшылықты қандай ережемен де арашалай алмайсың. Мәселе емледегі шешімін таппаған дүниелерде болып тұр!

Енді «бір дыбыс – бір таңба» қағидасына бағындырып, жазу реформасын жүргізуді мақұлдаушы топтардың әрекетіне келейік. Аталмыш қағида агглютинатив/буыншаң сипатты қазақ тіліне емес, орыс тілі секілді флектив тілдерге тән қағида екенін басында атап өткенбіз. Флектив сөздер таңбамен әр дыбысын түгендемесе жазуға да, оқуға да шорқақ. Өйткені, флектив/үншен тілдер үшін **сөзөзгерім** құбылысы флексилердің сүйемелімен жүзеге асады: **флексилер** дегеніміз – бойына бірнеше мәнді жинақтаған форманттар. Сөйтіп, флектив тілдер әрбір қыңқ еткен дыбысты дұрыс таңбалауға мәжбүр болады. Соның өзінде ол тілдерде «ит деп жазылып, шошқа деп оқылу» мәселесі сол күйінде шешілместен келе жатыр. Флектив тілдер жазу жүйесіне кіріккен біздің агглютинатив тіліміз де соның жолын құшып келеді: **көкөніс** деп жазып, **көгөнүс** деп айтамыз. Орфография мен орпоэфияны «күндес» етіп қойғанбыз. Міне осы қайшылықтан құтылғысы келетіндер «бір дыбыс – бір таңба» принципіне жүгінгісі келеді.

Агглютинатив/буыншаң, жалғамалы қазақ тілі ондай ұсақтықты жаратпайды, өйткені ол бүгін бір буынды не буыншақты/микробуынды бір таңбамен де жазып кетуге кеңпейілді тіл. Бұны 1923 жылғы бекітілген

1. Даусты «*ي*» (ы) ноқатсз «*و*», «*ه*» «*ي*» харфы мен жазылады; Жарты даусты «*ي*» (й/и) астына екі ноқат қойылб «*و*», «*ه*», «*ي*» харфымен жазылады. (*) «*ه*» харфы бітеу бұунда-ғана жазлмайды. Бас бұун ашқ болса, онда-да қалмай жазылб отырады. «*و*» (ы) бас бұунда жазлмайды деген ереже бұзылады.

(*) Жеке һәм сөздің соңнда жазылатұн астында қос ноқаты бар «*ي*» (й/и) басбаханада болмағаншқдан азрге ноқатсз «*ي*» басыла тұрады.

2. «*ي*» (й) харфы мен (үтрлы «*ي*» (й)) даусты «*ي*» (й)-ғана жазылады; жарты даусты «*ي*» (й) үстіне үш ноқат қойлған «*ي*» (й) харфы мен жазылады».

3. «Астында тк жөнді екі ноқаты бар «*ه*» харфы қазақ әліпбиінен шығрылады; мұнн орнына үшқ қалбты «*ه*» (е) жазылады – сөздң бас бұуыннда «*ه*» (е) орнына «*ه*» жазылады деген ереже бұзылады».

алғашқы ресми емле ережесінің өзі «бір дыбыс – бір таңба» емес, «бірнеше дыбыс – бір таңба» принципімен жазылғанын да аңғарайық. Бұл ереже үзiгiн зерттеушi Е.Маралбек мырза өзiнiң «Қазақ емле ережелерiнiң қалыптасу тарихы» мақаласында «Ескерту: мәтiн емле ережелерi болғандықтан ережелердiң нақты сипатын көрсету үшiн түп нұсқаға дәлме-дәл транскрипция жасалды» деген маңызды ескертуiн құп ала отырып, мына сөздердiң сол кездегi жазылуына мән берелiк:

- даусты – дауысты
- ноқатсз – ноқатсыз
- қойылб – қойылып
- бұунда – буында
- жазлмайды – жазылмайды
- бұун – буын
- ашқ – ашық
- сөздң – сөздiң
- соңнда – соңында

- астнда – астында
- болмагандқтан – болмагандықтан
- әзрге – әзірге
- ұтрлы - ұтырлы
- тк – тік
- әлбійінен – әліпбиінен
- мұңң – мұның
- үшкл – үшкіл
- қалбты – қалыпты
- бұуында – буынында.

Бірінші бағандағы Ақаңның жазуы бүгінгі кирилше жазумен «бір дыбыс – бір таңба» талабына сәйкесе қоймайтын, оның орнына қысаң І/Ы дыбыстарының таңбаланбау үлгісін көріп отырмыз. Бұл шын мәнінде агглютинатив тілге тән жазудың бір көрінісі болатын! Ұлт ұстазы сол тіл қағидатына бағынған адам! Ал біз керісінше тілді бағындырып келеміз.

Егер де аталмыш жазу үлгісін одан әрі жетілдіргенде, қағидалау барысында қазақ орфографиясы мен фонемаграфиясының барынша тиімді де оңтайлы шешімі табылар еді. Бірақ тарихи ахуал бізді ондай мүмкіндікке қол жеткізбеді.

Өкінішке қарай, бүгінде жазу арқылы қазақ дыбыстарын түгендеу технологиясын қолға алған ғалымдар қазақ емлесін шұлғаудай шұбалыңқы қалыпқа түсіретінін аңғармай қалып жүр. Агглютинатив тіл үшін «бір дыбыс – бір таңба» принципі жазуды барынша қиындатып, оқуды ежіктеуге мәжбүр ететін орашолақ емлені тудырады. Орфоэпиялық транскрипцияны фонемаграфияға айналдыру тілге ғана емес тілбілім саласына обал. Және де жалғанбалы тілдің жазба сипатын шұбалаңқылыққа айналдыратыны сондай, қазақ тілінің жазба көлемі кемінде 25-30 пайызға ұлғаяды. Бұл жазарманды да шошытады, жазу жұмысы мен шығынының да көлемін енапат етеді. Бұндай жазуы бар тілден тілдік орта тұйыққа тіреледі; жазу мүмкін болмайды; тілдік қауым ондай тілден бас тартады. Бұл тілдің табиғасын тұтынушылар мен үйренушілерге күрделі етіп көрсетеді.

Мысал үшін «бір дыбыс – бір таңба» принципіне бағындырып, тіл білім ғылымының ақсақалы **Нүргелді Уәлидің** «Орфографияға оңтайлы әліпби керек» атты сұхбатына сүйене отырып, мына сөздерді қарастырайық:

Бүліну – бүлүнүү

Ұрыну – ұрұнұу

Суыну – сұуұнұу



Жылыну – жылынұу

Сұрқия – сұрқыйа

Сусылдық – сұсылдақ

Қиюластыруы - қыйұластырұу

Оңтайлы әліпби орфографияға да емес, орфоэпияға да емес, ең алдымен тілдің үндестік заңын паш ететін және соны орфография мен орфоэпияға қызмет еткізу қажет!

Шын мәнінде қазақ тілінің емле теориясын сингармологияға икемдеуге батылдықпен кірісетін реформа қажет, бұл реформа жаңаша ойлауға ғана бағынады. Бұл жөнінде белгілі фонолог, сингармонист ғалым Әлімхан Жүсіпбектің «Сингармология или неизвестный сингармонизм» еңбегі бұл ойымызды одан әрі өзектендіре түседі: Тюркская (казахская) транскрипция имеет уникальную особенность – орфография равна орфоэпии – т.е. орфоэпическая от природы структура тюркской (казахской) речи не требует специального транскрипционного обеспечения при фонетическом анализе тюркского текста...

«Тюркоцентризм», это – методы и принципы анализа казахского (более шире тюркских, еще шире урало-алтайских языков) языка, где теоретической основой анализа фонетики является сингармология. Сингармология – раздел тюркологии, изучающий структуру звукового строя казахского (тюркских языков) языка и функционирование звуков в казахской (тюркской) языковой системе. Основной единицей сингармологии является сингема... В результате сингармологических исследований устройство казахского (тюркских) языка предстанет в совершенно новом, непривычном для индоевропеистики, виде. Это будет реальная фонетическая картина органично присущая звуковому строю казахского (тюркских языков) языка. «Европоцентристский», навязанный ко всем типологически различным языкам мира термин «фонология» показывает свою несостоятельность.»

Бұдан әрі ойды өрбітудің өзі артық. Осы бағытта іске кірісу қажет.

АЙГҮЛ ОРМАНОВА

Ш.Шаяхметов атындағы “Тіл-Қазына” ҰҒПО Әдістеме басқармасының ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі

ЖАРНАМА ДИСКУРСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Бүгінгі әлеуметтік-экономикалық тыныс тіршілігімізді жарнамасыз көзге елестету қиын. Жарнама күнделікті өміріміздің құрамдас бөлігіне айналды. Жекелеген отандық компаниялардың, қаржы-несие мекемелерінің жарнама қызметіне белсене араласа бастауы – бұл саланың елімізде өріс алатынын байтса керек. Негізінен тауар түрлерін жарнамалауға бағытталған баспасөз хабарламаларының, теледидар роликтерінің діттейтін мақсаты – өнім өткізу көлемін ұлғайтуға жәрдемдесу болып табылады. Сондай-ақ халық алдындағы танымалдығын, беделін (имидж) арттыру үшін ақпарттық-насихаттық наухан жүргізу [1].

Жарнаманың қоғамдағы рөлі өлшеусіз. Әлеуметтік-экономикалық өмірдің сан қилы салаларына еркін араласатындықтан, оны кей зерттеушілер бизнес өрісінен іздесе, кей ғалымдар коммуникация түрі ретінде қарастырады. Жарнаманы өнер саласына жатқызатын мамандар да баршылық. Қазіргі заманғы америка жарнамасының атасы саналатын Альберт Ласкер «Жарнама – хатқа түсірілген сауда», - деп есептеген. Француз әлеуметтанушысы Жан Бодриар жарнамаға «Дәуірдің бүкіл тыныс-тіршілігін білдіретін қоғамның бірегей материалдық және рухани мәдениеті», - деген анықтама берген [2, 24].

Жарнама дискурсы әлеуметтік-мәдени ортаның көрінісі. Жарнама тек қана экономикалық құбылыс емес, әлеуметтік сипаттағы құбылыс, сондықтан да ол әлеуметтік лингвистика құзырындағы мәселе.

Социоллингвистика – тіл мен қоғамдық өмір деректеріндегі себептік байланыстарды зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Қазақ тілінде «әлеуметтік тіл білімі» терминімен аталып жүрген тіл білімінің бұл саласының негізгі нысаны – тілдің функционалдық жағы, қарастыратын басты мәселелері: тілдің қоғамдық табиғаты, әлеуметтік мәні, қызметі, тілдік болмыстың формалары (әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, қарапайым тіл, территориялық диалектілер т.б.), тілдің әлеуметтік саралануы (жаргон, арго, кәсіби тіл), тілдік қалып, тілдік жағдай, тіл саясаты т.б. Жарнама әлеуметтік тіл білімі тұрғысынан зерттеу нысаны ретінде алынып, қазақ тілінде жазылған алғашқы ғылыми-зерттеу жұмысы ретінде С.А. Асанбаеваның «Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социоллингвистикалық өзекті мәселелері» атты кандидаттық

диссертациясын атауға болады. Еңбекте қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде жарнама саласындағы қызметі және оның өзекті мәселелері, жарнама саласында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту жолдары қарастырылады. Ізденуші өз зерттеу жұмысының өзектілігі мен мақсатын былай тұжырымдайды: «Қазақ тілі азды-көпті жарнама саласында қолданыла бастады. Бірақ бұл көпшілік көңілінен шықпай отыр. Мемлекеттік тілде берілген қай жарнаманы алсақ та, талғамсыз, қазақ тілінің әдеби нормаларына қайшы келетін, не болмаса орыс тілінен қалай болса солай аударылған жарнамаларға кез боламыз. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесін толығымен атқаруы үшін оның жарнама саласында кеңінен қолданылуын, өрісін кеңейту өзекті мәселе. Күні бүгінге дейін жарнама тілі жүйелі зерттеу нысаны болған емес. Қазақ тілі жарнама тілі ретінде әлсіздік танытқандықтан да нарықтық экономикада, әсіресе сауда саттық саласында беделге ие бола алмай келеді. Республикада қазақ жарнама тілін кеңінен қолданатын беделді тілге айналдырудың жолдарын көрсету, осы бағытта нақты ұсыныстар енгізу» [3, 13]. Автордың пікірінше, «нарық қыспағына түскен қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде толыққанды жарнама тіліне айналдырудың тетігін (механизмін) жасауға шамасы келгенше күллі тілші қауым атсалысуы тиіс» [3, 13].

Зерттеуші Қазақстанда жарияланып жүрген жарнамалардың Тіл заңын қаншалықты орындап, басшылыққа алып жүргендігін нақтылы зерттеулер жүргізбей-ақ байқауға болатындығын айта келіп, өз ұсыныстарын былай түйіндейді: «Осы тұрғыдан келгенде мемлекеттік тілдің жарнама саласында қызмет етіп, қолданылуын, әдеби тіл нормаларын қалыптастыру мәселесін ғылыми негізде жүйелеп беретін, оның іске асуын қадағалап отыратын, қадағалап қана қоймай оған ұйытқы болатын Социолингвистикалық орталық құрса, бұл істің шешімін тауып, одан әрі дамуына жақсы әсерін тигізер еді. Ал мұндай орталық құруға, шындап кіріссе, материалдық негіз бар. Жарнама мәселесімен айналысатын мамандар жеткілікті. Демек, үкіметіміз мемлекеттік тілдің жарнама саласында қалыптасуы үшін керекті жағдайдың барлығын жасауы тиіс, қазақ тілі жарнама саласын сонда ғана толық қамтып, қолданылу өрісін кеңейтуі мүмкін» [3, 14].

А.А. Билялова орыс тіліндегі жарнама дискурстарын қазіргі элеуметтану және элеуметтік психология ғылымдарының жетістіктерін пайдалана отырып зерттейді. Автордың пікірінше жарнаманы зерттеудің ең өзекті тұсы – бұқаралық санамен байланыстылығы. Бұл жөнінде өз еңбегінде: «Современная социология и социальная психология весьма далеки еще от сколько-нибудь полного понимания выделенного объекта: усложнение форм общественной жизни, развитие массовых форм потребления произведений культуры и ис-

кусства, массовых форм проведения свободного времени, средств массовой информации заставляет с особым вниманием отнестись к изучению данного класса явлений» – деп жазады [4, 18].

Кейбір авторлар жарнамалық мәтінді дискурс деп сипаттайды. Дискурс – «тілдегі тіл». Яғни қоғамның ерекше түрінде көрініс тапты. Дискурс бәрінен бұрын және ең бастысы мәтіндерде орын алды. Ол сөйлемдерге ерекше грамматика, лексика, синтаксисте, семантикада сөз сөз қолданудың ерекше дүниесі (Ю.С. Степанов бойынша) ретінде қарастырылады. Әрбір дискурс әлемінде синонимдік ауыстырлудың өз ережелері, өз этикеті жұмсалады.

Дискурс ұғымы 20 ғасырдың 70-жылдарынан бастап философияда кеңінен қолданыла бастады. Тұңғыш болып «дискурс» ұғымын Ю.Хабермес өзінің «Коммуникативтік компетенция теориясына дайындық» еңбегінде қолданған болатын. Содан бері бұл термин батыстық философияда кең қолданылып жүр. Хабермес дискурске мына төмендегідей белгілер тиесілі деп қарастырады: қарым-қатынасқа, сұхбатқа имманентті (іштей тиесілі), сол кезеңнің қоғамдық өмірінде қалыптасқан нормалар, ережелер және негізгі құндылықтар жинағынан тұратын идеологиялық тіл. Ондағы идеология деп отырғанымыз жалпы белгілер жүйесі деген мағынада қолданылып отыр [5].

«Дискурс – сөздік ағым, ол үнемі қозғалуда болатын тіл, сол тіл өзінің құрамына тарихи дәуірдің көпоқиғалығын, коммуниканттық-элеуметтік және жеке тұлғалық қасиеттерін қамтумен қоса, қауышу жағдаятын да қарастырады. Дискурста халық менталитеті, мәдениеті көрініс береді» [5, 3]. Дискурс пен мәтіннің арақатынасына қатысты Т.М. Николаева, К.Сидоровада дискурстың тілдік факторлары мен байланыстылығына назар аударады. Дискурстың өзі коммуникациядан пайда болады, мәтін сол коммуникацияның нәтижесі. Коммуникативтік жағдай болу үшін тіл мен сөз (сөйлеу) әрекетке енеді. Тілде тұрғанда мәтін ешкімге арналмаған, ал ол дискурсқа түскенде авторға ие болады және қабылдаушыға, яғни қалайда біреуге бағытталады. Дискурсты тіл мен сөз/сөйлеу қатар өрілген тұста коммуниканттар арасында диалогтық сипатта пайда болатын айтылымдар тізбегі немесе сөйлеу тізбегінің кесіндісі десек, мәтін сол тілдік әрекет нәтижесінде туындағын өнім, туынды. Бірақ ол келесі бір сөйлеу актісінде басқаша сипатта жандану (қолдану) қабілетіне ие, сол сәттің өзінде оның ойында бастапқы пайда болған коммуникативтік жағдай ұшқындары сақталады, дегенмен оның өзі қайта туғызушының мақсатына, ниетіне байланысты өзгеріске ұшырайды» [6].

Демек, дискурсты коммуникативтік не сөздік оқиға ретінде қарастыруға болады, себебі біріншіден, соның шеңберінде коммуникативтік не сөздік акт жүзеге асырылады; екіншіден, дискурс коммуниканттардың қауышуының

нәтижесі. Жарнаманың коммерциялық түрінде. Ол жарнаманың негізгі қызметтерінің орындалуына бағытталған, оның жекелеген элементтердің жиынтығы дискурсты құрайды [6]; 3) Жарнама коммуникациялық саясатты жүзеге асырады. Коммуникациялық саясат – фирманың тұтынуды қалыптастыруға және сатылымды ұлғайтуға бағытталған, ықтимал тұтынушылармен және тұтастай алғанда қоғаммен өзара байланыстарды жолға қою шараларының жүйесі болып табылады. Коммуникациялық саясат негізінде коммуникацияның мақсаттары орындалады. Оларға келесілер жатады: 1) хабарлылықтың негізін қалау; 2) қажетті ақпарат беру; 3) тиісті имиджді қалыптастыру; 4) жақын тарту сезімін ояту; 5) имиджді бекіту; 6) таңдау-талғамды орынтқыру; 7) сенімділікті нығайтып, қалыптастыру; 8) өнімді байқап көруге итермелеу; 9) өнімді сатып алуға итермелеу; 10) сату көлемін ұлғайту; 11) мақсатты аудиторияның экономикалық мінез-құлқын өзгерту [6].

Коммуникация процесін жолдаушы (сөйлеуші, жазушы, ақпарат беруші) мен қабылдаушының (тыңдаушы, оқушы, ақпарат қабылдаушы) концептуалдық жүйелеріндегі қарым-қатынас ретінде түсіндіруге болады. Адресанттың концептуалды жүйесі айтылым барысында тілдік көрініске ие болады, сондай-ақ адамдық когницияны адекватты талдау сөзсіз коммуникативтік тәсіл арқылы зерттелуі тиіс. Қазақстан зерттеушілері арасында дискурсқа «коммуникативті әрекеттің жазбаша немесе ауызша түріндегі вербалды жемісі», «Қандай да бір ақпаратты алғанда тыңдарман не оқырман мәтін авторының сол мәтінді дайындаған сәттегі қиял дүниесін елестетуге тырысады. Басқаша айтқанда, дискурсты түсіну бөгде адамның ойлау дүниесіне еріксіз және ерікті түрде ену деуге болады», «коммуниканттар (автор/сөйлеуші және оқырман/тыңдарман) арасындағы байланыс» түрінде түсіндіретін пікірлер бар [7].

М.Пеше *адресант – хабарлама – адресат* «ақпараттық» моделінің құрылымын: 1) адресант, 2) адресат, 3) референт немесе хабарлама контексі, 4) адресант пен адресатқа ортақ тілдік код, 5) адресанттан адресатқа бағытталған айтылымдық ізбе-ізділік түрінде қарастыруды ұсынады. Аталған модельді ақпарат теориясын шеңберінде қарастыра отырып, М.Пеше адресат пен адресант арасындағы «семантикалық әсерлікті» *дискурс* ұғымымен атауды ұсынады [8].

Сонымен қоса, коммуникативтік саясат лингвистикада қауышу іс-әрекеті ретінде түсіндіріледі. Сондықтан лингвистикалық тұрғыдан коммуникация адресат пен адресанттың қауышуы бір-біріне ниетін білдіру болып табылады. Дискурс – коммуникативтік қатынас. Ол тілдік қатынасты да негізге асырады.

Дискурсты сөйлеуші мен тыңдаушының қарым-қатынасын жүзеге асыра-

тын айтылым деңгейінде қарастыру турады идея М.Бахтиннің еңбектерінде жан-жақты баяндалды.

«Айтылымның болмысына тән қасиет – оның қандай да бір жаққа, адресатқа арналуы болып табылады. Елдің ешкімге арнайы қаратылып айтылмайтын мағына тудырушы бірліктері – сөз бен сөйлемге қарағанда *айтылымның* тағы бір ерекшелігі онда *автор* және *адресат* міндетті түрде болады. Бұл адресат күнделікті пікірлесі, сөйлесуге жай ғана қатысушы, мәдени байланыстың белгілі бір саласы бойынша айрықшаланатын ұжым өкілі немесе публикадан, халықтан, замандастарынан, әріптестерінен, жауларынан, пікірлестерінен, бастықтарынан, бағыныштыларынан аз не көп деңгейде айрықшаланатын, тіпті басқалар үшін анықталмаған бейтаныс болуы да ғажап емес, - осы аталған белгілер, адресат концепциясын осы айтылым қатысты болатын адам қызметі тұрғысынан сипаттайды. Айтылым кімге бағытталған, сөйлеуші/жазушы өзінің адресатын қалай елестетеді, автордың адресатқа әсер ету мүмкіндігі қаншалықты – айтылымның стилі, композициясы соған байланысты құрылады. Әрбір айтылым жанры айтылымның кез-келген саласында оның жанрын айқындап беруге қатысатын адресаттың типтік концепциясына ие болады [8].

Коммуникациялық принциптің негізгі қағидаларының бірі – қажеттілік ережесі. Яғни, жарнамада берілетін мәліметтің бәрі қажетті болу керек. Мәтінде берілген тілдік бірліктердің тыңдаушыға әсері, соңғы нәтижеге жетуге қызметі күшті болуы керек. Бұл жерде, де таңбаның таңбаны қабылдаушыға әсері, қатынасы, теориясы басты назарда болады. Қажеттілік ережесі ұғымы тіл біліміндегі прагматикалық зерттеулерде қолданылып жүрген максима релевантности, правила релевантности ұғымдарын беру үшін қолданылып отыр. Тыңдаушыға өзінің ниетінді, ойынды, мақсатынды қандай тілдік бірліктер арқылы, қалай жеткізу керек деген мәселелерді тілдің прагматикалық аспектісін ескергенде ғана дұрыс меңгеруге болады. Жарнаманың барлығының коммуникативті мақсаты бар. Жарнама белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін қызмет етуі керек. Жарнама мәтіндеріндегі тілдік бірліктер тыңдаушыға әсер етуі керек. Ол әсер соңғы нәтижеге, негізгі мақсатқа, жарнама берушінің яғни, айтушы ниетінің орындалуы үшін белгілі дәрежеде қызмет етуі керек. Яғни, тыңдаушыға бағытталған лингвистикалық суретте тілдік бірліктердің өзінің семантикалық аспектісіне қарағанда прагматикалық аспектісінің маңызы зор. Жарнама мәтіндерінде берілетін прагматикалық ақпарат та тыңдаушыға әсер етері сөзсіз. Жоғарыда айтылғандай қандай ақпаратты қалай, кімге, қандай тілдік бірліктер арқылы жеткізу керек деген мәселе маңызды болуы керек. Бұл

ретте Н.Д. Арутюнованың: «Одна из задач прагматики, возможно, ее главная задача, состоит в том, чтобы сформулировать правила употребления слов и высказываний и, соответственно, их адекватного истолкования» – деген пікірінкелтіреткен орынды [9, 340].

Коммуникативтік құрал – жарнаманың коммуникативтік аспектісіне жалпы талап жарнама дискурсының және тұтынушының реакциясы түріндегі жылдам кері байланысына қиыстыру. Жарнамаға дайындық процесінде жауапты кезең мәтін жазу мен дискурс түріндегі актуализациясы болып табылады. Қажет етілетін талап ретінде дискурстың – тақырыптың кеңістігімен, тональдығымен және тәсілімен (ақпаратты жіберу) байланысты үш негізгі түрін топтастыруға болады.

Тақырыптық кеңістік ақпарат негізіндегі белгі – сөз, тіркес, көркемдік құралдары, символдары, суреттері т.б. оның құрылымының ережесіне сай жарнама хабарламаларында жариялануымен қалыптасады. Тіректік белгілерді таңдау – ақпараттық жүргізушілер тұтынушының назарын аударуы және хабарламаның мазмұнына оның қызығушылығын тудыруы тиіс. Бұл осы тауарға қатысты атауы және/немесе әрекет түрінде. мысалы, «Қондырма есіктер», «Қолма-қол», «Жылдам», «Сапалы», «Арзан», «Көп». Тақырыптағы «ниеттің толық айқындығы» тұтынушының назарын тарта қоймауы сөзсіз [10].

Бұл тіректік белгілер әдетте хабарламаның слоган деп аталатын үлкен тақырыбында көрсетіледі (ағылшынша slogan – лозунг). Әдетте үнемі қолданылатын және осылайша тұтынушының тауар және қызмет білу кезіндегі уақытын үнемдейтін стереотиптік тіркес немесе шаблондық айтылым. Мысалы, жарнамалық баспаларда: Daily – бұл күнделіктіге қарағанда көбірек. Центр плюс жарнамасы – Сіздің кәсіптегі серіктесіңіз. Сонымен қатар тематикалық поля логотиптер есебінен құрылатын (грек тілінен logos «сөз» + tyros «таңба», «кескін») фирманың саудалық маркаларының атауын алмастыратын жеке белгі ретінде қолданылатын – әріптік, жиі қолданылатын немесе шрифттердің стилденген түрі. Бұл тауарды білуге септігін тигізеді. Мәселен, үлкен М әріпі McDonald's фирмасының және тауарының атауын алмастыратын логотипі болып табылады.

Тақырыптың кеңістік құрылымының талабы ақпараттың спецификалық каналдары арқылы айқындалады.

Өзге жарнама дискурсының өзектендіру каналдарына жатпайтын мінездемесі тұтынушыға әсер етуіне тәуелді – тоналдылық болып табылады. Тоналдылық ең бірінші – тауардың оң бағасымен ассоциацияланатын, оны тұтыну жағдайының мазмұндық стилі есебінен және фирманың атауының

тартымдылығының есебінен, сөз және тіркес таңдау. Қарапайым сөздер мен тіркестердің келесідей қызмет атқара алуы мүмкін:

- үнемдеу, табыс;
- оң нәтиже, комфорт;
- қауіпсіздік, тұрақтылық;
- мүмкіндігінше;
- жылдам, оңай;
- керемет, тамаша;
- іздеу, сенсация;
- жаппай сатылым;
- табиғи ;
- жұмбақ, сиқырлы;
- жаңа, тегін;
- жаңа ғана сатылымға түсті;
- бұл Сол, дәл Өзі;
- ... туралы шындық;
- бұл сіздің соңғы мүмкіндігіңіз.

Барынша мынадай жағымсыз сезімдер мен эмоцияларды ассоциациялайтын сөздерді қолданбауға тырысу керек: «қымбат емес», «лас», «қорқыныш», «қараңғылық» [10].

Ерекше тональдылықпен ерекшеленетін фирма компания, жарнама атауларын грек мифологиясымен байланысты, мысалы, құрылыс-жөндеу фирмасының атауы «Гефест» (от және ұсталық жұмыстардың, өнер шеберінің құдайы), лак және бояу сататын фирманың атауы «Тритон» (Теңіз құдайы), «Гермес» фирмасы сауда қамқоршысы, қулықтың, айланьң бейнесі), Сауда жарнамалайтын «Орион» автомобильдік фирмасын Артемида құдайының жебесімен өлтірілген алып-аңшымен емес, Орион жарық жұлдызымен байланыстырса керек. «Логос» атауы сияқты (грек тілінен аударғанда logos «сөз, ой, ақыл»), «Кратос» (грек тілінен «күш, қамал»), фирманың оң көзқарастағы имиджін құруға «Рамзес» - күш, ұлылық ассоциациясын беретін Ежелгі Египет фараоны, «Нефритити» - египет ханшайымының, сұлулықтың символының атауы сияқты жақсы фирманың имиджін құрылуға себеп болады.

Жеке аттардан бөлек кітап стилі сөздері де адам санасында оң ассоциация тудырады. Мысалы, «Ренессанс», «Доминанта», «Перспектива», «Импульс», «Поиск», сонымен қатар наразылық атаудың түрлері «Эксклюзив» де бар. Зоологиялық метафоралар да қолданылады, мысалы, «Альбатрос», «Бегемот», «Пеликан». Сондай-ақ шет тіліндегі кириллицамен жазылған атаулар да бар «Интер-сити», «Лэнд-лорд», «Тауэр», т.б.



Тональдылықтың ең негізгі компоненті жарнама ақпаратының баяндалу стилі болып табылады. Ол негізінен, ресми-ісқағаздар, ауызекі, поэтикалық болуы мүмкін. Дегенмен ең басты талап мәтіндегі, сөйлесімдегі, дискурстағыр тіркес фирма бағыты үшін тұтынушының мотивіне сай келуі керек. Ақпараттың қабылдануы үшін психологиялық басымдық факторлары негізінде жатқан әр түрлі қабылдаулар қолданылады.

Мысалы:

- жалпы аудиторияға бағытталған форма: «Халайық», «Автомобиль иелері»;
- стильге жатпайтын, форма бойынша қысқа, жан-жақты ақпарат, аса жұмыспаз, уақытын үнемдейтін адамдарға арналған: «Көтерме әйелдер етіктері», «Фирма ассортиментте келісілген бағада арақ ұсынады».
- пайдалы қызметтерді белгілеу: «Шұғыл! Үйге жеткізу», «Компания құпия қолма-қол ауыстырады», «Пайдалы қолма-қол ауыстырамыз. Өте төмен бағада»;
- өзін сақтау сезіміне апелляция (әдетте страховкалық жарнамаларда): Уақытылы бәрі жақсы! РБК Сіз бен қауіп ортасында. Қазір емес, бірақ сенімді», «Мүмкіндік бар!».
- дұрыс таңдау балалар интуициясының критериясына апелляция: «Балалар Эрланды таңдады!» (диван түрі);
- ностальгиялық мотивтерді қолдану: «Дәм, бала күнгі таныс» (конфеттер жарнамаланады);
- беделділік ассоциациясы: «Құдайдай дем алдық!», «Бұл салтанаттылық», «Элитарлық кеңсе жиһазы», «Гурмандар үшін азық-түлік», «Кереметтің кереметі». Кейде жарнама құрастырушыларын өзгертеді сезім өлшемін өзгертеді, олар өзгермейтін сезімдерге жүгінеді: «Көршілер қығаныш сезімін білдірген кезде» (құрылыс пен жөндеу материалдары жарнамаланады).
- тұтынушының юморлық сезіміне апелляция: «Ақ көйлек қара шалбар БАР МА? Бар» (бизнес үшін жарнама) [10].

Жарнама мәтінін/дискурсын өзектендіру әдісі – ақпаратты қабылдау каналдарына байланысты. Бұл каналдардың спецификасы жарнама хабарламаларының, коммуникативтік тәсілдеріне және олардың қолданылуы сөйлеушінің, тыңдаушының, көрерменнің масасының есебінен айқындалады.

Қатынас құрылымы үш аспектіден тұрады: коммуникативтік, интерактивтік, перцептивтік.

Коммуникативтік - ақпарат алмасу. Интерактивтік – қарым қатынасқа түсетін тұлғалардың арақатынасын ұйымдастыру. Перцептивтік – тұлғалар бірін-бірі серіктес ретінде қабылдауы, сөйтіп өзара түсіністік орнату [11].

Сөйлесу әктісі мынадай фактілерді ескереді: /кім - /кімге - /не - /не үшін - /қандай жағдайда - /қандай әсермен (нәтиже) айтылып тұр.

Сөйлесу актісі кезінде серіктестердің коммуникативтік рөлі, мақсаты, мәнез-құлқы, арақатынасы, дүниетанымы, білгірлігі, әңгіме тақырыбы, тілдік ситуациялар, әңгіменің ресми немесе бейресмилігі, бөгде тұлғалардың қатысуы, басқа да бөгеттер, т.б. әңгіме өрісінің дамуына және тыңдаушының интерпретациясына үлкен әсерін тигізеді.

Өткен ғасырдың басында әр түрлі ғалымдар жүргізген зерттеулер көркем сөйлеу тіліне және көркем әдебиет тілінің бірден бір түрі болып табылатын драматургия тілін қарастыруға толық мүмкіндік береді. Сонымен прагматика және басқа ғылым саласы мамандарының зерттеу еңбектері дискурстың маңызды ұғым болып табылатынын дәлелдеп отыр. Бұл экстралингвистикалық контекстен алынған (психологиялық, әлеуметтік, мәдени және басқа түрдегі факторлар есебінен) сөз (мәтін), процес нәтижесі емес, тек процесс барысындағы сөйлеу мінез-құлығы болып табылады. «Әрекеттегі тілді» зерттеуге арналған қызығушылық бірнеше жылдар төңірегінде дискурс ұғымын басты нысанға алып шықты. Мәтін және стиль ұғымдарын парадигмалық ұштастырған дискурс тілдік шығарманың экстралингвистикалық мәнін түсіндіруді көздейді [12].

Өткен ғасырдың 70-жылдарының ортасынан бастап лингвистикалық мәтінге дискурс тұрғысынан талдауға назар аударылып, «жаңа рационалдыққа қарай бағыт» деген лингвистикалық парадигманың қозғалысы басталды, ал ол болса зерттеушілердің назарын форма мен мазмұнның (жүйелі орталықтанған тіл білімі үшін тән қасиет) ажырамас бірлігіндегі жай тіл емес, сонымен бірге, оның субъектісін – Сөйлеуші Адамның (кең мағыасында Homo sapiens) тілмен бірге қарастырылуына әкелді.

Қазіргі кезде қарқынды дамып келе жатқан дискурс теориясы (фр.тілінен аударғанда discours – «сөйлеу акт, әрекет, жағдай ретінде») және «өмірге енгізілген, әрекеттің, адамдардың өзара әрекет компонентінің бірі» ретінде түсінілетін терминнің өзі драманың сөйлесімін ұйымдастыруды зерттеуде тиімді болып отыр. Сөйлеуді қабылдау ерекшеліктері (оның қарқыны, этикет формасы, соның ішінде – сөйлеу этикеті, қатынастың стильдік негізі және т.б.) сияқты орта факторларына арналған дискурс туралы зерттеулер жарнаманың әрекет етуші тұлғаларының сөйлеу әдебі мен сөйлеуіне дескриптивті талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Жарнама тілін талдау коммуникативтік тәсіл коммуникативтік стратегияны анықтауға, үш жақты: автор/сөйлеуші – тыңдаушы – оқырман/көрермен сияқты коммуникативтік жағдайда пайда болатын дискурс сияқты көркем мәтінді қарастыруға көмегін тигізеді [13].

Қазақ тіл білімінде дискурстың кейбір белгілерін Қ.Жұбановтың 30-жыл-

дардағы зерттеулерінен осы терминді қолданбаса да байқалады [14]. Дискурс терминінің көптеген түсініктері бар екені белгілі және «дискурс» түсінігі туралы анықтама соңғы 20 жылда өзгеріп отырды», - деп айтқан болатын өз еңбектерінде Ю.Н. Қараулов және В.В. Петров. Дискурс пен мәтін жарнамалық мәтіннің тілі.

Мәтін лингвистикасының негізін қалаушылардың бірі, голландық лингвист ғалым Т.ван Дейк дискурс терминін мәтіннің статикалық күйінен динамикалық күйін зерттеуге көшкенде қолданады.

Дискурс – бұл қолданыстағы тілдесім. Бұл прагматикалық, мәдени, психологиялық және т.б. экстралингвистикалық факторлармен бірге, оқиғалар аспектісінде алынып, осы факторлармен байланыстырылатын мәтін; әлеуметтік мақсатқа бағытталған әрекет, жұмсалым, қолданыс ретінде қарастырылатын тілдесім. Дискурстың мәтінге қарағанда ұғымы кең, бірақ мәтінді ғалымдар күрделі категория деп түсіндіреді, себебі мәтін ішінде коммуникация элементтерімен бірге оның мәнін ашуға арналған белгілер бар. Бірақ дискурста хабар алмасу жүреді [15].

Зерттеушілер дискурстың белгілері ретінде динамикалық, функционалдық, өзектілік, үрдістілік когнитивтілік әрекет, дыбыстың не графикалық репрезентациядағы тілдік шикізат болатындығы, біреуге бағытталғандығы сөйлеушілердің ой және ойлау деңгейінде әрекеттесетіндігі, арнайы мақсатты түрде мәтінді тұйықтауы, т.б. сипаттарды келтіреді. Дискурс ұғымы уақытпен тығыз байланысты, күнделікті өмірдегі тіл, сондықтан ол индивидуальды, қозғалыстағы, айтушы-қабылдаушы деген екі тараптың өзгеріссіз болуы, ауызша сипатта болуы, т.б. құбылыстармен бірлікте болып келеді [15].

Әдебиеттер:

1. Мясищенко С.В. Слоган, стандарт и клише в рекламном тексте: дис. ... канд. филол. наук. –Астана, 2010. – 134 с.
2. <http://cheloveknauka.com>
3. Асанбаева С.А. Жарнама саласында мемлекеттік тілді қолданудың социолингвистикалық өзекті мәселелері: филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1999. – 132 б.
4. Билялова А.А. К вопросу о рекламном стиле в системе функциональных стилей современного татарского языка // Современные языковые процессы в Республике Татарстан и Российской Федерации: законодательство о языках действия. – Казань: Татарское книжное издательство, 2007. – 432 с.
5. <http://cheloveknauka.com> (12.01.2015).

6. Марчук Ю.Н. Лингвистическая прагматика и общение с ЭВМ. М.1989.
7. <http://rusnauka.com> (25.01.2015).
8. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. краткий словарь когнитивных терминов. М., 1996.
9. Арутюнова Н.Д., Падучева Е.В. Истоки, проблемы и категории прагматики // Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1985. – Вып. 16. – С. 3-42
10. Семененко Н.Н. Когнитивно-прагматическая парадигма паремической семантики дис. на соискание ученой степени доктора филол. наук. – Белгород, 2000. – 115 с.
11. <http://cheloveknauka.com> (жүгінген күн: 02.02.2015).
12. <http://knowledge.albest.ru> (жүгінген күн: 13.02.2015).
13. <http://rusnauka.com> (жүгінген күн: 13.02.2015).
14. Леви-Стросс К. Первобытное мышление. – М., 1994. – 301 с.
15. Кожин А.Н., Крылова О.А., Одинцов В.В. Функциональные типы русской речи. – М.: Высшая школа, 1982. – 156 с. <http://rusnauka.com> (жүгінген күн: 21.02.2015).



БОДАУХАН ТОҚАНҰЛЫ

жазушы, аудармашы

ӘП-ӘДЕМІ ӘН ЕДІ...

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарынан бастап ұлттық рухымызды қалпына келтіруге назар аударып «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атқарылған игілікті істер «Рухани жаңғыру» идеясымен сабақтасқан еді. Тек ұлтымыздың телегей-теңіз фольклорлық қазынасын жинақтауда анау-мынау емес, 100 томдық «Бабалар сөзі» сериялы дүниеге келді. «Ұлы даланың жеті кереметі» аясында «Дала фольклоры мен музыкасының 1000 жылы» жобасын ұсынып отыр.

Алайда, жастардың санасын батыстың даңғаза музыкасы жаулап алған бүгінгі таңдаа заман ағымына сай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан қазақтың қара өлеңінің, халық композиторларының әндерінің қадірі қашқаны жайлы бұрын да көп айтылып, жазылып жүр. Бүгінгі әншілеріміз халық әндері мен халық композиторлары әндерінің жауһар сөздерін бұрмалап, жүнін жұлған тауықтай етіп тастайтыны жаныңызға батады.

Ән – соның ішінде халық әндері қашан да сөзімен ән. Әннің әуенінің сыртында небір інжу-маржан сөзі арқылы тыңдаушысының жүрегіне жететіні белгілі. «Гауһар тастағы» «Анаңнан айналайын сені тапқан», «Бір мысқалдағы» «Көтеріп алақанға отырсаң да, салмағы білінбейді бір мысқалдай», «Сұрша қыздағы» «Дарияның жарға соққан толқынындай, көз сүзген көрінгенге көңіл – арсыз», халық әніндегі «Ұзақ таңға ер жігіт қайтып шыдар, сары майдай толықсып қыз жатады» деген сияқты ғажайып теңеулер әннің әуенінің құдіретін онан сайын асқақтатып тұрған жоқ па?

Бүгінгі эстрадалық әндердің де негізгі ақсайтын тұсы мән-мағынасыз сөзінде екені көп айтылып жүр. Ал, «Әп-әдемі ән еді, пұшық айтып бүлдіргені болмаса» дегендей, халық әндері мен халық композиторларының ән сөздерін бұрмалап айтып, берекесін қашырып, құнын түсіріп жүрген «әнбұзар» әншілер жайлы сөз қозғала бермейтіні таңдандырады. Бәлкім, мұндай бұрмалауларға мән беретін, сөз қадірін білетін тыңдар құлақтың азайып бара жатқанынан шығар?

Мүмкін, «Халық композиторларының әндері кезінде хатқа түспегендіктен, сөзінің бұрыс-дұрысын қалай дәлелдейміз?» деген ой да мен сияқты «аузы қышығандарға» тосқауыл болатын шығар. Рас, халық әндерінде белгілі бір әдемі шумақ бірнеше әнге телініп жүре береді. Ол шумақ нақты қай әндікі екенін дөп басып айту да қиын.

Ал, халық композиторларының әндері кезінде хатқа түспесе де, кеше ғана өмірден өткен Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Дәнеш Рақышев, Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов сынды құйма құлақ, жезтаңдай әншілерміз жеткізген, бүгінде көзі тірі Қайрат Байбосынов, Қажыбек Бекбосынов, Рамазан Стамғазиев сынды талантты да, талғампаз әншілеріміз орындап жүрген нұсқадан үйренсе, шындықтан онша алшақ кетпес еді. Бірақ көп әншінің бұған құлқы жоқ сияқты. Әйтпегенде, қазіргі сөзі бұрмаланып жүрген әндердің көбінің дұрыс сөзі өзінен-өзі тіленіп, тіліңнің ұшына орала береді. Сөзін теріс айтсаң, мағынасы да бұрмаланып, томпақ көрініп тұрады.

Мысалы, Жанар Айжанова халық әні «Әсем әнім сырнайдайдың» қайырмасын өмір бойы:

«Әсем әнім сырнайдай,
Халқым сүйіп тыңдайды-ай,
Тамылжытып ән салмай,

Күнде думан болмайды-ай» деп шырқап келеді. Бір қарасаңыз дүп-дұрыс сияқты. Жанардың айтуы бойынша, әннің мағынасы ән сала берсе, той думан бола береді дегенге саяды. Жоқ, шын мәнінде ән сала берсе той болып, салмай қойса, болмай қалмайды. Керісінше қазақ қанша тойшыл болса да күнде той-думан болмайды, сондықтан осындай той-думанда шырқап қал дегенді айтып тұр емес пе. Олай болса әннің сөзі «тамылжытып ән шырқа, күнде думан болмайды-ай» болуы керек. Бұл қазақы ойлам, қисынға да (логика) дәп келеді. Халық әндерінің көпшілігінде дүние қолда тұрмайтынын, заманының өтіп бара жатқандығын, орайы келгенде ойнап-күліп қалу керектігін тілге тиек етеді. Бұл пәлсапаны кеңестік дәуірде «пессимизм» деп ат қойып, айдар тағып, сынап келдік. Сол сияқты халық әніндегі:

«Қара тайға жарасар қара терлік,

Ер жігітке жарасар төтен ерлік» деген жолдардың соңғы жолын «жігітке **жараспайды** төтен ерлік» деп бұрмалап жүрміз. Ер жігіт керісінше төтен ерлігімен көзге түседі емес пе. Мүмкін, «Аса қайрат бас жарағар» деген мақалға келтіргісі келетін шығар. Онда «жараспайды» емес, «басына тиеді», «пайда әпермейді» деген сияқты айтар еді ғой.

Тағы бір мысал: Өлебай Әнетұлының «Дудар-ай» әнінде көптеген әншілеріміз:

«Дудар-ай келер болсаң, тезірек кел,

Орныға **өңшең жаман** таласып жүр» деп айтады. (Сембек Жұмағалиев, Қуаныш Жексенұлы т.б) Жағор қызына жамандар емес, орыс пен қазақтың небір мықты жігіттері таласқан шығар. Жамандар таласқан қызға ғашық болу – Дүйсендей жігіттің беделіне сын. Әрине, таласып жүрген жігіттер

Дүйсенге қарағанда нашар деп, салыстырмалы түрде түсінуге болар. Әйткенмен бұл жерде басқа ұлт бола тұрып, Мәриямның қазаққа ғашық болуы әннің негізгі идеясы екендігін ұмытпайық. Тіпті, **«орныңа орыс, қазақ»** деген тіркестегі «о» дыбысының үндестігі мәтіннің көркемдігін асырып тұрған жоқ па.

(Мүмкін әншілер кеңестік дәуірдегі саясат салдарынан орыстарды орыс деуден де қорқып, тайсатып айтқан шығар)

Дәл осындай қателікті «Назқоңыр» әнінен де көреміз.

«Мыс та алтын, жез де алтын, алтын да алтын,

Адамда сөз болмайды айтылмайтын,

Сыртына **жүзін көріп, қызыққанмен,**

Табылмас нағыз алтын жарқылдайтын» деп айтатын әншілеріміз көп. Ал әннің сөзіне барынша мән беретін жоғарыдағы білгір әншілер 3-4 жолды «Сыртынан бәрі бірдей **көрінгенмен,** табылмас нағыз алтын жарқылдайтын» деп айтады.

Ал халық әні «Дүние-айдың» қайырмасын Жанболат пен Жазира, олар ғана емес көптеген әнші:

«Былырғы мен биылғы-ай,

Қолда жоқтың қиыны-ай» деп айтып жүр. «Былырғы мен биылғы-ай деген жолда не мән бар? Бұл әннің ежелден қалыптасқан, көп әншілер айтатын нұсқасы бойынша 1-жол **«Былыр құлын, биыл тай»** дейтіні қайда? «Былыр құлын, биыл тай» деу 3-4 жолдағы «ұстараның жүзіндей, аударылған дүние-ай» деген жолдардағы ойды сабақтап, заманның өтіп бара жатқанын, кешегі құлынның биыл тай болғанын қисынмен айтып тұрған жоқ па.

Жанна Орынбасарова: «Қызыл құмда ауылым» әнінде: «Оймақ ауыз, күлім көз, **құралай қас**» деп айтады. Қасты құралайға теңегенді бірінші рет естідік. Дұрысы «Оймақ ауыз, қиғаш қас, құралай көз» ғой.

«Жігіттер» тобы Торымның әні «Керім-ау, айдайдағы» «Айырды ғой мойныма іліп құрым» деген жолын **«мойныма салып құрым»** деп айтады. Бұл да – қазақ тілінің құрылымын білмейтін әншілердің қарекеті. Әйтпесе қазақ «мойынға құрым салып» деп айтпайды. «Мойнына белбеу салып, құдайдан тілек тілейді. Ал адамды масқаралағанда құрымды мойнына салмайды, іледі.

Көп әнші халық әндерінде жиі қайталанатын «Көлде жүзген аққудай мамырлаймын» деген жолды «Көлден ұшқан аққудай мамырлаймын» (Гүлмайдан Сүндетова) деп шырқайды. Ұшып бара жатқан аққу қалай мамырламақ? Бірақ, онда әншінің шаруасы жоқ сияқты.

Мұндай ән арасы «бөтен сөзбен былғанған» қазақы ұғым, қазақы сөз тіркесіне жат сөздер «Сәулем-ай» әнінде де кездеседі. «Сәулем-ай» әнінде

көптеген әнші «томағасын сыпырған лашындай, сәулем-ай» деген жолды «**томағасын алдырған**» деп айтады. Қазақ «томағасын сыпыру, алу» деп айтады. Алдырған десе мағынасы өзгеріп кетеді. Тұрақты тіркесті бұзу – қазақ тілін шұбарлаулың бір көрінісі. Алу басқа, алдыру басқа. («Алдырған анасының қойнын ашады», «жылқыны ұрыға алдыру» т.б.)

Көптеген әншілеріміз (оның ішінде халық әндерін шырқаудың майталмандарының бірі Клара Төленбаева да бар) халық әні «Ақ дариғадағы» «Бәйгеден бір ат келер ойнақтаған» деген жолды да «**бәйгеден екі ат келер ойнақтаған**» деп бұрмалап айтып жүр. Бәйгеден екі ат озып келмейді, бір ат озып келеді ғой. Ол аламан жарыста шалдықпай, ойнақтап, барлық атты артқа тастап келеді.

Халық әндері мен халық композиторларының әндері түгіл бізге баспа жүзінде де көз алдымыздағы әрі белгілі әншілердің орындауында да дұрыс жеткен дәстүрлі әндеріміздің өзін кей әншілеріміздің теріс-қағыс айтатынына не айтасыз.

Біреп мысал келтіре кетейік. Әнші Нұржан Қалжан әйгілі «Ақмаңдайлым» әніндегі «Қолымды жеткізгендей көкте Күнге» дегенді «Қолымды жеткізгендей **Айға Күнмен**» десе, әнші Болат Құсайынов Әсет Бейсеуовтың «Ағаларым» әніндегі:

«Қажымас қара нарым,

Кең байтақ даладайын», – деген жолдарды «қажымас қара нарым, кең байтақ **далаларым**» десе, Маржан Арапбаева Шәмшінің «Кешікпей келем деп ең» әніндегі «Ай туып келеді қияқтанып» деген жолды «Ай туып барады қияқтанып» деуіне жол болсын. Ана тілімізде «ай туып барады» деген тіркес жоқ екенін шалқұйрық ақын Мұхтар Шаханов түгіл қарапайым қазақ біледі.

Ал «Қоңыр» тобы Садық Кәрімбаевтың «Ақтамақ» әнінде «**Шыға келсең жарқ етіп бұлт астынан**» дейді. Қыз бұлт астынан қалай шықпак? Дұрысы «Шыққан күндей жарқ етіп бұлт астынан» Ал «Саламат» тобы Мұқағалидың сөзіне жазылған «Махаббатты армандаймын» әніндегі «Ақ қаздар арасынан аққауымды, ажырата алмаған сор маңдаймын» деген жолды "Ақ **қыздар** арасынан аққауымды, ажырата алмаған сор маңдаймын» деп соғады. Ұят-ақ. «Гәкку» телеарнасының бұл әнді күніне он қайта беретіні тіптен сорақы. Сол сияқты патриоттық тамаша бір әндегі (әннің аты есімде жоқ):

«Бұлқынды жүрек, бұлқынды,

Тұлпарлар өрге ұмтылды» деген тамаша жолды көп әншілер:

«Бұлқынды жүрек, бұлқынды,

Тұлпарлар **төрге** ұмтылды» деп теріс айтып жүр. Тұлпардың төрде несі



бар? Бұл тіпті бар-жоғы тұлпарлар сөзін тырнақшаға ала салса, басшылық қызметтегі (төрдегі) ағаларымызды келекелеген ұғым беріп тұр. (Әнде онсыз да тырнақша білінбейді ғой!)

Әншілеріміздің тағы бір қателігі халық әндері мен халық композиторлардың ән сөзінің бір жолын тастап кету немесе өз жанынан сөз қосу. Мысалы, Естайдың атақты «Қорлан» әніндегі

«Ахау арман,
Хұсни, Қорлан,
Екі-ай бағлан,

Екеуі туған екен бір анадан» деген қайырмасындағы «екі-ай бағлан» деген жолды көп әншінің не үшін алып тастайтынына таң қаласыз. Атақты әнші Ақжол Мейірбеков халық әні «Қыздар-айды» айтқанда «Қатарымсың, теңімсің» деген жолдан кейінгі «Етегімсің, жеңімсің» деген жолды тастап кетеді. Мүмкін, «етегімсің, жеңімсің» деген анайы естілетіндіктен қашып, сыпайыгершілік танытқаны шығар. Бірақ, әзіл ән екенін естен шығармауымыз керек еді.

Енді жанына сөз қосатындарға келейік. Ақан серінің «Балқадишасын» «Жігіттер» тобының орындауында:

«Кетті деп Балқадиша естігенде,

Құшақтап қара жерді, **еңіреп** жылағаным» деген жолдарды естігенде қайран әнді қор қылғаны үшін өзіңіздің еңіреп жылағыңыз келеді. Құдай-ау, бір ғасыр бойы айтылып келе жатқан «құс жастық» қайда?! Жарайды, Ақан төсекте жатып жыламаған-ақ болсын, «еңіреп» жылағанына жол болсын. Әйтеуір өзгерткен соң «еңіреп» емес, «өкіріп» деу керек еді.

Ал мейлі опера әншілері болсын, мейлі басқалары болсын Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» әнін орындағанда Әлібек Дінішевтен бастап барлық әншілер неге жандарынан сөз қосатындарын түсінбейсіз. Абайдың өлең туралы өзі айтқандай буын саны бірдей, «айналасы теп-тегіс, жұмыр келген» «Айттым сәлем, қаламқас» әніндегі:

«...Сағынғанда сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас,
Бір өзіңнен басқаға,

Ынтықтығым артылмас» деген жолдарға «сағынғанда **бір сені** ойлап», «бір өзіңнен **басқа жанға**» деп артық бір буын қосады. Мүмкін опералық әнге тегіс жол келе бермейтін шығар. Онда басқа жанға демей-ақ «басқаға» сөзін созып (Басқа...ааа...ға) неге айтпайды деген ой туады. Ал домбырамен орындаушылар үшін бір буынды жанынан қосу мүлдем қисынсыз сияқты.

Сол сияқты 11 буынды қара өлең формасындағы халық әндерінің бір

шумағындағы (4 жолдағы) бунақтардың (4+3+4 немесе 4+4+3) орнын ауыстырып айту арқылы халық әндерін нақышына күшпен келтіріп, қиналатын әншілерді де көріп жүрміз. Мысалы халық әні «Бір баланың» сөзі төрт жолда да біркелкі 4+3+4 бунақтан тұрады. Ал эстрада жұлдыздарының бірі Қайрат Нұртас «Көзін қиып қай дұшпан жамандасын» деген төртінші буынын (4+3+4) «Қай дұшпан көзін қиып жамандасын» (3+4+4) деп бунақтың орнын ауыстырып айтып, әнді нақышына күшпен келтірген болып жүр. Ән әуезін түсінетін адамға сөздің орнын ауыстырып айқандықтан әнге нұқсан келіп жатқаны білініп тұрады. Не үшін екенін түсініп көріңіз.

Өлең деген дүниенің қара сөзден басты айырмашылығы, басты көркемдігі ұйқаста екенін бәріміз білеміз. «Бәріміз білеміз» деймін, қарапайым оқырман емес, әншілеріміздің ән сөзіндегі ұйқасты білмейтіні таң қалдырады. Құдай-ау, ұйқас жоқ болса несі ән сөзі, несі поэзия! Халық әнін айтатын көптеген әнші бірдің басы, бірдің аяғын бұтып-шатып айта береді. Әсіресе, әдетте төрт жолдан тұратын бір шумақтың бастапқы екі жолына келесі шумақтың 3-4-жолын қоса салады. Төртінші жолдың соңындағы ұйқасатын сөз естен шығып кетеді. Негізі, соңғы екі жолын ұмытып қалғанда өлеңдік құрылымды, ұйқас арқылы әрленетін көркемдікті естен шығарып, тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп періп өтетін сияқты. Ондай мысалды ондап келтіруге болады. Бәрін тізуді мақаланың көлемі көтермесе де сөзіміз дәлелді болу үшін бірер мысал келтіре кетейік.

Халық әндерін нақышына келтіре орындаумен көпшілік көңілінен шығып жүрген әншілеріміздің бірі Ардақ Балажанованың теледидардан:

«Қарайғанға қараймын қабан ба деп,
Қамшылаймын атымды шабам ба деп,
Жерден алтын тапқандай қуанамын,

Тақиянның төбесі көрінгенде» деп шырқағанын естідік. Бір сөзді өзгертіп айтса бір сәрі ғой. Танымал әншінің бірінші шумақтың 1-2 жолынан кейін екінші шумақтың 3-4 шумағын тіркеп айтқанына жол болсын. Сонда ұйқас қайда қалады? Дұрысы:

«Қарайғанға қараймын қабан ба деп,
Қамшылаймын атымды шабам ба деп,
Өткенен де сұраймын, кеткеннен де,
Қалқатайдың ауылы аман ба деп?

Ардақ айтқан 4-жол «Тақиянның төбесі көрінгенденің» 1-жолы: «Бойым байсал тартады ерінгенде».

Сол сияқты халық әні «Бурылтайдың» бірінші шумағын Шаһизада Әбілов былай орындайды:



«Таңбасы жоқ, ені жоқ бурыл тайдың,
Сағасы өткел бермейді терең сайдың,
Құба жонға шоқытып, шыға келсем,

Қалқатайдың ауылы кеткен қайда?» Қалқатайдың ауылы қайда кеткенін күдай білсін, ұйқас қайда? Ән сөзінің мәтіні былай:

«Таңбасы жоқ, ені жоқ бурыл тайдың,
Сағасы өткел бермейді терең сайдың,
Құба жонға шоқытып, шыға келсем,
Жұрты жатыр, ауылы жоқ қалқатайдың.

Қамшы бастым асығып, бурылтайға,
Өткел бермей тоқтатқан терең сай ма?
Жұрт жаңғыртып орнынан бір күн түнеп,
Қалқатайдың ауылы кеткен қайда?»

Әйгілі әншілеріміздің бірі Майра Илиясованың концерт сайын айтатын сүйікті әні (әрине, халық та сүйіп тындайды) осы «Бурылтайдың» бірінші шумағын:

«Ені жоқ, таңбасы жоқ бурылтайдың,
Сағасы өткел бермейді терең сайдың,
Құба жонға шоқытып, шыға келсем,

Өзі жоқ, жұрты жатыр қалқатайдың.» деп айтады. (1970 жылдары басылған ән жинақтарындағы да осылай қате басылған) Ал әннің дұрыс сөзі «Қалқатайдың ауылы жоқ, жұрты жатыр». Ауылы көшіп кеткенде қалқатай (қыз) жұртта қалмайды ғой.

Ал кей әншілеріміз әннің шумағын ауыстырмағанымен ұйқаста тұрған сөздің орнын ауыстырып алады.

Ән сөзінің дұрыстығы жайлы бір хабарға қатысқан Рауан Әбілов деген жас әншінің:

«Тоқтаудақ дегенде тоқтаудақ,
Тоқтаудақ жайылар көк қуалап,
Сен есіме түскенде, беу қарағым,

Жата алмадым төсекке төрт домалап» деген халық әнінің ұйқаста тұрған «төрт домалап» тіркесін жолдың басына келтіріп; «Төрт домалап орнымнан тұра алмадым» деп не ұйқассыз, не мағынсыз бұрмалағанын тыңдап отырған өнер шеберлерінің ештеме демегені қынжылтқан еді.

Ән сөзіне қатысты келеңсіздіктерді айтып тауыса алмайсыз. Қазақтың халық әні «Сары жез құман-айдың» қайырмасын әншілеріміз түгелге жуық:

«Сары жез құман-ай,

Отта тұрғаны-ай

Көзіңнен айналайын,

Ашып-жұмған-ай», – деп айтып жүр. Осы «көзіңді ашып-жұмған-ай» деген жолда бір шикіліктің бар екені айдан анық. Өйткені қазақ ұғымында көзін ашып-жұму деген сөздің баламасы «жыпық» қой. Жыпық сұлулықтың белгісі емес, жыпық қызды сұлу деп қалай айтпақпыз. Шынында солай болды. Аты кім екенін білмеймін радиодан бір әншінің:

«Сары жез құман-ай,

Отта тұрғаны-ай,

Айналайын көзіңнен

Ақыл тұнғаны-ай» деп орындағанын естідім. Қандай асыл сөз, қандай сұлу теңеу, қандай берік ұйқас. Кезінде бір әнші сөзін ұмытып қалғанда ұйқастырып, «көзіңнен айналайын ашып-жұмған-ай» деп айта салды да, халық арасына осылай тарап кеткен ғой.

Міне осындай сөзі бұрмаланып кетіп, түзетілмей жүрген әндер де аз емес шығар. Мысалы әншілеріміздің көбі орындайтын «Көзіңнің мөлдірін-ай» әніндегі:

«Құландай жүйрік майда жал-ай,

Бар ма екен біздей ынты-зар-ай,

Ішінде топ қарағай уағдаласқан

Көзіңнің мөлдірін-ай» дейтін қайырмасында да бір шикілік бар. Өйткені соңғы тармақ 1-2-тармақпен ұйқаспаған. Мүмкін, тағы бір екі жолы ұмыт қалғанға ұқсайды. Сол сияқты «Тобылғы сай» әнінің қайырмасында да

«Нұрын шашқан,

Әніңнен айналайын сылдыр қаққан,

Тобылғысай»

деген жолдар да қисынға онша келіп тұрған жоқ.

Міне, осылайша бұл күндері әннен әр кетті. Көптеген «жұлдыз» әншілеріміздің өздері халық әндері мен халық композиторларының әуенінде де, сөзінде де бір мін жоқ қайран асыл әндерінің сөзінің сиқын кетіріп, сәнін қашырып жүр.



АХАҢНЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІГІ, ҚАЛАМГЕРЛІГІ АЛАШҚА МӘҢГІ АМАНАТ...

Ұлт ұстазының ұлы тойы мәреге таяу. Бірақ Ахандай тұлғаның атаулы жылы аяқталғанымен, оның мұрасын зерттеп, зерделеу, ұрпақ игілігіне айналдыру ісі бірер жылдың еншісіндегі шаруа емес. Биылғы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы қай деңгейде өтті, не істедік, енді не істелу керек? Осы сауалдар төңірегінде Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Ербол Тілешовтің пікірін білдік.

Биылғы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы аясында өткен шараларға «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы көп күш салды. Ахаңның жылы Сіздің ойыңызша қандай деңгейде өтті?

Бүкіл қазақ баласы осыдан бір ғасыр бұрын «Ұлт ұстазы» деп ардақтаған Ахмет Байтұрсынұлының есімі төл тарихымыздағы «мерейтой» ұғымымен тікелей байланысты. Жалпы мерейтой сияқты мәдени жұртты сипаттайтын ұғымның өзі осы Ахаңның есімімен сабақтас. Себебі қазақ тарихында тұңғыш мерейтойы аталған тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы. 1922 жылы Ташкентте Түркістан зиялылары, 1923 жылы Орынборда қазақ зиялылары ұлт ұстазының мерейтойын ұйымдастырып, лайықты қошемет жасады. Жаратқан иеміздің алқауымен тәуелсіздігімізді алып, міне осы оқиғадан 100 жыл өткен соң оның 150 жылдық мерейтойын жалпы ЮНЕСКО көлемінде атап өтудеміз. Бұл Ахмет Байтұрсынұлының ғана емес, жалпы «қазақ» дейтін халықтың абыройы мен мәртебесі. Бұл мерейтойға «Тіл-Қазына» ғана емес, бүкіл ел атсалысты. Президенттің жарлығы, Үкіметтің қаулысы шықты, жұмыс жоспары бекітілді. Бұл жоспар асыра орындалды. Жоспарда 70-ке жуық шара көрсетілсе, қазірге дейін жалпы еліміз бойынша және халықаралық деңгейде 500-ден астам шара өткізіліпті. Оларды шартты түрде ғылыми, мәдени, әлеуметтік деп бөлуге боларлық. Ғылыми тармағына республикалық, халықаралық конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, семинарларды жатқызсақ, мәдени шараларға айтыстарды, театрлық қойылымдарды, оның атына берілген Қостанайдағы халықаралық әуежайды, ескерткіштерді, көшелерді, мұражайларды, концерттерді, мектеп, колледж, университеттердегі көптеген шараларды қосамыз, ал әлеуметтік шараларға Торғайдағы, Ахаңның туған ауылы Ақкөлдегі және осы аудандағы медициналық орталықтардың ашылуын, жолдың жөнделуін,

интернет жүйесінің қосылуын айтар едік. Бұл мерейтой жылының үлкен табысы.

Осы мерейтойдың «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» дейтіндей қандай сәттерін айтар едіңіз?

Ахмет Байтұрсынұлы сан ғасырлық қазақ тарихындағы аса айрықша тұлға. Себебі оның ілімі әркезде де өзекті. Сонымен бірге, Ахаңның қайраткерлігі, қаламгерлігі қазаққа мәңгілік аманат. Жалпы, ұлт ұстазының мерейтойында оған деген халықтың айрықша ықыласы байқалды. Мерейтойдың барысында Ахаңның зор тұлғасы, бір жағынан, бұрынғы биігінен де асқақтаса, екінші жағынан туған халқына соншалықты жақындай түсті. Бұл ерекшелік жалпы Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл саналы ғұмырын туған халқына риясыз арнағанын перзенттік махаббатынан, ұстаздық шарапатынан, қайраткерлік күресінен, жалпы адами зор тұлғалық болмысынан деп ойлаймын. Бір байқағанымыз, шетелдік ғалымдардың өзі оның мол, сан қырлы мұрасына ерекше қызығушылық танытты.

Атаулы жылдың ахметтануға қосқан үлесін қалай бағалайсыз?

Бұл сұраққа бірнеше тарапта жауап беруге боларлық.

Біріншіден, Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлігі, ұстаздығы, ғалымдығы, әдіскерлігі, ақындығы, аудармашылығы туралы көптеген еңбектер жарық көрді. Әлбетте бұл еңбектердің сапалық деңгейі әртүрлі. Десек те, ғылыми пікір, объективті тұжырым жасауға талпынған ғылыми жұмыстар аз емес. Олардың қатарында: С.Оспановтың «Ұлт ұстазы» кітабын, Б.Момынованың «Қазақ» газеті: әліпби, емле ерекшеліктері және лексика-грамматикасы», А.Әбсадықтың «Серт» монографияларын, сонымен қатар Парижде ЮНЕСКО-ның штаб-пәтеріндегі халықаралық ғылыми конференцияда жасалған М.Қойгелдиевтің «Қиянатқа қарсылық», Д.Қамзабекұлының «Алаш мемлекеттілігі және Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасы», Х.Хасапоғлының «Ахмет Байтұрсын сұрайды: Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан?» баяндамаларын, Астанадағы халықаралық конференцияда жасалған Ш.Құрманбайұлының «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасын зерттеудің бүгінгі мен болашағы», А.Салқынбайдың «Ахмет Байтұрсынұлы және әлемдік тіл білімі», Ж.Смағұловтың «Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық танымы» баяндамаларын, Алматыда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұйымдастырған халықаралық конференциядағы Ж.Мәнкееваның «ВФон Гумбольдттің лингвофилософиялық қағидала-

рының А.Байтұрсынұлы тілдік мұрасының лингвомәдени идеясымен үндестігі», Қ.Күдеринаның «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының негізін салған ғалым», О.Жұбаеваның «Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілін кодификациялаудағы еңбегі», А.Андроновтың «Нам, ученым, остаётся только подыскивать подходящее объяснение...»: графика А.Байтұрсынова и лингвистическая типология» баяндамаларын, Алматы әкімдігі ұйымдастырған халықаралық конференциядағы N.Biray «Degerier ve Ahmet Baytursibulinin mirasi», Г.Құрманғалиева-Ержиласунның «Алаш тақырыбы мен Ахмет Байтұрсынұлы» баяндамаларын, Түркістандағы халықаралық түркітанушылар конгресіндегі Ш.Ыбыраевтың «Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет теориясы туралы еңбектерінің мәні», М.Жүсіповтің «Сүйінбай Аронұлы поэзиясындағы Көкбөрі символы», Ө.Мұстафаның «Қазіргі Қазақстан мен Ахмет Байтұрсынның мәдени мұрасына шолу» баяндамаларын айрықша атаймыз. Бәлкім, біздің назарымыздан тыс қалған тәуір еңбектердің болуы мүмкін.

Оларды атамасақ, ондай әріптестерге «ғафу етіңіздер» дейміз.

Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының бірнеше жинақтары жарық көрді. Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығы С.Аққұлұлының жетекшілігімен 12 томдық шығармалар жинағын, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы қазақ, ағылшын, орыс және түрік тілдерінде таңдамалы шығармалар жинағын, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 5 томдық академиялық шығармалар жинағын әзірлеп, баспадан шығарды. Бұл да мерейтойлық жылдың үлкен табысы.

Үшіншіден, мерейтойлық жылдың және бір ерекшелігін атауға тиіспіз. Ол 2023 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ғылым саласындағы мемлекеттік сыйлықтың тағайындалуы және үнемі беріліп тұратын халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының және өзіміздің ведомстволық «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгілерінің әзірленуі. Айта кету керек, осындай төсбелгілермен мерейтой аясында бірқатар отандық және шетелдік әріптестеріміз марапатталды.

ЮНЕСКО аясында Парижде өткен конференцияға қатыстыңыз. Түркия елінде ғылыми конференция ұйымдастырылды. Жақында Түркістан қаласында халықаралық деңгейдегі ауқымды шара өтті. Тұлғанушы шетелдік ғалымдардың қандай ерекшеліктерін айтар едіңіз?

Әлемнің мәдени және ғылыми астаналарының бірі Парижде Алаш бәлкімнің ұлықталуы – барша қазақтың абыройы. Парижге барғанымызда

бәрімізді сол абырой, сол мәртебе ерекше толқытты, тебірентті. Бұл Әлихандар, Ахметтер армандаған қазақтың жетістігі, азаттықтың жемісі. Оған шүкір дейміз. Алаш қайраткерлері өз дәуірі үшін ғана емес, болашақ үшін де күрескен ұлы қайраткерлер. Олардың аманаты бәрімізге үлкен жауапкершілік жүктейді, соны ұғынуымыз, сезінуіміз керек. Ел аман болса, қазақ алатын асу әлі алда. Ол үшін Алаш қайраткері Ғұмар Қараштың: *«Отанға, ұлтқа қызмет ету мәнсапты, яки бай адамдарға ғана міндетті емес. Ниеті, ықыласы дұрыс болса, жәй орташа адамдар да Отанға қызмет ете алады. Әр кісінің өзіне тиісті борышы бар. Әркім шамасы жеткенше қолынан келген істі атқарса болады»* деп айтқаны бар. Бұл бәрімізге қай кезде де тікелей қатысты сөз. Әр қазақ осылай ойласа, еліміз көркеймек. Жоғарыда бірқатар шетелдік ғалымдардың есімін атадық. Түркі әлемінде бұрыннан да белгілі һәм ардақты Ахмет Байтұрсынұлының есімі бұрынғыдан да таныла, құрметтеле түсті.

Тілі ортақ ағайындардың ықыласы ерекше болды.

Түркияның, Әзербайжанның, Әзбекстанның, Башқұртстанның, Татарстанның ғалымдары айрықша қызығушылық танытты. Тіпті, Хулиа Хасапоғлы, Өнер Мұстафа сияқты түркиялық ғалымдар Ахаң туралы баяндамаларын қазақ тілінде жасап, тәнті етті. Мерейтой жылы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінің ағылшын, орыс, түрік тілдерінде жарық көруі оның еңбектеріне деген қызығушылықты арттырады деген сенімдеміз.

Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы сонымен бірге ахметтанудың бірқатар шешілуге тиісті мәселелерін де анықтады. Біздің ойымызша, *біріншіден*, оның еңбектеріндегі ғылыми принциптер мен тәсілдерді зерделеп, ғалымның әдіснамасын тануымыз қажет; *екіншіден*, оның кеңестік кезеңдегі саяси қайраткерлігіне әлі де толық баға берілуі тиіс; *үшіншіден*, оның еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдарды тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме ғылымдарына қазіргіден де батылырақ енгізу керек деп ойлаймыз.

Сұхбатты дайындаған: С. Әбілмәжін

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Т.Ешенқұлов. Ұлт ұстазы ұлықталған жыл.....3

ҰЛТ ҰСТАЗЫ – АХМЕТ

М.Қойгелдиев. Ахмет Байтұрсынұлы: қиянатқа қарсылық.....4

Ж.Жақыпов. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанулық мұрасындағы адамөзекті тұжырымдар.....8

Ш.Жалмаханов. Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөзіндегі тіл мәселесі.....19

А.Қыдыршаев. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы.....25

Х.К. Ченгел. Ахмет Байтұрсынұлы: Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан.....34

З.Базарбаева. Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазының феномені.....39

Ә.Кесіжі. Тіл деген – ұлт деген сөз: Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ұлтын халықаралық картаға қалай орналастырды.....43

Ө.Әбдиманұлы. Алты алаштың ардағы.....47

Д.Қамзабекұлы. ЮНЕСКО Ахмет Байтұрсынұлын алқалады.....60

Е.Тілешов. Ахмет Байтұрсынұлы және Мұхтар Әуезовтің ғылыми танымындағы сабақтастық.....66

ӘДІСТЕМЕ

Н.Оразахынова. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының негізі идеясы – алаш арыстарының мұралары.....72

А.Әбдібекова. Академиялық жазу дағдыларын қалыптастырудың маңызы.....79

Ш.Түменбаев. Қазақстанның цифрлық трансформациялануындағы лингвистикалық кластерді дамыту мүмкіндіктері.....83

ТЕРМИН

Ш.Құрманбайұлы. «100 оқулық» жобасы бойынша жарық көрген оқулықтардағы терминжасам, терминқолданым мәселелері.....87

ТАЛҚЫ

С.Ергали. Қазақ тілінің жазуын флектив әліпбилерден құтқару қажет.....91

ТАРАЗЫ

А.Орманова. Жарнама дискурсы және оның коммуникативтік ерекшелігі.....98

ТӨЛ СӨЗ

Б.Тоханұлы. Әп-әдемі ән еді.....109

ТҮЙІН

Сұхбат. Ахаңның қайраткерлігі, қаламгерлігі Алашқа мәңгі аманат.....117

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ә.Қаба**
Жауапты редактор **С.Әбілмәжін**
Корректор **А.Бақытбек**
Дизайнын жасап, электронды нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сығанақ көшесі, 43,
Тел.: 8 (7172) 44-19-81
Tilortalyk@mail.ru

Беттеуге берілген күні 14.11.2022 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 22.11.2022 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 8.6